

**ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ОҚУЛЫҚ
ИНТЕГРИРОВАННЫЙ УЧЕБНИК**



**Серия редакторы
профессор Р.С. Досмағамбетова**

ЭНДОКРИНДІК ЖҮЙЕСІ

МОДУЛІ

**Жауапты редакторлары
профессор С.Б. Жәутікова,
доцент С.Д. Нұрсұлтанова**

МОДУЛЬ

ЭНДОКРИННАЯ СИСТЕМА



**ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ОҚУЛЫҚ
ИНТЕГРИРОВАННЫЙ УЧЕБНИК**



**Серия редакторы
профессор Р.С. Досмағамбетова**

ЭНДОКРИНДІК ЖҮЙЕСІ

МОДУЛІ

**Жауапты редакторлары
профессор С.Б. Жәутікова,
доцент С.Д. Нұрсұлтанова**

МОДУЛЬ

ЭНДОКРИННАЯ СИСТЕМА



УДК 616.43(075.8)

ББК 54.15я73

Э 64

Серия редакторы КММУ ректоры, профессор Р.С. Досмагамбетова

Жауапты редакторлары: профессор С.Б. Жәутікова, доцент С.Д. Нұрсұлтанова

Авторлық ұжым:

С.К. Жауғашева, С.Б. Жәутікова, М.Т. Алиякпаров, М.М. Түсіпбекова, Ф.А. Миндубаева, Н.Н. Наурызов, С.Д. Нурсултанова, Ш.С. Койгельдинова, С.К. Джумабаева, Р.Ж. Есимова, А.Х. Шандаулов, Т.В. Ким, Е.С. Питель, К.К. Қайырбекова, Е.К. Камышанский, С.М. Аринова, Л.М. Стабаева, Л.С. Мадиева

Пікір берушілер:

Сейсембеков Т.З. — м.ғ.д., АҚ «Астана медициналық университеті» № 2 ішкі аурулар кафедрасының профессоры;

Васильева Н.В. — м.ғ.к., КММУ № 2 ішкі аурулар кафедрасының доценті

Редактор серии ректор КГМУ профессор Р.С. Досмагамбетова

Ответственные редакторы: профессор С.Б. Жаутикова, доцент С.Д. Нурсултанова

Коллектив авторов:

С.К. Жауғашева, С.Б. Жаутикова, М.Т. Алиякпаров, М.М. Тусупбекова, Ф.А. Миндубаева, Н.Н. Наурызов, С.Д. Нурсултанова, Ш.С. Койгельдинова, С.К. Джумабаева, Р.Ж. Есимова, А.Х. Шандаулов, Т.В. Ким, Е.С. Питель, К.К. Қайырбекова, Е.К. Камышанский, С.М. Аринова, Л.М. Стабаева, Л.С. Мадиева

Рецензенты:

Сейсембеков Т.З. — профессор кафедры внутренних болезней № 2 АО «Медицинский университет Астана», д.м.н.;

Васильева Н.В. — доцент кафедры «Внутренние болезни № 2» КГМУ, к.м.н.

Э 64 **«Эндокриндік жүйе» модулі : модуль «Эндокринная система» :** Интеграцияланған оқулық : қазақ және орыс тілдерінде / С. К. Жауғашева, С. Б. Жәутікова, М. Т. Алиякпаров және т.б. — М. : Литтерра, 2014. — 328 б. : ил.

ISBN 978-5-4235-0131-0

«Эндокриндік жүйе» модулінің оқулығы интеграцияланған жүйе бойынша білім алатын студенттерге арналған. Берілген оқулықта эндокриндік жүйе бойынша МЖББС-2006 және Типтік оқу бағдарламасына сәйкес сегіз пәннің барлық материалы көрсетілген: адам анатомиясы, гистология, қалыпты физиология, ішкі аурулар пропедевтикасы, патологиялық физиология, патологиялық анатомия, визуалды диагностика және фармакология.

Учебник по модулю «Эндокринная система» предназначен для студентов, обучающихся по интегрированной системе. Материал представлен в соответствии с ГОСО-2006 и Типовой учебной программой по эндокринной системе восьми дисциплин: анатомии человека, гистологии, нормальной физиологии, пропедевтики внутренних болезней, патологической физиологии, патологической анатомии, визуальной диагностики и фармакологии.

Бұл басылымға ЖШҚ «Литтерра» Баспасы» құқықты. ЖШҚ «Литтерра» Баспасының» жазбаша рұқсатынсыз басылымды толық немесе оның жеке бөлімдерін қандай түрде болмасын басып шығаруға және таратуға болмайды.

Права на данное издание принадлежат ООО «Издательство «Литтерра». Воспроизведение и распространение в каком бы то ни было виде части или целого издания не могут быть осуществлены без письменного разрешения ООО «Издательство «Литтерра».

© Коллектив авторов, 2014

© ООО «Издательство «Литтерра», 2014

ISBN 978-5-4235-0131-0

© ООО «Издательство «Литтерра», оформление, 2014

Мазмұны

Қысқартылған сөздердің тізімі	5
Алғы сөз	7
«ЭНДОКРИНДІК ЖҮЙЕ» МОДУЛІ	
Эндокриндік бездердің жіктелуі	11
Гипоталамо-гипофизарлық жүйе	13
Гипофиз	14
Эпифиз	19
Эндокриндік бездер қызметінің бұзылысы	21
Эндокриндік патологиясы бар ауруларды зерттеу әдістері	28
Науқасқа сұрақтар қою	28
Эндокринді жүйе ауруларымен ауыратын науқастарды қарау	31
Гипофизді зерттеудің негізгі әдістері	37
Қалқанша безі	41
Қалқанша безінің анатомиясы және топографиясы	41
Қалқанша безді зерттеу әдістері	46
Қалқанша без ауруларының зертханалық-аспаптық диагностикасы	49
Гипертиреоз синдромы	56
Гипотиреоз синдромы	68
Қалқанша маңы бездері	83
Қалқанша маңы бездерінің анатомиясы мен топографиясы	83
Қалқанша маңы бездерінің патологиясы	85
Ұйқы безі	87
Ұйқы безінің анатомиясы және топографиясы	87
Гипергликемия синдромы	91
Гипогликемия синдромы	111
Бүйрек үсті безі	113
Бүйрек үсті безінің анатомиясы мен топографиясы	113
Гиперкортицизм синдромы	116
Гипокортицизм синдромы	120
Жыныс бездері	134
Атабезі	134
Анабезі	136
Жыныс бездерінің физиологиясы	136
Жыныс бездері және олардың патологиясы	140
Жыныс бездерінің патологиясын емдеу қағидалары	141
Әдебиеттер тізімі	286
Терминдер сөздігі	289

Содержание

Список сокращений	8
Предисловие	10
МОДУЛЬ «ЭНДОКРИННАЯ СИСТЕМА»	
Классификация эндокринных желез	147
Гипоталамо-гипофизарная система	149
Гипофиз	150
Эпифиз	155
Нарушения функций эндокринных желез	155
Методы исследования больных эндокринной патологией	164
Расспрос пациента	164
Осмотр больных заболеваниями эндокринной системы	167
Основные методы исследования гипофиза	173
Щитовидная железа	178
Анатомия и топография щитовидной железы	178
Методы исследования щитовидной железы	182
Лабораторно-инструментальная диагностика заболеваний щитовидной железы	186
Синдром гипертиреоза	193
Синдром гипотиреоза	206
Паращитовидные железы	221
Анатомия и топография паращитовидных желез	221
Патология паращитовидных желез	223
Поджелудочная железа	225
Анатомия и топография поджелудочной железы	225
Синдром гипергликемии	229
Синдром гипогликемии	251
Надпочечники	253
Анатомия и топография надпочечников	253
Синдром гиперкортицизма	256
Синдром гипокортицизма	261
Половые железы	276
Яичко	276
Яичник	278
Физиология половых желез	278
Половые железы и их патология	282
Принципы терапии патологии половых желез	283
Литература	286
Глоссарий	289

Қысқартылған сөздердің тізімі

- АКТГ — адренокортикотроптық гормон
- АҚ — артериалды қысым
- АДГ — антидиуретикалық гормон
- ДДСҰ — Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
- ДТЖ — диффузды токсикалық жемсау
- ІҚЖ — ішек-қарын жолы
- ЖИА — жүректің ишемиялық ауруы
- КТ — компьютерлік томография
- МРТ — магниттік-резонанстық томография
- БТДТ — борпылдақ талшықты дәнекер тін
- ҚД — қант диабеті
- ШСЖ — шумақтық сүзілудің жылдамдығы
- СТГ — соматотропты гормон
- ТТГ — тиреотроптық гормон
- T₃ — трийодтиронин
- T₄ — тетраiodтиронин (тироксин)
- УДЗ — ультрадыбыстық зерттеу
- ФБГ — фолликул белсендіруші гормон
- ЭКГ — электрокардиография

Список сокращений

АКТГ	—	адренокортикотропный гормон
АД	—	артериальное давление
АДГ	—	антидиуретический гормон
ВОЗ	—	Всемирная организация здравоохранения
ДТЗ	—	диффузный токсический зоб
ЖКТ	—	желудочно-кишечный тракт
ИБС	—	ишемическая болезнь сердца
КТ	—	компьютерная томография
МРТ	—	магнитно-резонансная томография
РВНСТ	—	рыхлая волокнистая соединительная ткань
СД	—	сахарный диабет
СКФ	—	скорость клубочковой фильтрации
СТГ	—	соматотропный гормон
ТТГ	—	тиреотропный гормон
T ₃	—	трийодтиронин
T ₄	—	тетрайодтиронин (тироксин)
УЗИ	—	ультразвуковое исследование
ФСГ	—	фолликулостимулирующий гормон
ЭКГ	—	электрокардиография

Алғы сөз

Осы оқулықты Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің қызметкерлері ЖОО талаптарына сай — студенттердің қызығушылығы мен ынта-ықыласын, мотивациясын жоғарылатуға бағыттап жазды. Авторлар ұжымы оқу үдерісін дамыта отырып, оқулықты базалық және клиникалық пәндер элементтеріне сай етіп құрастырған.

Бұл ерекше тәжірибелік кітапта қазіргі таңдағы анатомия, гистология, қалыпты физиология, патологиялық анатомия, патологиялық физиология, визуальды диагностика, ішкі аурулар пропедевтикасы, жалпы фармакология саласындағы жетістіктер туралы толық мәлімет берілген. Әр бөлімді өз ісіне шебер мамандар — зерттеу және оқыту саласында үлкен тәжірибесі бар ұстаз-ғалымдар жазған. Бұл шығарылымда авторлар берілген сұрақтардың мәнін анықтауға, норма мен патология мәселелерін оқытудың келісімділігі мен үздіксіз болуына назар аударған. Авторлар сабақтас, шектес пәндердің арақатынасын ескере отырып, үшінші курс студенттері үшін тиімді норма, патология және клиника білімдеріне сүйенген. Бұл оқу құралының тиімді жақтары сызба, сурет, кесте түріндегі иллюстрациялар болып табылады, олар қарастырылып жатқан мәселенің маңызды аспектілеріне назар аударуға ықпалы зор.

Жұмыс өте нақты және тиімді түрде жазылған. Оқулық медициналық факультеттердің студенттері үшін таптырмас құрал және нақты клиникалық есептерді шешу кезінде білімдерін тиімді қолдануға көмектеседі, сонымен қоса 8 негізгі пән бойынша базалық білім алуға пайдасын тигізері анық.

Предисловие

Учебник написан сотрудниками Карагандинского государственного медицинского университета с целью повышения познавательной мотивации у студентов. Совершенствуя учебный процесс, коллектив авторов подготовил учебник, гармонично сочетающий элементы базисных и клинических дисциплин.

Это уникальная практическая книга, содержащая полную информацию о современных достижениях в области анатомии, гистологии, нормальной физиологии, патологической анатомии, патологической физиологии, визуальной диагностике, пропедевтике внутренних болезней, общей фармакологии. Каждый из разделов написан специалистами, имеющими большой опыт исследовательской и преподавательской работы. В данной публикации авторы сконцентрировались на изложении сущности излагаемых проблем, учитывая при этом преемственность и непрерывность в обучении вопросов нормы и патологии. Сохраняя взаимопроникновение в смежные области, авторы опирались на знание основ нормы, патологии и клинической картины, которые доступны студентам III курса. Положительной стороной данного учебного пособия являются иллюстрации в виде схем, рисунков, таблиц, позволяющих акцентировать внимание на важных аспектах изучаемой проблемы.

Работа написана в очень четкой и лаконичной форме. Учебник рекомендуется для студентов медицинских факультетов и позволяет эффективно использовать знания при решении конкретных клинических задач, но также может быть полезен всем желающим получить базовые знания по всем 8 основным дисциплинам.

«ЭНДОКРИНДІК ЖҮЙЕ» МОДУЛІ

ЭНДОКРИНДІК БЕЗДЕРДІҢ ЖІКТЕЛУІ

Эндокриндік жүйе — бұл гормон өндіретін ішкі секреция бездерінің (грек тілінен *hormao* — қоздырамын, тітіркендіремін) және биологиялық белсенді заттардың жиынтығы. Эндокриндік бездерде (*glandulae endokrinae*) шығару түтікшелері болмайды, олар өндірілген заттарды ағзаның ішкі ортасына бөледі (қан, лимфа, тіндік сұйықтық) (1-сурет).


Эндокриндік бездердің жіктелуі.

◇ Иерархиялық принцип бойынша:

- орталық (гипоталамус, эпифиз және гипофиз) — басқа бездердің қызметін бақылау;
- шеткері — организмнің қызметтерін бақылау. Олар 2 топқа бөлінеді:
 - аденогипофиз-тәуелсіз — қалқанша безінің кальцитониноциттері, қалқанша маңы безі, бүйрек үсті безінің милық заты, ұйқы безінің аралшықтары, тимус, диффузды эндокринді жүйенің жасушалары;
 - аденогипофиз-тәуелді — қалқанша безі, бүйрек үсті безінің қыртыстық заты, гонадалар.

◇ Даму негізі бойынша:

- энтодермадан:
 - бронхиогенді топ — жұтқыншақ қалтасының эпителиінен: қалқанша, қалқанша маңы бездері, тимус;
 - Лангерганс аралшығы;
 - ішек-қарын жолының (ІҚЖ) және ауа өткізу жолдарының диффуздық эндокриндік жүйе жасушалары;
- нейро- және эктодермадан:
 - ми қосалқылары — гипоталамус, гипофиз, эпифиз;
 - бүйрек үсті безінің милық заты, параганглийлер;
 - ұйқы безінің кальцитониноциттері;



1-сурет. Адам денесінде эндокриндік бездердің орналасуы: 1 – гипофиз және эпифиз; 2 – қалқанша маңы безі; 3 – қалқанша безі; 4 – бүйрек үсті безі; 5 – ұйқы безінің аралшығы; 6 – аналық без; 7 – аталық без

- эпидермистің және шаш фолликулдары эпителиінің Меркель жасушалары;
- мезодерма және мезенхимдан:
 - бүйрек үсті безінің қабықтық заты;
 - жыныс бездері;
 - секреторлық кардиомиоциттер;
 - юкстагломерулярлық аппарат (ЮГА).
- ❖ Құрылымдық құралу деңгейіне байланысты:
 - эндокринді мүшелер (қалқанша және қалқанша маңы бездері, бүйрек үсті бездері, гипофиз, эпифиз);
 - мүшелердегі эндокриндік бөліктер (гипоталамус, Лангерганс аралшықтары, тимустың ретикулоэпителиоциттері және Гассаль денешіктері, Сертоли жасушалары және аналық жыныс безінің фолликулярлық эпителиі);
 - диффуздық эндокриндік жүйе жасушалары.

Гипоталамо-гипофизарлық жүйе

Гипоталамо-гипофизарлық жүйе — бұл организмнің негізгі вегетативтік қызметтерін реттеуге қатысатын гипоталамус пен гипофиздің құрылымдарының морфофункционалдық бірлестігі. Гипофизарлық гормондардың түзілуі тікелей белсендіруші немесе тежеуші әсер көрсететін гипоталамуспен өндірілетін әр түрлі рилизинг-гормондар арқылы жүреді.

Гипоталамус — эндокриндік жүйенің ең жоғарғы орталығы. Ол вегетативтік жүйке жүйесінің милық орталығы бола отырып, эндокриндік реттеу механизмдерін жүйкелікпен бірліктіреді және бақылайды. Гипоталамуста ерекше заттар — нейрогормондарды өндіретін нейрондар орналасқан, олар басқа эндокриндік бездерде гормондардың өндірілуін реттейді.

Эндокриндік және жүйке жүйелерінің өзара байланысы. Жүйке мен эндокриндік жүйелердің интеграциясы гипоталамус деңгейінде іске асады. Гипоталамустың алдыңғы және ортаңғы ядроларында жүйке мен эндокриндік жасушаларының қызметтерін қоса алып жүретін секреторлық нейрондар орналасқан.

Гипоталамус: алдыңғы, ортаңғы және артқы бөліктері

Алдыңғы — супраоптикалық (пептидхолинергиялық нейрондар — антидиуретикалық гормон АДГ немесе вазопрессин) және паравентрикулярлық ядролар (окситоцин). Супраоптикалық

нейроциттердің аксондары гипофизарлы аяқша арқылы нейрогипофизге барады және аксовазальды синапстар құрайды (Герингтің жинақтаушы денешіктері).

Ортаңғы гипоталамуста ≈ 30 ядро (аденогипофизотропты рилизинг-гормондар): либериндер — аденогипофиздегі және тежеуші әсер көрсететін статиндердегі гормондар өндірілуін жоғарылатады. Гормондар медиалдық эминенцияның біріншілік капиллярлық жүйе тамырларына түсіп, ары қарай аденогипофизге барады (2-сурет).


Гипофиз

Гипофиз немесе мидың төменгі қосалқысы — эндокриндік жүйенің орталық бөліміне жатады және гипоталамуспен байланысқан болып келеді.


Гипофиз сына тәрізді сүйектің түрік ершігі аттас ойысында орналасқан; жоғарғы жағынан бас миының басқа бөліктерінен ершіктің көкетімен бөлінген, алдыңғы қатты ми қабықшасының жапырақшасы алдыңғы өсінділер арасымен керілген және сына тәрізді сүйектің артқы өсіндісімен керілген; ершіктің көкетінің ортасындағы ершікте тесік болады, ол арқылы гипофизді сұр төмпешікпен біріктіреді және ол тесіктен воронка өтеді. Гипофиз — домалақ немесе сопақша пішінді құрылым, түсі қызғылт-сұр; гипофиздің орташа өлшемдері: көлденеңі — 12–15 мм, алды-арты шамамен 10 мм; бездің салмағы 0,5–0,6 г құрайды; гипофиз гипоталамуспен бірге гипоталамо-гипофизарлық нейросекреторлық жүйені құрайды; гипофиз дамуы мен құрылымы бойынша екі түрлі мүшеден тұрады, олар тығыз қатынаста болады: аденогипофиз және нейрогипофиз; балаларда ол бір-бірінен саңылау арқылы айырылады, ал ересектерде — фолликулярлық қабатты айырады; аденогипофиз ол үлкен алдыңғы бөлігі, әлсіз дамыған ортаңғы бөлігі және нейрогипофиз, себебі онда секреторлық жасушалар жоқ (3-сурет).

Аденогипофиз бөліктері:

- дисталды бөлік, алдыңғы бөліктің негізгі салмағын құрайды (бездің 70–80% бүкіл салмағынан);
- төмпешікті бөлік, алдыңғы бөліктің жоғарғы аймағын құрайды, воранканын алдыңғы және бүйірлік беткейіне тарайды, ол гипоталамустық аймақтың сұр төмпешігімен байланысқан;
- аралық бөлік артқы бөліктің шекарасында орналасқан. гипофиздің жалпы бөлігінен 2% құрайды.



2-сурет. Ішкі секрецияның шеткері бездермен және аденогипофизбен, гипоталамус арасындағы реттеуші өзара әрекеті: ынталандырушы әсер; ингибирулетін (бәсеңдетуші) әсер; «нысана» жасушаларға эффекторлы гормондардың әсері



3-сурет. Гипофиздің гипоталамуспен ара қатынасының кестесі. Көрсеткішпен гипофизден басқа ішкі секреция бездеріне және кейбір мүшелерге баратын бағыты көрсетілген: 1 – гипофизтің алдыңғы бөлігі; 2 – гипофиздің қақпалық венасы; 3 – гипоталамустің жасушасы; 4 – сұр төмпешік (капиллярлық тор); 5 – гипоталамустің құйғышы; 6 – гипофиздің артқы бөлігінің құйғышы; 7 – гипофиздің артқы бөлігі

Нейрогипофиз (гипофиздің артқы бөлігі) воронкамен және гипоталамустық аймақтың сұр төмпешігімен байланысқан (гипоталамустың): гипофиздің артқы бөлігі эндокриндік жүйенің ерекше бөлігі болып табылады, себебі онда гормон өндіруші жасушалар жоқ (4-сурет).

Гипофиздің қызметтері:

- аденогипофизге тәуелді эндокриндік бездердің реттелуі;
- вазопрессин және окситоциндердің жинақталуы;
- пигментті және май алмасуын реттеу;
- организмнің өсуін реттейтін гормонды өндіру.


Алдыңғы бөлік эпителий созындыларынан құралған — трабекулалардан тұрады, олардың араларында фенестрленген капиллярлар орналасқан. Хромофобты (басты) аденоциттер басымырақ болады. Хромофилді аденоциттер трабекулалардың шетінде орналасып, оксифилді және базофилді болып бөлінеді (5-сурет).

Оксифилді аденоциттер:


- соматотропоциттер — жасушалардың бөлінуі мен өсуін жоғарылатады;
- лактотропоциттер — жүктілік кезінде сүт безінің және босанудан кейін сүт секрециясының өсуін жоғарылатады, сары дененің түзелуіне себептеседі.

Базофилді аденоциттер (ШИК+):

- *тиротропоциттер* (ТТГ тиреотроптық гормон) — ұсақ түйіршікті үшбұрыш пішіндес — ↑ қалқанша безбен гормондар шығарылады;



4-сурет. Гипофиздің жалпы құрылымы. Бояуы гематоксилин және эозин: 1 — алдыңғы бөлігі; 2 — аралық бөлігі; 3 — артқы бөлігі



5-сурет. Аденогипофиздің жасушалары: 1 – хромофобты аденоциттер; 2 – ацидофилді жасушалар; 3 – базофилді жасушалар; 4 – гемокapилляр

- *гонадотропоциттер* — домалақ пішінді, ядросы әдеттен тыс жатады. Ядроның макула аймағында базофилдік түйіршіктер жоқ:
 - *фоллитропоциттер* (фоллитропин — ФСГ) — овогенезді және эстроген синтезін, сперматогенезді белсендіреді;
 - *лютеотропоциты* (лютропин — ЛГ) — сары денешіктің дамуын және Лейдиг жасушаларының гормон өндіруін жоғарылатады.

Адренокортикотропоциттер (АКТГ) аденогипофиздің ортасында жатады. базофилдер мен оксифилдердің арасында аралық орын алады — бүйрек үсті безінің қыртысының шоғырлы және торлы аймақтарының өнім өндіруін арттырады (ашығуға, жаракаттарға, күйзелістерге бейімделуге қатысу).

Хромофобты аденоциттер — трабекулалардың орталық аймақтарын қоныстанады:

- аденоциттер үшін камбийлер, жетілмеген, аздифференцияланған жасушалар;
- түзінді бөліп болған, сондықтан боялмайтын жасушалар;
- гипофиздің аралық (ортаңғы) бөлікшесі адамда нашар жетілген;

- меланоциттерді белсендіруші гормон — көздің торлы қабықшасын қараңғыға бейімдеуге көмектеседі, бүйрек үсті бездің қыртысын белсендіреді;
- липотропин — май алмасуын белсендіреді (гипофизарлық семіру);
- нейрогипофиз.

Вазопрессин және окситоциннің гормондары өндірілмейді, тек жинақталады — аксондар арқылы келеді де, Геринг денешіктерінде қоймаланады. Эпендималық жасушалар — *питуициттерден* және паравентрикулярлық және супраоптикалық ядролардың нейрондарының аксондарынан құралады.

Эпифиз

Паренхиматозды мүше, капсуласы борпылдақ талшықты дәнекер тіннен (БТДТ) тұрады. Одан ішке кірген тосқауылдар эпифизді бөліктерге бөледі. Бөліктерде бір-бірімен анастомоздар құрайтын жасушалар созындылары, пинеалоциттерден (90%, ашық және күңгірт) және глиоциттерден құралған аралшықтар мен фолликулалар ажыратылады. Ашық түсті жасушалар (басты пинеалоциттер) — көлемдері ірілеу болып, саны жағынан басымырақ анықталады (6-сурет).

Эпифиздің қызметтері

- ✧ Физиологиялық белсенділіктің жарықпен байланысты (серотонин және мелатонин) тәуліктік ырғағын реттейді. Жарық эпифиздің қызметін төмендетеді, ал қараңғылық оны жоғарылатады (көздің торлы қабықшасы → ретиногипоталамиялық жол → жұлын → симпатикалық ганглийлер → эпифиз).
- ✧ Қатерлі ісіктердің дамуын тежейді.
- ✧ ≈40 пептидті гормондарды өндіреді:
 - Са алмасуын реттейтін гормон;
 - артериялардың тонусын және ФБГ және ЛГ секрециясын ↓ реттейтін аргинин-вазотоцин;
 - антигонадотропин (балаларда);
 - либериндер мен статиндер.

Эндокриндік бездер қызметінің бұзылысы

Патогенетикалық жолдары:

- бездердің орталық реттелу механизмдерінің бұзылыстары (6-суретті қара);
- бездердің өзінде болатын патологиялық үдерістер (1-кесте);
- гормондардың безден тыс және шеткері әсер ету механизмдерінің бұзылысы (7-сурет).

Қандағы гормондар концентрациясы қалыпты жағдайда реттеуші параметр болып табылады. Кейде реттеуші параметр қандағы гормондар концентрациясы емес, құрамындағы реттеуші заттар болып табылады (глюкоза, кальций, натрий, калий және т.б.).


1-кесте. Бездің өзінде болатын патологиялық үдерістер. Гормондар өндірілуінің бұзылысы (Нұрмұхамбетов А.Н., 2004)

<p>Бездердің деструктивті өзгерістері: ісіктер; инфекциялы және инфекциялы емес қабынулар; қан айналымның бұзылысы; некроз; атрофия (аутоиммундық зақымданулар)</p>	<p>Туа пайда болған: өндірудің тұқым қуалаушылықтық ақаулары; туа пайда болған бездердің ақаулары</p>	<p>Жүре пайда болған: токсикалық; дәрілік (метирапон → гипокортицизм; мерказолил → гипотиреоз); алиментарлық (шамадан тыс көп мөлшерде тиреоидты гормондардың синтезін тежейтін тағамдық өнімдерді қолдану: кәді, шоыр және т.б.); гормондардың өндірілуі үшін қажетті субстраттар тапшылығы (йод, мырыш)</p>	<p>Гипофиздің троптық гормонын қабылдайтын шеткері без рецепторларының аутоантителермен тежеліп қалуы</p>
--	--	--	---


Эндокриндік бездер қызметінің бұзылысы эндокринопатиялар деп аталады.

- ◆ Моногландулярлы (бір бездің зақымдануы).
- ◆ Плюригландулярлы (көп бездердің дисфункциясы):
 - гипоталамо-гипофизарлық плюригландулярлық эндокринопатия екінші реттік болып, гипофиздің тоталдық

Орталық реттелу механизмдерінің бұзылыстары




Жүйкелік импульстар



6-сурет. Реттелу механизмдерінің бұзылыстары

- жетіспеушілігі салдары ретінде дамиды, гипотиреоз, гипокортицизм, гипогонадизм түрлерінде көрінеді (2, 3-кесте);
- аутоимунды плюригландулярлық синдром кезінде аутоантитене, өзіндік немесе ұқсас антигендері бар бірнеше ішкі секреция бездерін зақымдайды (инсулинге тәуелді қант диабеті, аутоимунды тиреодит, гипопаратиреоз және гонадтық — бүйрек үсті бездік жеткілісіздік — Шмидтің аутоиммундық синдромы);
 - рецепторлы плюригландулярлы аномалия: G-нәруыз тұқымдас гормоналдык рецепторлар бөлігін байланыстырушы — гуанидиннің ақауы кезінде дамиды. Нысана жасуша рецепторлары көптеген гормондарға төзімділік көрсетеді (псевдогипопаратиреоз, гипергонадотропты гипогонадизм, біріншілік гипотиреоз);
 - тұқым қуалаушылықтық плюригландулярлы синдромдары онкогендердің экспрессиясының аномалиясымен және әр түрлі гормондар өндіретін жасушаларда өспелердің дамуымен сипатталады. Олар MEN-1, IIa, IIb (ағылш. тілінде *multiple endocrine neoplasia*) деп белгіленеді.



7-сурет. Гормонардың безден тыс және шеткері әсер ету механизмдерінің бұзылыстары

2-кесте. Аденогипофиз қызметінің бұзылыстарының басты көрінісі және этиологиясы (Фролова В.А., 2003)

Патология түрлері	Этиология	Клиникалық көріністері
Тоталды гипопитуитаризм		
Гипофизарлы кахексия, Симмондс ауруы	Аденогипофиздің белсенсіз гормоналдық аденомалары, босанғаннан кейінгі некроздар, аденогипофиз тамырларының тромбозы, қан құйылулар, инфекциялар, интоксикация, ұзақ ашығулар, гипоталамустың зақымдануы	Күрт жүдеу, ерте қартаю, ауыр алмасу-трофикалық бұзылыстар, шеткері гипофизге тәуелді эндокриндік бездер қызметінің бұзылысы, диспепсиялық бұзылыстар, артериалды гипотензия
Шихен (синдромы) ауруы	Босану кезінде айқын қан жоғалтулар, аденогипофиз тамырларында спазмның туындауы және олардың некрозы	Симмондс ауруы кезінде сияқты, бірақ аздап айқындалған
Парциалды гипопитуитаризм		
Гипофизарлық ерегежейлік (гипофизарлық нанизм)	Анада жүктілік кезінде патологиялық үдерістердің дамуынан, жатыр ішілік даму сатысында соматотропин және гонадотропиндердің түзілуінің жеткіліксіздігі туындайды	Бойдың өспей қалуы, физикалық дамудың ерте тоқтауы, бетті әжімнің басуы, «қарт әлпетті жасөспірім» сырт бітімі, жыныс жүйесінің дамымауы (жыныс бездерінің, екіншілік жыныстық белгілердің, бедеуліктің болуы)
Гипофизарлы гипогонадизм	Гипоталамус және гипофиз деңгейінде болатын әр түрлі патогендік әсерлер	Ерлерде – евнухоидизм, әйелдерде – гипофизарлы инфантилизм
Нейроэндокриндік семіру	Липотропин биосинтезінің төмендеуінен туындайтын, гипофиздік және гипоталамустық орталықтың зақымдануы	Іш бөлімінде, арқада және қол-аяқтың проксималды бөлімдерінде майдың артық жиналуы, иықта және балтырда салыстырмалы түрде майлардың жетіспеушілігі
Адипозогениталдық дистрофия (Фрелих ауруы)	Гипоталамустың және гипофиздің туа пайда болған патологиясы немесе аралық мидың постэмбрионалды кезеңде инфекциялық (сифилис, токсоплазмоз, вирустар) және өспелік үдеріс кезінде зақымдануы	Диффуздық семіру және гипогонадизм

2-кестенің жалғасы

Патология түрлері	Этиология	Клиникалық көріністері
Гиперпитуитаризм		
Гипофизарлы гигантизм	Соматотропиннің артық өндірілуінен туындайтын және ағзаның ерте даму сатысында туындайтын гипофиздің алдыңғы бөлімінің эозинофилді жасушаларының гиперплазиясы немесе эозинофилді аденомасы	Түтік тәріздес сүйектерді ұзарту есебінен бойдың өсуі, ішкі мүшелер мен жұмсақ тіндердің көлемінің ұлғаюы, гипергликемия (қант диабеті болуы мүмкін), гипогениализм, бедеулік, интеллекттің төмен болуы, инфантильдік, ұйқының бұзылуы, депрессивті синдром, қалқанша және бүйрек үсті бездердің гиподисфункциясы, ағзаның иммундық қорғаныштық қызметінің төмендеуі
Акромегалия	Сырқат ересектерде пайда болған жағдайда гипофизарлы гигантизм кезіндегідей болады	Сүйектердің периостальды өсуінің күшеюі, олардың қалыңдауы және деформациясы, ішкі мүшелер мен жұмсақ тіндердің массасының өсуі, бет әлпетінің іріленуі, қол аяқтың дисталды бөлімдерінің үлкеюі (буынның, табанның), бас сүйегінің қалыңдауы, қабақ үсті, бет сүйек доғасының, төменгі жақ сүйектерінің үлкеюі, мұрынның, ерін, құлақ, тілдің ұлғаюы; гипергликемия (қант диабеті болуы мүмкін), басқа эндокриндік бездер қызметінің бұзылыстары болуы; терінің трофикалық бұзылысының пайда болуы; бас ауруы, бұлшықеттерде әлсіздік, ұйқышылдық, буындардың ауыруы, көру қабілетінің төмендеуі, жыныстық сферадағы бұзылыстар

2-кестенің соңы

Патология түрлері	Этиология	Клиникалық көріністері
Иценко–Кушинг ауруы	Гипофиздің базофилді аденомасы, кортикотропиннің гиперпродукциясын туындатады	Артериалды гипертензия, көбіне бетті, мойынды және дененің жоғары бөлімдерін май басуы (ай тәріздес бет және сырт көрінісі өрмекші тәріздес), инфекцияларға төзімділігі нашарлаған, қант диабетінің симптомдары көрінеді, терісінде жолақ сызықтар пайда болады (стрий), қанында жиірек лимфопения, эозинопения, эритроцитоз байқалады
Ерте жыныстық жетілу	Аралық мидың өспесі, инфекциялық энцефалиттер, дегенеративті энцефалопатиялар	Ұл балаларда сперматогенез байқалады, қыз балаларда – фолликулдар жетіледі, овуляция және етеккір пайда болады; екіншілік жыныстық белгілердің ерте пайда болуы бақыланады
Персистеуші лактация синдромы	Пролактинома (гипофиз аденомасы, пролактиннің артық өндірілуін туындатады)	Әйелдерде – сүт бездерінен сүттің тоқтаусыз бөлінуі

3-кесте. Артқы гипофиз (нейрогипофиз) бөлімі қызметінің бұзылыстарының басты көріністері және этиологиясы (Фролова В.А., 2004)

Патология түрлері	Этиология	Клиникалық көріністері
Антидиуретикалық гормонның гипосекрециясы	Бұл инфекциялар кезінде гипоталамус зақымдалады (тұмау, қызылша, малярия және т.б.); бас сүйегінің, мидың жарақаты, тамырлық бұзылыстар, гипоталамуста өспенің болуы	Қантсыз диабет. Полиурия, тәулігіне 50 л дейін жетеді, айқын шөлдеу (полидипсия), үлкен көлемде сұйықтық қабылдау, жиі зәр шығару
Антидиуретикалық гормонның гиперсекрециясы (Пархон синдромы)	Мидың зақымдануы (оның ішінде, нейрохирургиялық операциядан кейін), бас сүйек ішілік қысымның жоғарылауы, инфекциялық аурулар, АДГ эктопиялық өнімдер, өкпе өспелері	Олигурия, гипергидратация, гипонатриемия

MEN-I синдромы (2-ші хромосомадағы антионкогендер ақауы) немесе көпшіліктік эндокриндік аденоматоз, қалқанша маңы безінің, ұйқы безі жасушаларының аденомасымен сипатталады (гастринома, инсулинома, глюкагонома немесе випома), соматотропинома, пролактинома, сирек кортикотропинома.

MEN-синдромының басқа түрлерінде генетикалық ақауды 10-шы хромосомадағы RET протоонкогендерімен байланыстырады, оның онкопротеині өсу факторының рецепторы болып саналады. Бұл кезде қалқанша маңы безінде C карциномасы дамиды және бүйрек үсті безінің милы қабатында катерлі немесе катерсіз ісіктер (феохромомитома) дамиды.

MEN-IIa кезінде жоғарыда келтірілген ісіктерге гиперпаратиреоз қосылады, ал MEN-IIb кезінде гиперпаратиреоз тән емес, бірақ тері және шырышты қабаттарының невромалары, ганглионевромалар дамиды.

Эндокриндік бездердің қызметінің бұзылыстары (4, 5-кесте).

4-кесте. Эндокриндік бездердің гипофункциясы (Нұрмұхамбетов А.Н., 2004)

Гормонды өндірудің ауырлауы	Гормондардың безден тыс жетіспеушілігі	Гормондарға перифериялық тұрақтылық	
<p>Бездердің деструкциясы (гормон өндірмейтін ісіктер, атрофия, инфекция, қабыну, қан құйылу, ишемия, тромбоз және т.б.). Өндірудің генетикалық ақаулары. Йод өндірілуіне қажетті субстраттар тапшылығы. Реттеуші троптық гормондардың рецепторларын аутоантиденелермен тежеу</p>	<p>Прогормондардың гормонға ауысуының бұзылысы. Антигормоналды аутоантидененің түзілуі. Плазма нәруыздарымен тығыз байланысуы</p>	<p>Рецепторлы механизмдер: жасуша ішілік рецепторлардың тапшылығы; мембрана рецепторларының генетикалық ақауы; аутоантиденелермен рецепторлардың тежелуі; эпигенетикалық әсерлерден (семіру) гендер экспрессияның рецепторларының тежелуі</p>	<p>Рецептордан кейінгі механизмдер: гуанилнуклеотидті рецепторлық байланыстырушы нәруыздың тұқым қуалайтын ақауына байланысты рецептордың аденилатциклазалармен байланысуының бұзылуы; гормонға тіндердің нәруыздық делдалдық қабілетінің болмауы (соматомединдер, кортизолға делдал); нысана жасушасының атрофиясы немесе зақымдануы (бауыр циррозы, нефросклероз)</p>

5-кесте. Эндокриндік бездердің гиперфункциясы (Нұрмұхамбетов А.Н., 2004)

Гормонның және/немесе белсенді аралық өнімдерінің артық өндірілуі	Безден тыс гормондар белсенділігінің жоғарылауы	Рецепторлық механизмнің бұзылуы
<p>Кері байланыс түрі бойынша өзін-өзі реттеу механизмнің бұзылысы (глюкозаға β-жасушаларының сезімталдығының төмендеуі, гипоталамустың АКТГ және глюкокортикоидтарға).</p> <p>Гормондар өндіруші жасушалардың шамадан тыс күшеюі (Базедов ауруы, Грейвс ауруы кезінде тропты гормондар рецепторына антидене-агонистерінің болуы, гиповолемия және жүрек жеткіліксіздігі кезінде гиперальдостеронизмнің болуы).</p> <p>Гормондардың реттеусіз дамитын гиперпродукциясы (аденомалар).</p> <p>Гормондардың өзара алмасуындағы метаболизмдік бөгет аралық белсенді өнімдердің жиналуына әкеледі (адреногениталдық синдром)</p>	<p>Эктопиялық өндіру (бронхогенді обыр – гипофиздің гормондары, сүт безінің ісігі – тиреоидты гормондар).</p> <p>Шеткері тіндерде прогормондардың гормонға айналуының артуы (семіру → гиперэстрогенизм, бауыр патологиясы → андростендионның эстрогенге айналуы).</p> <p>Гормондардың ятрогендік артуы (гормонотерапия, мия тамырының препараттары).</p> <p>Плазма нәруыздарымен байланысуының және гормондар инактивациясының төмендеуі (ашығу, бауырлық жеткіліксіздік, нефротикалық синдром)</p>	<p>Нысана-тіннің гормондық рецепторларына аутоантиденелердің болуы</p>

ЭНДОКРИНДІК ПАТОЛОГИЯСЫ БАР АУРУЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Науқасқа сұрақтар қою

Шағымдары

Эндокриндік аурулары бар науқастардың негізгі шағымдары:

- әлсіздік;
- жыныстық қызметтің бұзылыстары;
- ашушаңдық, ұйқысыздық;
- әлсіздік, тоңғыштық, ақыл-естің нашарлауы;
- дене салмағының өзгеруі;
- науқастың сыртқы келбетінің өзгеруі;
- тәбеттің бұзылуы;
- жүрек қағу, жүректің ауруы, бастың ауруы;
- шөлдеу, полиурия;
- тырнақтың, шаштың, терінің өзгеруі;
- іш өту немесе іш кату;
- терінің қышуы.

Әр түрлі мүшелермен және жүйелермен бірге эндокринді бездің зақымдануына тән шағымдарды негізгі синдромдарға біріктіруге болады.

- ♦ **Невротикалық синдром:** ұйқының бұзылуы, бакылаусыз, өршитін ашушаңдық, тұрақты үрей сезімі, мазасыздық, себепсіз қорқыныш сезімі, сондай-ақ көтеріңкі психикалық қозғыштық (жайылмалы уытты жемсауда) және керісінше — селкостық, әлсіздік, ұйқышылдық, терінің құрғауы (гипотиреоз).
- ♦ **Кардиалды синдром:** жүректің қағуы, шалыс соғу, жүрек аймағының шаншып ауруы (тиреотоксикоз); бастың ауруы.

бас айналу, жүректің ауруы (Иценко–Кушинг синдромында және ауруында артериалды гипертензия); еңтігу, жүректің қағуы, жүрек демікпесінің көріністері (феохромоцитома).

- ❖ **Диспепсиялық синдром:** тәбеттің жоғарылауы (полифагия, булимия) немесе анорексияға дейін төмендеуі, іш өту, іш қату (қалқанша бездің ауруларында, қант диабетінде).
- ❖ **Жыныстық жүйедегі бұзылыстар:** жыныстық қызметтің төмендеуі (етеккірдің болмауы, белсіздік, либидо төмендеуі) бірінші кезекте жыныстық бездердің ауруларында кездеседі, бірақ қалқанша бездің, бүйрек үсті бездің, гипофиздің қызметі бұзылғанда да жиі байқалады.
- ❖ **Зат алмасу бұзылыстары:** полиурия, шөлдеу, ауыздың құрғауы, қант және қантсыз диабетте байқалады, көмірсу және су алмасуының бұзылысымен байланысты дамиды. Гипофиздің, бүйрек үсті безінің қызметі бұзылғанда буындарда, сүйектерде, бұлшықеттерде ауырсыну пайда болады және оларға остеопороз себепші болады (сүйек тінінің сорылуымен байланысты), ол кейде кіші жарақаттарда сүйектердің патологиялық сынұларына әкеледі. Бұл құбылыстар минералды зат алмасуының бұзылысынан болады.

Ауру анамнезін жинау

Бұндай аурулардың анамнезін жинау жалпы мақұлданған тәсіл бойынша өткізіледі.

Аурудың басталуы уақыты, бастапқы көріністердің сипаты, симптомдардың кенеттен немесе біртіндеп пайда болғаны анықталады.

Ауру анамнезін жинаудың екінші кезеңінде науқастың аурудың пайда болуын немен байланыстыратыны анықталады, мүмкін болатын әсер етуші факторлардың ішінен болған жұқпалы аурулармен, жүктілікпен, операциялармен байланыстысын алып тастау керек.

Үшінші кезеңде аурудың ағымы, жасалған ем және оның тиімділігі, жүргізілген зерттеулердің нәтижелері науқастың айтуымен айқындалады.

Қазіргі нашарлауы қашан және қандай жағдайда пайда болғаны төртінші кезеңде анықталады және қорытынды, яғни бесінші кезеңде науқастың ауруханаға қалай түскені (шұғыл немесе жоспар бойынша) айқындалады. Егер науқас ессіз жағдайда шұғыл

түскен болса, туған-туысқандарынан немесе көрген адамдардан аурудың пайда болу жағдайын сұрап-білу қажет.

Мүмкін болатын кризді жағдайлар:

- қантты диабетпен ауыратын науқастарда гипер- немесе гипогликемиялық кома;
- уытты жемсаумен ауыратын науқастарда тиреоуытты криз және тиреоуытты кома;
- гиперпаратиреоздағы гиперкальциемиялық криз;
- гипопитуитарлы криз және кома;
- Аддисон ауруының бүйрек үсті безінің кризі;
- феохромоцитоманың феохромоцитомды (адреналды) кризі.

Өмір анамнезін жинау

Өмір тарихын сұрастырғанда науқастың туған жері және қазіргі тұратын мекені анықталады. Мысалы, тұратын жерінің географиялық орналасуы эндемиялық жемсауға әкелуі мүмкін (тұрған жерінің топырағында және суында йод жетіспеуінен).

Балалық шақта және жасөспірім кезінде науқастың жеке физикалық даму ерекшеліктеріне үлкен назар аударылады. Баланың туғандағы салмағының үлкен болуына және бойының ұзын болуына (ірі ұрық) қарап, шешесінде қантты диабетке немесе науқаста туа біткен гипотиреозға күдіктенуге болады.

Қантты диабеттен және бірқатар аурулардан басқасында эндокринді патология жас кезінде жиі дамиды.

Жыныстық жетілу басталуына және екіншілік жыныстық белгілердің пайда болуына ерекше назар аударылады, эндокриндік аурулар жыныстық жетілу кезеңінде жиі пайда болады. Медициналық анамнез жинағанда науқас бұрын қандай аурулармен ауырғанын, жарақаттар және операциялар болды ма, эпидемиологиялық, аллергиялық және дәрілік анамнезді сұрау қажет.

Бас сүйек-милық жарақаттар, қалқанша бездің, гипоталамо-гипофизарлық аймақтың және бүйрек үсті бездің сәулелік емдеуі және операциялары болды ма деп сұрау керек. Жайылмалы уытты жемсаудың дамуына әкелетін факторлар: психикалық жарақаттар, жұкпалы-кабыну аурулары, бас сүйек-милық жарақаттар, мұрын-жүтқыншақтың аурулары.

Дәрілік анамнезге үлкен мән беріледі. Келесі жағдайлар орын алуы мүмкін:

- дәрілік тиреотоксикоз және гипотиреоз;
- кортикостероидтарды ұзақ енгізгенде Иценко–Кушингтың ятрогенді синдромы пайда болады;
- контрацептивтерді, нейролептиктерді, антидепрессанттарды, гормондарды қолданғанда гиперпролактинемия синдромының ятрогенді түрлері;
- цитостатиктерді қолданғанда бүйрек үсті безінің уытты зақымдануы;
- глюкокортикоидпен ұзақ емдегенде бүйрек үсті безінің жеткіліксіздігі.

Әйелдерден гинекологиялық анамнезді толық жинау керек. Эндокриндік жүйенің ауруларында әйелдерде репродуктивті қызметінің бұзылыстары дамиды (бедеулік, түсік тастау, мезгілінен ерте босану), менструалды циклдың бұзылыстары.

Тұқым қуалаушылық қантты диабет, жайылмалы уытты жемсау, семіздік, қантсыз диабет, бездердің аутоиммунды аурулары, ергежейлілік, алыптық сияқты аурулардың дамуында маңызды рөл атқарады.

Эндокринді жүйе ауруларымен ауыратын науқастарды қарау

Эндокринді жүйе ауруларымен ауыратын науқастарды қарау — физикалық зерттеудің көпшілік мақұлдаған әдістері бойынша жүргізіледі. Оларға жалпы қарау, жүйелер бойынша зерттеу және қалқанша безінің тікелей қарауы жатады.

Эндокриндік бұзылыстардың диагностикасында — қарау әдісі бағалы әдіс болып табылады.

Жалпы қарау кезінде науқастың бет-әлпетіне және мінез-құлқының ерекшеліктеріне назар аударған жөн:

- қозғалғыштық, беймазалық, қызу жестикуляция және абыржыған, үрейлі кейіп, көздері сирек жыпылықтайды, көз алмасы шығыңқы, көздері жылтыр болады;
- қимылдарының баяу болуы, ұйқышылдық, еш мимикасыз ісінген бет;
- науқастың тұйық мінезді болуы, қоршаған ортаға немқұрайлылығы;
- «ай тәрізді бет»;

- мойын пішінінің өзгеруі;
- наукас денесінің өлшемдері және бөлімдерінің қатынасы, бойы:
 - алып бойлы;
 - ергежейлі;
 - аяқ-қолдардың өлшемдерінің үлкеюі, бет-әлпетінің ірі, басының үлкен болуы;
- дененің түктену өзгерістері:
 - сирек шаш шығу;
 - балаларда шаштың тез өсуі;
 - шаш шығу типінің өзгерісі;
- тамактану сипаты және май қыртыстарының ерекшеліктері:
 - арықтауы;
 - дене салмағының өсуі;
 - жамбас белбеуінің аймағында май қыртыстарының жиналуы;
 - майдың бүкіл денеге біркелкі тарауы;
 - енесінде, бетінде май қыртыстарының көп жиналуы;
- терінің өзгерістері:
 - нәзік, ылғалды, қызарған, сипағанда ыстық болуы;
 - қатқыл тері, бозарған;
 - жіңішке, атрофиялы, бос тері, көп ұсақ әжімдермен;
 - қатқыл тері, қалыңданған, тығызданған;
 - май басқан, безеулі, стриялармен;
 - қола түсті.

Эндокриндік бездердің қызметі бұзылғанда науқастың сыртқы бейнесі өзгереді. Бет сүйектің, иектің, мұрынның өлшемдерінің ұлғаюымен, аяқ-қолдарының ұзарауымен наукас бойының биік болуы акромегалияда кездеседі.

Акромегалия — соматотропты гормонның шектен тыс өндірілуінен қанқанын, жұмсақ тіндердің және ішкі мүшелердің диспропорционалды өсуімен сипатталатын ауру. Аурудың себебі гипофиздың эозинофилды аденомасы болып табылады (8-сурет).

Аддисон ауруымен ауыратын науқастар қатты жүдейді, кейпі қайғылы болады. Аддисон ауруымен ауыратын науқастың сыртқы түрі бүйрек үсті бездің қыртысты қабатының гормондарының жеткіліксіздігінің нәтижесінде дамиды.

Аддисон ауруы (бүйрек үсті бездің қыртысты қабатының біріншілік созылмалы жеткіліксіздігі) — бүйрек үсті бездің біріншілік



8-сурет. Акромегалия кезінде сыртқы бейненің өзгерісі


зақымдану салдарынан бүйрек үсті бездің қыртысты қабатының қызметінің толық жойылуымен немесе жеткіліксіздігімен білінеді (9-сурет).

Гипотиреозда, қант диабетінің 2-түрінде, гиперкортицизм синдромында науқастың дене салмағы өседі. Гиперкортицизм синдромында науқастардың 90%-да семіздік кездеседі. Бұл науқастарда тері асты шел майы диспластикалық болып (біркелкі емес) таралады.

Иценко—Кушинг синдромында да тері асты шел майы диспластикалық таралады — иықтық белбеудің, кеуденің, іштің тұсында (Кушингоидты семіздік), омыртқаның мойын бөлігінде («климактериялық бүкір»), беттің (қызыл түсті, «ай тәрізді» дөңгелек бет, кей кезде бет түсінің аймағында көгерудің болуы («матронизм») (10-сурет). Науқастардың аяқ-қолдары жіңішке болып келеді, бөкселері ұлғаяды. Бұл синдромдағы май тінінің диспластикалық жиналуы глюкокортикоидтарға біркелкі емес сезімталдықпен түсіндіріледі.

Гипертиреозбен ауыратын науқастар өте белсенді, абыржулы болады, сұраққа дұрыс жауап береді, тез сөйлейді. Бет-әлпеті үрейлі, ашулы болады, көз санылауы кеңейген, көздері өте жылтыр, көз алмасы ұлғайған немесе экзофтальм (11-сурет).

Гипотиреозбен ауыратын науқастың беті ісінген, бозарған, еріндері, мұрны қалындаған; жоғарғы қабақтары өте ісінген, көз санылауы кішірейген. Микседемамен ауыратын науқастар енжар, бос, ұйқышыл, өте баяу, аз сөзді болады. Эндокриндік патологияда тері жамылғылары зақымданады (12-сурет).



а



б




в



г

9-сурет. Аддисон ауруы: а – бет терісінің пигментациясы; б – иектің шырышты қабатының пигментациясы; в – тері қатпарының пигментациясы; г – витилиго (қалыпты терінің аддисондық пигментациядан кейінгі айқын салдары)



10-сурет. Иценко–Кушинг синдромымен ауыратын науқастың сыртқы түрі



11-сурет. Facies Basedovica



12-сурет. Гипотиреозбен ауыратын науқастың сыртқы түрі

Мысалы, емізік дөңгелегінде, алақанда меланин көп жиналғандықтан терінің және кілегей қабығының гиперпигментациясы созылмалы бүйрек үсті бездің жеткіліксіздігінде байқалады. Иценко–Кушинг синдромымен ауыратын науқастарда санда және



13-сурет. Иценко–Кушинг синдромымен ауыратын науқастағы стриялар

іште қызыл-көк түсті кең стриялар анықталады (13-сурет).

Терісі жұқарған, тамырлы суретпен асты сызылған теп-тегіс түрі, құрғақ, тершендік ошақтармен қабыршақтанады. Жылдам семіру және тері коллагенінің ыдырауы созылу жолақтарын — стрияларды түсіндіреді. Стриялар қып-қызыл немесе көк түсті, іштің, санның ішкі сыртында, сүт бездерінің, иықтардың терісінде орналасады және олардың кендігі бірнеше сантиметрге жетеді. Терісінде акне бөртпелері анықталады, науқастардың көпшілігінде ұсақ тері астына қан құйылулар пайда болады. Алақанның артқы жағында май тіні және тері өте жұқарады, семіздіктің басқа түрлерінде бұл байқалмайды.

Кейбір ауруларда шаш шығудың өзгерісі байқалады. Мысалы, евнухоидизмде еркектердің шаштары әйелдердікіндей өсетін болса, Иценко–Кушинг синдромында әйелдердің шаштары ерлердікіндей болып таралады (14-сурет, а, б).



а

б

14-сурет. Иценко–Кушинг синдромындағы гирсутизмның белгілері: а – сақал; б – жақ сақал

Гипотиреозбен ауыратын науқастарда шаш, қас, кірпіктер жіңішке, құрғақ, жігерсіз, сынғыш болады, тырнақтары жолақталады. Қантты диабетпен ауыратын науқастар терінің саңырауқұлақпен зақымдануына және терінің іріңді зақымдануына бейім келеді. Терінің және шырышты қабаттардың гиперпигментациясы Аддисон ауруында байқалады. Гиперпигментацияның айқындылығы үдерістің ауырлығына және ұзақтығына сәйкес келеді (9-сурет). Гиперпигментация аясында пигментсіз дақтар жиі анықталады (витилиго).

Гипофизді зерттеудің негізгі әдістері


- ✧ Рентгенография.
- ✧ Компьютерлік томография (КТ).
- ✧ Магнитті-резонанстық томография (МРТ).

Рентгенография. Гипофиздің жағдайын бас сүйегінің 2 бағытта жасалған шолу рентгенограммасынан және түрік ершігін бағыттап түсірген суреттен тек қана жанама, бас сүйегі негізінің, түрік ершігі және оның көкетінің әктенуі жағдайы бойынша бағалауға болады (15-сурет).

Түрік ершігінің пішіні мен өлшемі өзгермелі, бірақ бұл көрсеткіштердің маңызды өзгерістері, сүйек тінінің деструкция белгілері аурулардың ақырғы дәрежедегі болуына күдік туғызады (16-сурет).

КТ. Гипофизды КТ-мен бағалау қиын, себебі сүйек тінінің артефактары гипофиз патологиясын визуализациялауда қиындықтар тудырады, сонымен қатар артефакт нәтижесі осы аймақтағы тығыздық көрсеткішін 30–70 бірлік НУ өзгертуі мүмкін. Егер гипофиздің көлемді түзілісі 5–7 мм-ден үлкен болса, онда оны КТ-да вена ішілік күшейткіш арқылы нақты көруге болады.


МРТ. Гипофиздің жағдайын оқуда диагностикалық маңызды мәлімет беретін әдіс — МРТ, оны 3 бағытта жүргізеді, гипофиз бен оның маңындағы барлық құрылымдарды оқуға мүмкіндік береді.




15-сурет. Бас сүйегінің оң (а) және сол (б) бүйірлік бағыттағы, алдынан тікелей (маңдай-мұрын) (в) және артынан (г) полуаксиальды рентгенограммалары

Гипофизді оқу кезінде өлшемін, пішінін, құрылымы мен түтікшенің орналасуын анықтауға болады. Өлшемдері: сагитталді бағытта 5–8 мм, аксиалді бағытта 10–12 мм, фронталді бағытта 3–8 мм (өлшемдері өзгермелі және адамның жасы мен жынысына байланысты) (17-сурет). Фронталді бағыттағы пішіні — тікбұрышты, сагитталді бағытта — эллипс тәрізді, гипофиз құрылымы біртекті,

түтікше ортаңғы сызық бойынша орналасқан, гипофиздің жоғарғы шеті томпайған немесе көлденең болуы мүмкін, төменгі шеті түрік ершігі ойығын қайталайды.




16-сурет. Түрік ершігінің бүйірлік бағыттағы бағытталған рентгенограммасы. Түрік ершігі пішінінің түрлері: а – терең, б – дөңгелек, в – сопақша, г – жазық




17-сурет. Қалыпты жағдайдағы гипофиздің МРТ: а – фронтальді бағыт; б – сагиттальді бағыт

Гипофиз аденомасы

Өлшемдері 8–10 мм-ден асатын аденомалар КТ мен МРТ-да түрік ершігін жайлаған жұқа тінді масса түрінде анықталады. Томограммадағы гипофиздің микроаденомалары гипофиз тініндегі дөңгелек түзілістер түрінде анықталады, нақты диагностикалық мәлімет алу үшін жұқа кесінді және міндетті түрде вена ішілік контрастыланған МРТ қолдану қажет (18-сурет). Гиповаскулярлы аденомалар контрастыланған гипофизде жақсы көрінеді (19-сурет).



18-сурет. МРТ. Гипофиздің микроаденомасы



19-сурет. Гадолинимен контрастыланған гипофиздің МРТ. Супраселлярлы өсінді түріндегі үлкен ісік көрінеді (нұсқағыш)

ҚАЛҚАНША БЕЗІ


Қалқанша безінің анатомиясы және топографиясы

Қалқанша безінің голотопиясы: без мойынның алдыңғы аймағында орналасқан, сирек жағдайда төстің артында болуы мүмкін (ретростерналді).

Скелетотопия: без қалтасы кенірдектің алдыңғы екі жарты сакинасында орналасады, кей жағдайда жүзік тәрізді шеміршек доғасының денгейінде; пирамидалді бөліктің ұшы қалқанша шеміршегінің ортасына жетеді; ол тіл асты сүйегіне дейін кетуі мүмкін; оң және сол жақ бөліктері қалқанша шеміршегінің жоғарғы жиегіне дейін жетеді, төменнен — 5–6-кенірдектің жарты сакинасында орналасқан; жалпы без IV–VI мойын омыртқасының денгейінде кесінделеді (20-сурет).

Синтопия: без алдында тіл асты сүйегінің астында жатқан бұлшықеттер орналасқан (*mm. sternohyoids, sternothyroids, thyrohyoidei, omohyoidei*); беткей және кенірдек астылық шандыр жапырақшалар мойынның меншікті шандыры, сондай-ақ ішкі шандыр; медиалді бөліктеріне қалқанша шеміршегі және кеніректің 5–6 жоғарғы жарты сакинасы денгейінде орналасқан; артқы бөлігі өнешке дейін жетеді, өнеш пен кенірдек арасындағы санылауды жабады, ол жерде қайтымды көмей жүйкесі орналасқан, *n. laryngeus recurrens*; сыртқы жағына мойынның тамыр-жүйке шоғыры (*a. carotis communis, v. jugularis interna, vagus*) жана-сып жатыр.

Қалқанша безінің құрылысы капсула (тығыз талшықты дәнекер тін) және одан ішке енген трабекулалар (борпылдақ талшықты дәнекер тін) безді бөліктерге бөледі. Паренхимасы фолликулалардан және интерфолликулярлық аралшықтардан тұрады (21-сурет).




20-сурет. Қалқанша без. Алдыңғы беті: 1 – қалқанша без; 2 – пирамидалы бөлігі; 3 – оң және сол жақ бөліктері; 4 – қалқанша бездің мойыншығы; 5 – кеңірдек


Фолликул — қалқанша безінің құрылымдық-қызметтік бірлігі. Ол 2 түрлі жасушалардан құралады. Негізгі жасушаларына тироциттер және парафолликулярлық С-жасушалар жатады. Жасушалар базалді мембранаға орныққан, С-жасушалардың апикалды ұштары фолликулдың қуысына жетпейді. Фолликулдың ішінде — қоймаланған тиреоидты гормондардан тұратын оксифилді коллоид анықталады (22-сурет).

Тироциттердің пішіні бездің қызметтік жағдайына тәуелді өзгеріп отырады.


Қызметінің қалыпты жағдайында жасушалардың пішіні текшелі болып келеді. Гипофункция кезінде тироциттер жайпактанып, фолликулдардың көлемі↑, коллоид тығызданады. Гиперфункция қалыптасқанда тироциттердің пішіні цилиндр тәрізді, коллоид сұйылып, көптеген резорбциялық вакуольдер пайда болады (23-сурет).




21-сурет. Қалқанша безі. Бояуы гематоксилин және эозин: 1 – фиброзды капсула; 2 – дәнекер тіннен құралған строма; 2.1 – қан тамыры; 3 – фолликулдар; 4 – фолликула аралық аралшықтар



22-сурет. Қалқанша безінің фолликулдары. Бояуы гематоксилин және эозин: 1 – тироциттерден құралған фолликулдың қабырғасы; 2 – коллоидпен толтырылған фолликулдың қуысы; 3 – қан тамыры



А



Б

23-сурет. Мүшенің гипо- және гиперфункциялық жағдайындағы көрінісі. Бояуы: гематоксилин және эозин. А – қалқанша безінің гипофункциясы: 1 – қалқанша безінің фолликулы; 2 – жазық тиреоидты жасушалар; 3 – коллоид; 4 – дәнекер тіннің қабаттары. Б – қалқанша безінің гиперфункциясы: 1 – қалқанша безінің фолликулы; 2 – биік тиреоидты жасушалар; 3 – коллоидтағы вакуолдер; 4 – митоз; 5 – қан тамыры


Гормондары:

- тетраiodтиронин (тироксин) және үшiodтиронин — негізгі зат алмасуды (нәруыздардың, майлардың, көмірсулардың катаболизмін арттырады), өсуді, тіндердің дамуы мен саралануын, жасушалардың оттегі тұтынуын жоғарылатады. Нысанасы \approx барлық жасушалар болып табылады;
- тирокальцитонин — паратириннің антагонисі (қалқанша маңы безінің гормоны), қанның құрамындағы Са деңгейін төмендетеді (Са сүйектерде тұнып, минералдану деңгейі көтеріледі).

Бездің секреторлық циклі:

- фазасы T_3 және T_4 органикалық негізі — тироглобулиндердің синтезі;
- тироглобулиндерді фолликулдың қуысына бөліп шығару, йодтау және қоймалау;
- гормондарды жасушадан қанға шығару, тироглобулин молекуласының көп бөлігі тироцитте қалады.

С-жасушалар (парафолликулярлық) (24-сурет). Бездің жасушаларының $\approx 0,1\%$ APUD-жүйенің құрамына жатады (тирокальцитонин, соматостатин және серотонин). Түйіршіктер $AgNO_3$ боялады.



24-сурет. С-жасушалар және тироциттердің ультрақұрылымы: 1 – фолликулярлы жасуша; 1.1 – ұнталған эндоплазматикалық жүйенің цистерналары, 1.2 – микротүтктер; 2 – фолликуланың жарық сәулесіндегі коллоиды; 3 – С-жасуша (парафолликулярлы); 3.1 – секреторлы түйіршік; 4 – базальды мембрана; 5 – қан жүретін қылтамыр

Қалқанша безді зерттеу әдістері

Қалқанша безді қарау және пальпациялау

Науқастың бетін қараудың маңызы зор: эутиреоидты жағдайда — науқастың бет-әлпеті қалыпты, гипотиреозда — амимиялық, ісінген, тиреотоксикозда — мазасыз, жүдеген, үрейлі, көздері ұлғайған. Төс артында орналасқан жемсауда науқастың мойын және төс алды көктамырлары білеуленеді. Симпатикалық жүйкенің басылуынан Бернар—Горнер синдромы дамиды (птоз, миоз, энофтальм).

Науқастың мойнын алдыңғы жақтан қарау керек. Жемсау бар болса (әр түрлі себептерден қалқанша бездің ұлғаюы) науқастан жұтынуды талап ету керек. Науқас жұтынғанда жемсау жоғары қарай жылжиды. Дәрігер жемсауда түйіндердің пайда болуын анықтауы керек (мысалы, жемсау төс артында орналасса).

Қалыпты қалқанша без қараған кезде көрінбейді, консистенциясының жұмсақ болуына байланысты пальпацияланбайды, ұлғайған кезінде ғана көрінеді. Бездің мойындұрығын науқас жұтынған кезде пальпациялауға болады.

Қалқанша бездің пальпациясы. Қалқанша бездің пальпациясы қалқанша без ауруларын анықтауға көмектесетін маңызды әдіс болып табылады. Қалыпты жағдайда қалқанша без пальпацияланбайды. Пальпация арқылы жемсауды, зақымданудың жайылмалы немесе түйінді екенін, түйіндердің орналасуын, бездің жұтыну кезіндегі жылжымалылығын, қалқанша бездің зақымдануына тән сыртқы өзгерістерді анықтауға болады.

Төс артында орналасқан жемсауда компрессиялық синдром салдарынан мойын және төс алды көктамырлары білеуленеді, еңтігу және дисфагия байқалады. Көлемі үлкен түйіндерде (диаметрі 3,0 см артық) мойын деформацияланады, мойын көктамырлары білеуленеді, «алып» жемсау байқалады.

Қалқанша бездің перкуссиясы — көкірекаралықтың жоғарғы жағында (төстің үстінгі жағында) төс артында орналасқан жемсауды анықтау үшін жүргізіледі.

Аускультация. Қалқанша бездің гиперфункциясы кезінде бездің үстінде шу естіледі. Шудың пайда болу себебі бездің васкуляризациясының өсуімен байланысты. Сонымен қатар бездің пульсациясы да байқалады. Қалқанша бездің үстіндегі систолалық

шу жайылмалы уытты жемсауға тән. Кеңірдектің басылуына байланысты ауқымды төс артында орналасқан жемсауда инспираторлы стридорлы тыныс естілуі мүмкін.

Жемсауда бездің келесі белгілерін сипаттау керек:

- өлшемін;
- пішінін;
- тығыздығын және консистенцияның біркелкілігін;
- жылжымалылығының дәрежесін;
- ауырсынуын және терімен және қоршаған тіндермен бірігуін.

Дертті анықтауда көп жылдар бойы дәрігерлер бездің пальпациясына жүгінетін. Қазіргі кезде қалқанша без ауруларын анықтау үшін бездің ультрадыбыстық зерттеуі кеңінен қолданылады.

Қалқанша бездің өлшемдері тиреотоксикозда (Базедов ауруы, Грейвс ауруы), тиреоидитте, Пламмер ауруында, бездің ісігінде, жемсауда ұлғаяды.

Тиреотоксикозда қалқанша без біркелкі ұлғаяды немесе бездің белгілі бір бөлігі үлкейеді. Бездің консистенциясы қалыпты болады, без терімен және қоршаған тіндермен жабыспайды, жылжымалы, ауырмайды.

Тиреоидитте — без біркелкі ұлғаймайды, тығыздалады, ауырсынады, без тұсындағы тері гиперемияланады, сипағанда ыстық болады.

Қалқанша бездің уытты аденомасында (Пламмер ауруы — түйіннің (аденоманың) түзілуімен жүреді) — безде контурлары анық түйін анықталады, түйін жұтынғанда жылжып отырады, ауырмайды.

Қалқанша бездің *қатерлі ісіктерінде* безде теріге жабысқан, жұтынғанда жылжымайтын, тығыз немесе бұдыр түзіліс анықталады. Науқастың дауысы қарлығады, инспираторлы шулы тыныс пайда болады.

Қалқанша бездің ұлғаю дәрежелері. Қалқанша бездің ұлғаю дәрежелері Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) жіктеуі (1994) (6-кесте) және О.В. Николаев (1995) бойынша анықталады. ДДСҰ ұсыныстарына сәйкес, қалқанша бездің әрбір бөлігі науқастың үлкен саусағының дисталды фалангісінен үлкен болса, қалқанша без ұлғайған болып есептеледі (7-кесте).

Егер қалқанша безді пальпациялағанда түйін анықталатын болса, дәрігер келесі негізгі және қосымша зерттеулерді тағайындайды (8-кесте).

6-кесте. Жемсау өлшемдерінің жіктелуі (ДДСҰ, 1994)

0 дәрежесі	Қалқанша без пальпацияланбайды және көрінбейді
I дәрежесі	Қалқанша без пальпациялағанда анықталады және науқас жұтынғанда көрінеді, мойынның қалыпты жағдайында анықталмайды. Қалқанша безде бір немесе бірнеше түзілістер анықталуы мүмкін
II дәрежесі	Мойын ісінген, қалыпты жағдайда көрінеді, пальпациялағанда үлкен болып анықталады

7-кесте. Қалқанша бездің ұлғаю дәрежелерінің жіктелуі (О.В. Николаев бойынша, 1955)

0 дәрежесі	Қалқанша без пальпацияланбайды
I дәрежесі	Қалқанша без сипап сезіледі, әсіресе қылтасын ұстап қарауға болады
II дәрежесі	Қалқанша без сипап сезу кезінде ғана емес, сонымен қатар жұтыну кезінде де анықталады
III дәрежесі	Қалқанша без жұтыну кезінде ғана емес, «жуан мойын» түрінде де байқалады
IV дәрежесі	Мойынның пішіні өте өзгерген, жемсау анық көрінеді
V дәрежесі	Жемсау үлкен өлшемдерге дейін жетеді

8-кесте. Қалқанша бездегі түзілістің өлшемдеріне тәуелді негізгі клиникалық симптомдар

Пальпацияланбайтын түйін (1 см-ге дейін)	Түйін (1,0-ден 3,0 см-ге дейін)	Түйін >3,0 см немесе төс артындағы түйінді жемсау
Субъективті шағымдар – жоқ Клиникалық объективті симптоматика – жоқ	Болуы мүмкін (міндетті емес): <ul style="list-style-type: none"> өзін-өзі пальпациялағанда анықталады; мойынның деформациясы; мойын тұсындағы дискомфорт 	Болуы мүмкін (әдетте): <ul style="list-style-type: none"> мойынның деформациясы; мойын тұсындағы дискомфорт. Болуы мүмкін (міндетті емес): <ul style="list-style-type: none"> ентігу, дисфагия; мойын көктамырларының білеуленуі; пальпациялағанда ауырсыну

Қалқанша без ауруларының зертханалық-аспаптық диагностикасы

Қалқанша бездің аурулары бездің гиперфункциясымен (гипертиреоз), без қызметінің жеткіліксіздігімен (гипотиреоз), қабынумен (тиреоидит), бездің ұлғаюымен (жемсау) және қатерлі ісіктердің пайда болуымен байланысты дамиды. Сондықтан аталған патологияларды анықтау үшін келесі зертханалық-аспаптық зерттеулерді жүргізу керек.

Қалқанша без ауруларының зертханалық маркерлері: иммуноферментті талдау (ИФТ) арқылы қан сарысуында анықталады (9-кесте):

- тиреотропты гормон (ТТГ);
- жалпы және бос тироксин (бос T_4);
- жалпы және бос үшйодтиронин (бос T_3);
- қалқанша бездің аутоденелері:
 - тиреоглобулинге антиденелер;
 - тиреопероксидазаға антиденелер;
 - ТТГ-рецепторларға антиденелер.

9-кесте. Қалқанша безінің маркерлері

Маркерлер		
функционалдық жағдайдың	аутоиммунды патологияның	онкологиялық патологияның
ТТГ, жалпы T_4 , бос T_4 , жалпы T_3 , бос T_3	Тиреоглобулинге антиденелер, тиреопероксидазаға антиденелер, Ад-ТТГ	Тиреоглобулин (ТГ), кальцитонин (КЦ)

Қалқанша без ауруларының негізгі гормондық маркерлеріне ТТГ және бос T_4 жатады.

Бірінші деңгейдің сынамасы (ТТГ деңгейін анықтау) — эутиреозды гипо- және гипертиреоздан ажыратуға бағытталған.



Екінші деңгейдің сынамасы (бос T_4 деңгейін анықтау) — гипо- және гипертиреозды дәлелдеуге бағытталған.

Үшінші деңгейдің сынамасы (жалпы T_3 немесе бос T_3 анықтау) — сирек кездесетін T_3 -тиреотоксикозды анықтауда қолданылады.

Қалқанша безін аспаптық зерттеу әдістері


Ультрадыбысты зерттеу және түрлі-түсті доплерлік визуализация (картирлеу) қалқанша безін зерттеудің негізгі әдісі болып табылады, өйткені қалқанша безінің нақты көлемін анықтауға және қалқанша безінің паренхимасының өзгерісін, ондағы түйінді құрылымдардың болуы және түзілістердің өлшемі туралы мәлімет алуға мүмкіншілік береді.

Ультрадыбысты зерттеу (УДЗ) — қалқанша безін зерттеуде өте жиі қолданылатын тәсіл, ол ағзаның қол жетімді және өлшемі кішірек болуымен түсіндіріледі, арнайы дайындықсыз жүргізіледі (25-сурет).




25-сурет. В-режим. Без бөлігінің сегментарлы орналасуы. Қалқанша безінің сол жақ бөлігі, көлденең сканирлеу: 1 – жоғарғы полюс; 2 – ортаңғы сегменттің жоғарғы бөлігі; 3 – ортаңғы сегменттің орташа бөлігі; 4 – ортаңғы сегменттің төменгі бөлігі; 5 – төменгі полюс


Зерттеу үшін 5–7 МГц жиіліктегі қадағалар (датчиктер) қолданылады, құрылымының ұсақ өзгерістерін нақтылау үшін 10–15 МГц жоғары жиілікті қадағалар қолданылады. Ультрадыбысты зерттеу бездің құрылымын, өлшемін, көлемін, салмағын және қанмен қамтамасыз етілуін үлкен дәлдікпен анықтауға мүмкіндік береді. Ультрадыбыстың бақылауымен көрсеткіш бойынша диагностикалық пункциялар орындалады. Осы арқылы, УДЗ қалқанша безінің паталогиялық үдерістерін анықтауда алдыңғы диагностикалық зерттеу қатарларына шығып отыр. Зерттеуді көлденең және ұзына бойы бағыттарда жүргізеді, ал бөліктерінің жағдайы мен мойнағын жеке бағалайды. Қалыпты жағдайда қалқанша безінің құрылымы біртекті, изоэхогенді, айқын контурлы, түйіршікті, бөліктері сопақша пішінді, мойнағының сызықты қалыңдығы 1см дейін. Ультрадыбысты зерттеу қалқанша безінің диффузды және түйінді өзгерістерін анықтауға мүмкіндік береді. Қажетті жағдайда қатерсіз ісікті (аденома, киста) қатерлі ісікті (обыр) түзіліспен дифференциялау үшін УДЗ бақылауымен биопсия алынады (26–30-сурет).




26-сурет. Қалқанша безінің оң бөлігі, көлденең және ұзынынан сканирлеу. Қалқанша безі бөліктерінің өлшемдерін өлшеу: а – бөліктің қалыңдығы; в – бөліктің ені, с – бөліктің ұзындығы




27-сурет. Жаңа туылған баланың қалыпты және гипотиреоз кезіндегі қалқанша безі: а, б – қалыпты (шеттері белгіленген); в – гипотиреоз (шеттері белгіленген)



28-сурет. Диффузды токсикалық жемсау (а–в)



29-сурет. Қалқанша безінің УДЗ. Без тініндегі үлкен түйін (аденома) нұсқағышпен көрсетілген




30-сурет. Қалқанша безінің түйіндері (белгі) (а–е)

Радионуклидті зерттеу (сцинтиграфия). Қалқанша безінің тіндік қызметін анықтау үшін радионуклидті зерттеу қолданылады. Зерттеуге дейін 1 ай бұрын безді қалқаламау үшін және зерттеу кезінде дұрыс қорытынды алу үшін, құрамында йоды бар препараттарды қолданудан алып тастайды. ^{99m}Tc (^{99m}Tc -пертехнетат) радиофармпрепаратын тамыр ішіне енгізгеннен кейін бездің сцинтиграфиясын жасайды.


Сцинтиграммада қалқанша безі «көбелек» тәрізді көрініс береді, айқын томпайған контурлы, оң бөлігі сол бөлігіне қарағанда үлкенірек. Сцинтилляция тығыздығы бөлігінің шеткі жағына қарағанда ортасында жоғары (тіні көп).

Радионуклидті зерттеу йод алмасуы мен без қызметін анықтауға мүмкіндік береді, бұл үшін радиоактивті йод ^{123}I енгізгеннен кейін қалқанша безінің радиометриясын жасайды (31-сурет).



31-сурет. Қалқанша безінің УДЗ. Қалқанша безінің диффузды үлкеюі, оң жақ бөлікте түйінді түзіліс (түйінді гиперплазия, аденома)

Дәреже көрсеткіші мен йодты кармау сипатын және құрамында йоды бар тиреоиды гормондардың синтезін сцинтиграмма немесе радиометрия берілгені бойынша қабылдайды (32-сурет).




32-сурет. Қалқанша безінің сцинтиграфиясы: а, б, в, г – қалыпты нұсқалары


Радиоизотопты зерттеулер қалқанша безінің қызметінің жартылай сандық анализін (радиоактивті йодты қабылдау дәрежесі) анықтау үшін және ошақтық өзгерістерді бағалау үшін қолданылады. Радиофармпрепарат өзіне жинамайтын, функционалды белсенді емес «суық» ошақтар және түзілістерде жоғары мөлшерде радиофармпрепарат жинайтын, шектен тыс функционалды белсенді «ыстық» ошақтарды ажыратады (33–35-сурет).

Қалқанша безі атипті орналасқан (көкірек арты жемсауын) жағдайда радионуклидті зерттеу, КТ және МРТ қолданылады.


Қалқанша безінің жіңішке инелі аспирациялық биопсиясы түйіндік жемсау кезінде қолданылатын тікелей морфологиялық (цитологиялық) диагностикалау әдісі болып табылады және қалқанша безі ауруларын анықтауда, түйіндік жемсау көріністерімен сипатталатын бездің катерлі патологиясын жоққа шығару үшін салыстырмалы диагноз жүргізуде мүмкіншілік береді.



33-сурет. Қалқанша безінің с ^{99m}Tc -пертехнетпен жүргізген скинтиграфиясы (бағытталған сурет). Қалыпты. Жиналу функциясын бағалау



34-сурет. Қалқанша безіне жиналу функциясының жоғарылауы. Диффузды токсикалық жемсау. 1 – оң бөлік; 2 – сол бөлік; 3 – мойнағы



35-сурет. Қалқанша безінің скинтиграфиясы. Оң бөліктің функционалды жеке түйіні (токсикалық аденома). 1 – сол бөліктің төменгі үштен біріндегі гипераккумулятивті («ыстық») түйін; 2 – бездің қалған бөліктерінде жалпы жинау функциясы жоғары кезінде жиналу индикаторы төмендеген (эндогенді супрессия)

Рентгенологиялық зерттеулер. Мойын ағзаларының тікелей визуализация әдістерін енгізуіне байланысты (КТ, МРТ, УДЗ) оны жүргізу көрсеткіштері шектеулі болып қалды.

КТ қалқанша безінің орналасуын, формасын, өлшемдерін және құрылымын, мойынның басқа ағзалары мен тіндері арасындағы арақатынастарын анықтауға мүмкіншілік береді. Қалқанша безінің КТ-зерттеуін сцинтиграфия мен УДЗ-дан кейін өткізеді.

Гипертиреоз синдромы

Гипертиреоз — үшйодтиронин (T_3), тироксин (T_4) гормондары деңгейінің өсуімен жүретін, қалқанша без қызметінің жоғарылауына байланысты дамидын синдром.

Зақымдану деңгейіне байланысты біріншілік, екіншілік және үшіншілік гипертиреозды бөледі. *Біріншілікте* — қалқанша без зақымданады, *екіншілікте* — гипофиз, *үшіншілікте* — гипоталамус. Тиреоидты гормондар деңгейінің өзгеруі көбіне қалқанша бездің зақымдануымен байланысты.

Гипертиреоздың себептері:

- жайылмалы уытты жемсау (Базедов ауруы, Грейвс ауруы, тиреотоксикоз) гипертиреоздың ең жиі себебіне жатады;
- түйінді уытты жемсау (Пламмер ауруы), Грейвс ауруымен салыстырғанда сирек кездеседі, әдетте карттарда байқалады;
- жеделдеу тиреоидит (де Кервен тиреоидиті) өтпелі гипертиреозға әкеледі;
- тиреоидты гормондарды бақылаусыз қабылдауға байланысты дамидын жасанды гипертиреоз;
- гипертиреоздың сирек себептері: тиреотропты гормонның (ТТГ) шектен тыс секрециясымен жүретін гипофиз ісіктері; акромегалоидты гипертиреоз гиперостозбен — аденогипофиздың СТГ және ТТГ гиперсекрециясы салдарынан бас қанқасының жайылмалы гиперостозының, акромегалияның және қалқанша без гиперфункциясының қосарлануы;
- тиреоидты гормондарды өндіретін аналық без тератомалары (аналық без струмасы); ағзаға шектен тыс йод енгізген соң қалқанша без гормондарының гиперпродукциясы (йод-базедов синдромы).

Жайылмалы уытты жемсаудың (ЖУЖ) этиологиясы мен патогенезі

Қазіргі таңда жайылмалы уытты жемсау аутоиммунды тұқым қуалаушылық түрде берілетін ауру ретінде қарастырылады, көп факторлы жолмен беріледі (полигенді). ТДЗ дамуында генетикалық рөлдің дәлелдемесі ретінде болып:

- жанұялық жағдайда аурудың болуы;
- жиі ЖУЖ-мен ауыратын науқастарда және олардың жақын туыстарында жүйелі және антитиреоидты антиденелердің HLA антигендерінің анықталуы болып табылады;
- ЖУЖ дамуының үлкен қаупіне (60%) монозиготалы егіздер жатады, егер олардың біреуі осы аурумен ауырса;
- ЖУЖ көбіне мына антигендер HLA-B₈, DR₃, DW₃ тасымалдаушыларда жиі кездеседі. HLA-B₈ болуы ТДЗ даму қаупін 2,6 есе жоғарылатса, ал HLA-DW₃ мен HLA-DR₃ 3,9 және 5,9 есеге артырады.

Психикалық жарақаттар, инфекциялық-қабынулық аурулар, бас сүйек-мидың жарақаттары, мұрын-жұтқыншақ аурулары ЖУЖ дамуын тудыратын факторлар болып саналады.

ЖУЖ негізгі патогенетикалық факторлары


- ✧ Қалқанша безінің антигендеріне байланысты аутоиммундык реакциялардың дамуына әкелетін, лимфоциттер қызметінің Т-супрессорлық туа пайда болған тапшылықтары.
- ✧ HLA-DR-антигендердің тиреоциттер беткейіндегі экспрессиясы (қалқанша маңы безі эпителиалді фолликулярлық жасушасы). Бұл индукциялық экспрессияның жүруі лейкоциттерден өндірілген, интерферондар және ү-интерферонның әсеріне байланысты туындайды. HLA-DR-антигендердің экспрессиясынан кейін тиреоциттер антиген-әкелуші жасушалар болып табылады, Т-лимфоциттерді танымай бөгде түрде қарайды.
- ✧ Т-лимфоцит клондары форбидті лимфоциттердің Т-супрессорлық тапшылық қызметінің жағдайында көрінуі (Вольпе теориясына сәйкес), Т-лимфоциттер — хелперлер және антидене өндіруіне қабілеттілік сияқты қалқанша безі компоненттеріне әсерін көрсетеді. Қазіргі кезде анықталғандай, бұлар тиреоциттер беткейіндегі тиреотроптық гормон рецепторларына антидене ретінде саналады. ЖУЖ кезінде антиденелердің екі түрі үлкен патологиялық маңызға ие — ұзақ әсер етуші тиреостимулятор

(LATS-фактор) және қалқанша безінің өсуін ынталандырушы иммуноглобиндер,— иммуноглобиндер өсуін ынталандырушы.

- ❖ Тиреоидты гормондардың шамадан тыс әсер етуінен катехоламиндер ықпалынан жүрек-тамыр жүйесінің сезімталдығы артады. Бұл тахикардия, АҚ жоғарылауы және жүрек-тамыр жүйесінің басқа да өзгерістерінің туындауына алып келеді. ЖУЖ кезінде қандағы катехоламиндердің абсолютті концентрациясының өсуі болмайды (В.И. Кандроп, 1996).
- ❖ Шеткері трийодтиронинде тироксин конверсиясының жоғарылауы. Бұл тиреотоксикоздың клиникасын қиындатады, себебі үшйодтиронин тироксинге қарағанда биологиялық басым белсенділікке ие болады.

30–50 жас аралығындағы әйел адамдарда ер адамдарға қарағанда, 5–10 рет жиі кездеседі.

Жайылмалы уытты жемсаудың патогенезінің негізгі факторлары 36-суретте берілген.



36-сурет. Жайылмалы уытты жемсаудың патогенезі

Жайылмалы уытты жемсаудағы (ЖУЖ) негізгі шағымдар:

- психикалық қозғыштық, тітіркенгіштік, мазасыздық, тұрақсыздық;
- мойын аймағында қысылу сезімінің болуы, жұтынудың қиындауы;

- тұрақты жүрек қағу, кейде жүрек ырғағының бұзылуы;
- тұрақты жайылмалы тершеңдік;
- тұрақты ыстықтау сезімі;
- колдардың дірілдеуі, сондықтан ұсақ-түйек жұмыстарды орындай алмау, науқастардың жазуы өзгереді;
- тәбеттің жоғарылауына қарамастан үдемелі жүдеу;
- уытты жемсаудың ауыр түрлерінде: миокардтың зақымдануына байланысты ентігу, диарея, жыныстық без қызметінің бұзылуы (ерлерде — белсіздіктің, әйелдерде — етеккір қызметтің бұзылуы);
- жалпы бұлшықеттік әлсіздік;
- остеопенияға (сүйектердің минерализациясының төмендеуі) байланысты тырнақтардың сынғыштығы, шаштардың түсуі;
- көздердің бақыраюы, көзден жас кету, күн сәулесіне қараудың қиындауы.

Жалпы қарау. Тиреотоксикозбен ауыратын науқастар әдетте өте белсенді, мазасыз, қимылдары көп, сұрақтарға тез жауап береді, жылдам сөйлейді. Бет әлпеті үрейлі, көздері ұлғайған, жылтыр, экзофтальм, эмоциялық тұрақсыз, жылауық, көңіл-күйлері тез өзгеріп отырады.

Тиреотропты гормондар әсерінен үдемелі жүдеумен жүретін катаболикалық синдром дамиды, дене қызуы субфебрильді сандарға дейін өседі. Тәбеттері әдетте жоғары, тершең, бұлшықеттері атрофияланған, әлсіз, тонусы төмен.

Жайылмалы уытты жемсаудың үдеуінде келесі **көз симптомдары** анықталады:


- көздердің жылтырауы;
- көздің ұлғаюы, осыған байланысты таңырқап отырған кейіптің болуы;
- Грефе симптомы: төмен қарай баяу жылжытқан затқа қараған кезде көздің жоғарғы қабағы мен нұрқабақтың арасының көрінуі;
- Кохер симптомы: жоғарыға қарай баяу жылжытқан затқа қараған кезде көздің жоғарғы қабағы мен нұрқабақтың арасының көрінуі;
- Дальримпль симптомы: көлденең бағыттағы затқа қараған кездегідей байқалуы.

Бұл симптомдар симпатикалық жүйкемен иннервацияланатын, жоғарғы қабақты көтеретін Мюллер бұлшықетінің тонусының өсуімен байланысты:

- Розенбах симптомы — жұмулы көздердің ұсақ треморы;
- Жофруа симптомы — наукас жоғары қарай қарағанда маңдайда қатпарлар пайда болмайды;
- Штельваг симптомы — сирек жыпылықтау;
- Мебиус симптомы — көзаралыққа әкелген затқа қараған кезде көз алмасының сыртқа қарай жылжуы, көзді қимылдататын бұлшықеттердің өзгеруінен, конвергенция әлсіреуінен пайда болады;
- Краусс симптомы — көз жылтырауы.

Аталған симптомдардың негізінде көздің вегетативті иннервациясының бұзылуы жатыр.

Офтальмопатия тиреотоксикоздың ауыр асқынуына жатады және көз көру қызметінің бұзылуына әкеледі (37-сурет).



37-сурет. Гипертиреоздағы офтальмопатияның клиникалық симптоматикасы (Окорков А.Н., 2004)

Айқын жайылмалы уытты жемсауда қалқанша без ұлғаяды. Қалқанша безді қарау арқылы (қатты ұлғайғанда) немесе пальпациямен анықтауға болады. Наукастың терісі жұмсақ (жұқа, эластикалы, барқыт тәрізді), ыстық, ылғалды, гиперемияланған. Нейроциркуляторлы дистониямен (НЦД) салыстырғанда қол бастары мен табандары жылы. НЦД-да қол-аяқтар мұздай болады. ЖУЖ-мен наукастардың 1–4%-да претибиалды микседема байқалады. Тізе сүйегі терісінің алдыңғы беті қалыңдайды, ісінеді, қызарады, қышыну пайда болады.

Жайылмалы уытты жемсауда әр түрлі ағзалар мен жүйелердің, ең алдымен орталық жүйке және жүрек-тамыр жүйелерінің бұзылуы байқалады (10-кесте).

10-кесте. Жайылмалы уытты жемсаудың (Базедов ауруының) көрінісі және олардың механизмдері (Окороков А.Н., 2004)

Клиникалық симптомдар	Патогенезі
Струма (жемсау) – бездер көлемінің ұлғаюы	Бездердің тіндік гиперплазиясы
Тахикардия (минутына 120–150-ге дейін), пароксизмалды қарыншалық тахикардия, пароксизмалды немесе жүрекшелердің жыпылықты тұрақты тахисистолалық түрі	Миокардқа тиреоидты гормондар концентрациясының катехоламиндер арқылы тікелей немесе жанама әсері → нәруыздар бөлінуінің күшеюі, гликоген және КФ қорының азаюы және миокардта лактат құрамының өсуі
Жүректің минуттық көлемінің артуы	Жүректің жиырылу жиілігінің арту есебінен
Жүрек жеткіліксіздігінің туындауы	Нәруыз өндірілуінің тежелу жағдайында миокард гипертрофиясының болмауы, энергия тапшылығы, катехоламиндердің артуынан некроттық әсердің туындауы
Артериалды гипертензия (қалыпты диастолалық қысым кезінде систолалық қысымның жоғарылауы)	Микроциркуляторлық арнада көлемнің бір уақытылы жоғарылауы кезінде жүректен қан шығарылымының артуы
Экзофтальм	Симпатикалық әсер етудің жоғарылауынан көз қимылдатқыш бұлшықет тонусының жоғарылауы, ретробульбарлы торшалар көлемінің артуы оларда мукополисахаридтердің жинақталуына байланысты, көз шарасындағы дәнекер тін инфильтрациясы лимфоциттер және плазмалық жасушаларға байланысты, көз шарасы көктамырының варикозды кеңеюі
Басқа көз симптомдары: Грефе симптомы (жоғары қабақтың нұрлы қабықтан қалып отыруы), Штельваг симптомы (сирек ашып-жұмуы), Мебиус симптомы (бетіне затты жақындатқанда конвергенциялық нашарлауы), Дельримпля симптомы	Көз қозғалтқыш бұлшықеттерге сәйкес вегетативті әсерлер белсенділігінің күшеюі, кебуге мүйізшелер сезімталдығының төмендеуі (Штельваг симптомы), көз шеңбері бұлшықетінің парезі (Дельримпля симптомы)
Асқазан сөлінің секреторлық белсенділігінің және панкреатиттік сөл бөлінуінің төмендеуі	Тиреоидты гормондар әсерінен парасимпатикалық тонустың төмендеуі


10-кестенің соңы

Клиникалық симптомдар	Патогенезі
Іш өтудің дамуы	Жақсы қорытылмаған асқазан сөлінен ішек шырышының тіріркенуі
Бауыр циррозы	Тиреоидты гормондар инактивациясының артуы → капиллярлар өткізгіштігінің артуы → серозды гепатиттің дамуы → паренхиматозды гепатит және бауыр циррозы
Бүйрек үсті қызметінің бұзылысы	Тиреоидты гормондар әсерінен кортизолдың жылдам ыдырауы → кортизол тапшылығы → кортикотропиннің артуы → бүйрек үсті безі қызметінің күшеюі, соңында оның күйреуіне алып келеді
Жыныс без қызметтерінің бұзылысы (либидоның төмендеуі, әйелдерде етеккір циклының бұзылысы, еркектерде бедеуліктің және аталық бездің дегенеративті өзгерістері)	Тиреоидты гормондардың артық токсикалық әсері, гормоналды дисбаланстың туындауы
Бүкіл дененің қалтырауы, қол саусақтарының треморы, бұлшықеттің әлсіреуі, бұлшықеттің салдануы	Вегетативті реттелудің бұзылысы
Негізгі алмасулардың жоғарылауы, шамалы гипертермия, көп терлегіштік, қоршаған ортаның жоғары температурасын нашар қабылдау	Тиреоидты гормондардың калоригенді әсері
Дене салмағының төмендеуі кахексияның дамуына дейін әкеледі, теріс азоттық баланс, қанда қалдық азот және амин қышқылдарының жоғарылауы	Тиреоидты гормондардың нәруызды-катаболиттік әсері, қорларда майлардың азаюы, көмірсулардан липогенездің тежелуі
Көңіл-күйдің тұрақсыз болуы, жоғары қозу, үрей және қорқыныш сезімінің туындауы, өз ойын жинақтай алмау, ойлану қабілетінің төмендеуі, психастения, ұйқының дұрыс болмауы. Аурудың өршуінде көңіл-күйдің тежелуі, апатия, психикалық тежелулер болады	Басында орталық жүйке жүйесінде жүйке жасушаларына тиреоидты гормондардың күйретуші әсері «әлсіз қоздырғыш» – ретінде, ал кейіннен терең тежелу болады

Орталық жүйке жүйесі зақымдануының симптомдары:


- жылауықтық, тез қозу, эмоциялық тұрақсыздық, ауыр тиреотоксикозда — психоздар;
- Мари симптомы — алға қарай созылған қолдардың ұсақ дірілі;
- «телеграф бағанасы» симптомы — науқастың айқын дірілдеуі, дәрігер науқастың кеуде қуысын пальпациялағанда анықтайды.

Аурудың айқын түрлерінде субфебрилитетпен білінетін терморегуляция бұзылыстары байқалады (сирек симптом). Кей науқастарда буындық рефлексдер жоғарылайды (38-сурет).



38-сурет. Орталық жүйке жүйесі зақымдануының симптомдары

ЖУЖ науқастардың барлығында жүрек-тамыр жүйесі зақымданады: түнгі уақытта да сақталатын тұрақты тахикардия, жүректің дистрофиясына әкелетін «тиреоуытты жүректің» дамуы (39-сурет).



39-сурет. Тиреоуытты жүректің клиникалық симптоматикасы

Жүрек зақымдануының клиникасы тұрақты тахикардиямен, экстрасистолалардың дамуымен, жыбыр аритмиясымен, пульстық кысымның жоғарылауымен, систолалық артериялы гипертензиямен көрініс береді.

Жүрек тұсын қарау және пальпациялау: жүрек ұшы түрткісі жоғарылаған, солға ығысқан (сол қарынша гипертрофиясы салдарынан).

Перкуссия: жүректің сол жақ шекараларының ұлғаюы.

Аускультация: тахикардия, бірінші тонның күшеюі, жүректің барлық нүктелерінде, әсіресе жүрек ұшында және өкпе артериясында систолалық шудың естілуі.

ЖУЖ-да ас қорыту жүйесінің қызметі бұзылады, науқаста диарея, іштің ауырсынуы байқалады.

Ішкі секреция мүшелерінің басқа бұзылыстары:

- тиреогенді бүйрек үстілік жеткіліксіздіктің дамуы;
- етеккір циклын бұзылуымен білінетін аналық бездердің дисфункциясы, аменореяға дейін, жүктіліктің ерте үзілуі;
- әйелдерде фиброзды-кистозды мастопатияның, ерлерде гинекомастияның дамуы;
- көмірсуларға толеранттылықтың бұзылуы, қантты диабеттің дамуы.

Тиреотоксикоз деңгейінің ауырлығы бойынша жіктеу (модифицирленген) (Баранов В.Г. бойынша, 1988):

- жеңіл деңгейі:
 - тиреотоксикоздың белгілері болмашы көрінген, невроздыққа тән белгілер басым, ашушандық;
 - дене салмағының 10%-ға таяу азаюы;
 - тахикардия минутына 100-ден артық емес, жүрек шекарасымен АҚ қалыпты;
 - офтальмопатияның белгілері жоқ;
 - еңбек ету қабілеті сақталған немесе шамалы шектелген;
- орташа деңгейі:
 - тиреотоксикоздың белгілері айқын көрінген;
 - дене салмағының азаюы 10-нан 20%-ға дейін құрайды;
 - тахикардия минутына 100-ден 120-ға дейін, жүрек шекарасы солға қарай ұлғайған, систолалық АҚ 130–150 мм сын.бағ. дейін көтерілген, диастолалық АҚ қалыпты немесе шамалы төмендеген;
 - айқын көрінетін офтальмопатия;

- еңбек ету қабілеті төмендеген;
- ауыр деңгейі:
 - тиреотоксикоздың барлық белгілері айқын көрінген, ішкі мүшелердің (бауыр, жүрек) ауыр зақымдану құбылысы байқалады;
 - дене салмағының азаюы 20%-дан аса, кахексия;
 - тахикардия минутына 120-дан артық, жүрек шекарасы едәуір ұлғайған, қан айналымының жеткіліксіздігі мен жыбырлақ аритмия жиі кездеседі, систолалық АҚ 150–160 мм сын.бағ. дейін көтерілген, диастолалық АҚ шамалы төмендеген;
 - едәуір айқындалған офтальмопатия;
 - жүйке жүйесі тарапынан айқын көрінетін бұзылулар;
 - еңбек ету қабілетін толығымен жоғалту.

Жыбырлақ аритмиямен, жүрек жеткіліксіздігімен, психоздармен, гепатитпен асқынған түрлері әрқашан аурудың ауыр деңгейіне жатады.

Жайылмалы уытты жемсаудың диагностикасы. Заманауи зертханалық әдістер тиреотоксикоздың екі түрін анықтауға мүмкіндік береді. Гипертиреоздың бұл екі түрі жиі бір үдерістің сатылары болып келеді:

- субклиникалық тиреотоксикоз: бос T_4 және бос T_3 деңгейінің қалыпты болуы, ТТГ мөлшерінің жоғарылауы;
- манифестты тиреотоксикоз: ТТГ деңгейінің төмендеуі және бос T_4 , бос T_3 жоғарылауы.

Қандағы тиреоидты гормондар деңгейін анықтауға мүмкіндік болмаған жағдайда — қалқанша бездің ^{131}J қабылдау мүмкіншілігі зерттеледі.

Тиреоуытты криз — тиреотоксикоз симптомдарының күрт үдеуі, қалқанша бездің гиперфункциясымен жүретін негізгі аурудың ауыр асқинуына жатады (клиникалық практикада криз әдетте уытты жемсауда байқалады).

Систолалық артериялық қысым (АҚ) өседі, диастолалық АҚ едәуір төмендейді. Жедел жүрек-тамырлық жеткіліксіздік дамуы мүмкін. Минутына 200 соққыға дейінгі тахикардия жыбыр аритмиясына өтуі мүмкін; диспепсиялық бұзылыстар өршиді: шөлдеу, жүрек айну, құсу, диарея. Бауыр ұлғаюы және сарғаюы пайда болуы мүмкін. Криздің әрі қарай өршуі науқас санасының бұзылуына, жедел бүйрек үсті жеткіліксіздіктің дамуына әкелуі мүмкін.

Криздің клиникалық белгілері бірнеше сағатта үдейді. Қанда ТТГ анықталмауы мүмкін, T_4 және T_3 деңгейлері жоғары. Гипергликемия байқалады, несепнәр, азот деңгейлері жоғарылайды, қышқыл-негіздік және электролиттік тепе-теңдік бұзылады: калий мөлшері өседі, натрий төмендейді. Солға ығысумен нейтрофильді лейкоцитоз тән.

Гипертиреозды емдеудің қағидалары

Гипертиреоздың дәрілік терапиясының мақсаты — аурудың ремиссиясына дейін тиреоидты гормондардың өндірілуін төмендету болып табылады (11-кесте).

11-кесте. Тиреотоксикозды емдеу тәсілдері

Емдеу түрі	Дәрілік заттар, ота түрі	Қолданылуы
Бета-блокаторлар	Пропранолол	Белгілерін жеңілдету үшін
Антитиреоидты заттар — тиомочевинді туындылар	Карбимазол, метимазол, пропилтиоурацил	Сәуле терапиясы эффектісі басталғанға дейін радиобелсенді йодпен емдеу кезінде, ота жасауға науқастарды дайындауында тиреотоксикозды емдеу
Радиоактивті йод	Йод-131	Грейс ауруы өршуінің соңғы емделуі, көп түйінді токсикалық және түйінді жемсау
Кали йодид		Тиреотоксикалық кризді емдеу және отаға дайындау
Ота жасау	Тотальді немесе субтотальді тиреоидэтомия	Соңғы емдеу (радиобелсенді йод тәрізді), жиі жемсауды қоршаған тіндерді қысу белгілерімен жүретін жағдайларда қолданады

Тиомочевина туындыларының әсер ету салдарынан йодтың тотығуын төмендету есебінен қалқанша безінің гормондарының синтезі төмендейді, тирозин молекуласына йод атомының қосылуы бұзылуынан йодтирозин молекуласының қосылуын тежейді. Препараттың бастапқы мөлшері тәулігіне шамамен 30 мг, кейін қалқанша безінің гормондары калыпқа келгеннен кейін, оны ағзада осы күйде сақтау үшін тәуліктік мөлшері 5–15 мг

дейін төмендетеміз. Тиреостатиктермен емдеу ұзақтығы әдетте 1–1,5 жыл. Жанама әсері: гипотиреоз, зобогенді әсері, терінің бөртуі, сирек агранулоцитоз, артралгия, гепатит. Препараттар сүт бездерімен шығады, плацентаға өтіп, ұрықта, омыраудағы балаларда гипотиреоз дамуын шақыртуы мүмкін. Жүктілік және лактация кезінде негізгі таңдаулы препарат — пропилтиоурацил.

Радиобелсенді йодтың артықшылығы, қалқанша без тініне енгізу кезінде радиационды тиреоидты даму есебінен аумақтық деструкция тудырады және қарапайым, құны арзан, қауіпсіз болып саналады. Басты кемшілігі — гипотиреоз дамиды.

Калий йодид қалқанша безі гормонының түзілуін төмендетеді, йодтың ұсталуы және бездің тамырлануы төмендейді, бірақ ең маңызды әсері қалқанша бездің гормонын босатуды тез төмендетеді, сондықтан оны тиреотоксикалық криз кезінде қолданады.

Бета-блокаторлар T_4 пен T_3 шеткері тіндерде айналуында, кейбір симптоматикалық әсерін көрсетеді. Мөлшерді жүректік жиырылу жиілігіне сәйкес анықтайды. Мүмкіндігінше агонистік әсері жоқ (яғни, өзіндік симпатомиметикалық белсенділігі) препараттарды таңдаған дұрыс. Олар аурудың ағымына, қалқанша безінің биохимиялық қызметінің белгілеріне әсер етпейді.

Қалқанша безінің деструктивті үдерісін (тиреотоксикоз, қалқанша безінің жасушаларының бұзылуымен қанға артық қалқанша безінің гормондарының шығуы) емдеу глюкокортикостероидті гормондармен (преднизолонмен) өткізіледі. Мөлшерлемесі мен емдеу ұзақтығы жеке түрде таңдалады.

Қалқанша бездің тиреотоксикозында, тиреостатиктермен емдеп, қалқанша бездің гормондары қалыпты деңгейде болғаннан кейін ота жасауға болады.

Тиреотоксикалық криз — бұл жедел, өмірге қауіп төндіретін, *тиреотоксикоздың* барлық симптомдары мен белгілерінің жиынтығымен сипатталатын жағдайы.

Белгілер: гипертермия, айқын тахикардия, күшті тершеңдік, іштің ауырсынуы, диарея, сарғаю, дезориентация.

Өзіндік терапия.

◇ Тиреостатикалық препараттарды дереу үлкен мөлшерді енгізу. Мерказолилдің тәулігіне екпінді мөлшері 100–120 мг құрайды. Қажет болса препаратты мұрын-азқазан арқылы (назогастральді) зондпен жібереді.

- ❖ Қалқанша без гормондарының шығуын төмендету үшін әр 12–24 сағат сайын 1,0 г йодид натрийді енгізеді.
- ❖ Кортикостероидтарды тек бүйрек үсті безінің жетіспеушілігі кезінде ғана емес, сонымен қатар қандағы тиреоидты гормондардың деңгейін төмендету үшін қолданады. Тиреоидты гормондардың секрециясын және тироксиннің трийодтиронинге шеткері конверсиясын төмендетуі, тиреотоксикалық криздегі алғашқы патогенетикалық факторларын жоюға ықпал етеді.
- ❖ Анаприлиннің әр сағат сайын 1–2 мг көктамырға немесе 40–80 мг ішке әр 6 сағат сайын енгізу, жүрек-қан тамырдың айқын бұзылыстарын түзету үшін ең тиімді болып табылады.

Гипотиреоз синдромы

Гипотиреоз — ағзада тиреоидты гормондар деңгейінің төмендеуіне байланысты қалқанша без қызметінің төмендеуімен немесе толық жойылуымен жүретін гетерогенді синдром. Басым жағдайларда әйелдер ауырады. Ересектердегі гипотиреоздың айқын көрінісі микседеманың, ал балаларда кретинизмнің дамуымен байқалады.

Гипотиреоздың этиологиялық жіктелуі

- ❖ Бастапқы гипотиреоз (қалқанша бездің өзінің зақымдалуы).
 - Туа пайда болған:
 - қалқанша безінің гипоплазиясы немесе аплазиясы;
 - тиреоидті гормондар биосинтезінің тұқым қуалайтын ақаулары (ферменттік жүйелердің туа біткен ақаулары, тиреоглобулин синтезінің ақаулары).
 - Жүре пайда болған:
 - операциядан кейінгі (струмэктомия);
 - қалқанша безді радиобелсенді йодпен емдеу және иондық сәулелендіру (пострадиационды гипотиреоз);
 - қалқанша бездің қабынған аурулары (тиреоидиттер, әсіресе аутоиммундық);
 - ағзаға йодтың жеткіліксіз түсуі (эндемиялық жемсау және кретинизм);
 - дәрілік препараттардың әсері (тиреостатиктер, кордарон);
 - қалқанша бездегі неопластикалық үдерістер.

- ◇ Екіншілік гипотиреоз (гипофизарлы аймақтың зақымдануы және тиреотропин секрециясының төмендеуі).
 - Босану кезінде немесе жарақат алғанда көп қан жоғалту салдарынан болатын аденогипофиз ишемиясы.
 - Гипофиз аймағындағы қабыну үдерістері.
 - Гипофиздің тиреотропин өндіргіш жасушаларынан шығатын ісік.
 - Дәрілік әсерлері (резерпин, леводоп, парлодел және басқалардың үлкен мөлшерімен ұзақ емдеу).
 - Гипофиздің аутоиммундық зақымдалуы.
- ◇ Үшіншілік гипотиреоз (гипоталамустың зақымдалуы және тиреолиберин секрециясының төмендеуі).
 - Гипоталамустың аймағындағы қабыну үдерістері.
 - Бас сүйек-милық жарақаттар.
 - Бас миының ісігі.
 - Серотонин препараттарымен емдеу.
- ◇ Шеткері гипотиреоз (тиреоидты гормондардың айналма үдерісіндегі инактивациясының салдары немесе шеткері тіндердің тиреоидты гормондарға сезімталдығының төмендеуі).
 - Тиреоидты гормондардың айналма үдерісінде антиденелермен инактивациялануы.
 - Тиреоидке тәуелді шеткері тіндердің рецепторларының тиреоидты гормондарға сезімталдығының отбасылық төмендеуі.
 - Бауыр мен бүйректе T_4 және T_3 конверсиясының бұзылуы.
 - T_4 -ке таңдаулы резистенттілік (T_4 -ті плазмалық мембрана арқылы жасуша цитозоліне тасу ақауы).

Науқастардың 95%-нда алғашқы гипотиреоз бақыланады, 5% жағдайларда — гипотиреоздың басқа этиологиялық формалары болады. Гипотиреоздың шеткері формасы ең аз зерттелген және емдеуге қиын. Қалқанша бездің қызметі бұзылуының анамнезі мен гормоналдык маркерлері негізінде гипотиреоздың қай этиологиялық топқа жататынын анықтауға болады.

Бастапқы гипотиреоз жиі кездеседі, оның себептері:

- қалқанша безі дамуының туа біткен ақаулары (дисгенез, эктопия);
- туа біткен энзимопатия, тиреоидты гормондардың биосинтезінің бұзылуымен жүреді;

- пайда болған формалары (аутоиммундық тиреоидит, онын ішінде аутоиммундық полигландулярлы синдромның көбіне II типі (Шмидт синдромы), ішінара I типі; қалқанша безіне жасалған ота;
- тиреостатикалық терапия (радиобелсенді йод, тиреостатик, лития препараттары);
- вирустық, босанудан кейінгі тиреоидиттер (гипотиреоидты фаза);
- эндемиялық жемсау.

Екіншілік гипотиреоздың себептері:

- туа біткен және пайда болған пангипопитуитаризм (Шиен—Симмондс синдромы, гипофиздің ірі өсінділері, аденомэктомия, гипофизді сәулелендіру, лимфоцитарлы гипофизит);
- туа біткен пангипопитуитаризм синдромы аясындағы ТТГ оқшауланған дефициті.

Үшіншілік гипотиреоз:

- синтездің және тиролиберин секрециясының бұзылуы.

Шеткері гипотиреоз:

- тиреоидты резистенттілік синдромы;
- нефротикалық синдромды гипотиреоз.

Гипотиреоздағы негізгі шағымдар:

- үдемелі және бұлшықеттік әлсіздік;
- тез шаршау;
- тону, тоңғыштық;
- ойлау қабілетінің төмендеуі, күндізгі уақыттағы ұйқышылдық;
- тәбеттің төмендеуі аясында дене салмағының өсуі;
- беті-қолдың, кейде бүкіл дененің ісінуі;
- сөйлеудің баяулауы;
- терінің құрғауы;
- бас, қас шаштарының түсуі;
- гиперкаротинемияға байланысты терінің сарғаюы;
- гипотермия;
- брадикардияға бейімділік;
- іш қату;
- жадының үдемелі нашарлауы;
- жыныстық қызметтің бұзылуы;
- дауыстың жуандауы, дөрекіленуі;
- есту қабілетінің төмендеуі (евстахийдің және орта құлақ құрылымдарының ісінуінен);


- етеккір кезеңінің бұзылуы — менометроррагиядан аменореяға дейін;
- біріншілік гипотиреозда гипоталамустағы тиротропин-рилизинг-гормонның гиперпродукциясына байланысты гиперпролактинемиялық гипогонадизм дамуы мүмкін; ол аменореямен, галактореямен және аналық бездердің екіншілік поликистозымен көрініс береді.

Жалпы қарау:

- науқастар баяу қозғалады, апатия қалыпта, ұйқышыл, меніреу;
- тері жамылғысы боз-сары түсті (бозғылттану анемиямен, ал сарғаю каротиннен А дәрумені түзілуінің төмендеуімен байланысты, әсіресе алақандар сарғаяды), қол басы мен табандары мұздай;
- тілерсек, тізе буындардың, өкше терісінің гиперкератозы айқын;
- науқас бетінің ісінуі, периорбиталды ісік байқалады, кабактары ісінген, еріндері ұлғайған;
- дене температурасының төмендеуі;
- қол-аяқтың ісінуі, жүректік ісіктермен салыстырғанда басқан соң із қалмайды; ауыр гипотиреозда бүкіл дене ісінуі мүмкін;
- шаштары түседі, сынғыш, қастары түседі (Хертог симптомы), шаштары баяу өседі; тырнақтары жұқарады, сынғыш, тырнақтарда көлденен және тура жолақтар анықталады;
- науқастар баяу сөйлейді, сөздерді әрең айтады (макроглоссия салдарынан); дауыстары жуандайды, дөрекіленеді (дыбыс байламдарының ісіну мен қалындауы салдарынан);
- офтальмопатия симптомдары пайда болуы мүмкін (аутоиммунды түрінде);
- бұлшықеттік талшықтардың ісіну, дистрофия, гипертрофиясы салдарынан бұлшықеттердің зақымдануы (көбінесе қолдардың, иықтардың, жамбастың);
- гипотиреоидты миопатия (бұлшықеттік әлсіздік, бұлшықеттердің ауырсынуы және құрысуы, бұлшықеттердің көлемінің ұлғаюы және тығыздалуы). Хоффман симптомы (проксималды бұлшықеттердің гипертрофиясы, бұлшықеттік әлсіздік, ауырсынумен жүретін бұлшықеттік түйілу, физикалық жүктемеден соң бұлшықеттердің құрысуы, жүктемеден кейін бұлшықеттердің ұзақ уақыт босаңсымауы, брадикардия).

Жүрек-тамыр жүйесінің зақымдану синдромы

- микседематозды жүрек (40-сурет);
- брадикардия;
- QRS вольтажының төмендеуі;
- электрокардиограммада (ЭКГ) теріс Т тішесі;
- қан айналым жеткіліксіздігі;
- артериялы гипотензия;
- перикардит.



40-сурет. Гипотиреоздағы жүрек-тамыр жүйесі зақымданудың клиникалық симптоматикасы

Орталық және шеткері жүйке жүйесінің зақымдану синдромы:


- ұйқышылдық;
- ойлау қабілетінің төмендеуі;
- жадының төмендеуі;
- брадикардия;
- бұлшықеттердің ауырсынуы;
- парестезиялар, буындық рефлексдердің төмендеуі, полинейропатия (41-сурет).

Алмасу-гипотермиялық синдром:

- дене салмағының өсуі;
- семіздік;
- дене температурасының төмендеуі.

Гипотиреоидты дермопатия:

- микседематозды ісіну;
- периорбиталды ісік;
- беттің ісінуі;



41-сурет. Гипотиреоздағы нерв жүйесі зақымдануының клиникалық симптоматикасы

- еріннің ұлғаюы;
- тіс іздері бар тілдің ұлғаюы;
- тері жамылғысының сарғаюы (гиперкаротинемия салдарынан);
- аяқ-қолдардың ісінуі;
- мұрынмен тыныс алудың қиындауы (мұрынның шырышты қабатының ісінуімен байланысты);
- естудің төмендеуі (есту мүшелерінің, ортанғы құлақ мүшелерінің ісінуі);
- дауыстың қарлығыуы (дыбыс байламдарының ісінуі және калыңдауы);
- полисерозит.

Ас қорыту мүшелерінің зақымдану синдромы:

- гепатомегалия;
- өт шығару жолдарының дискинезиясы;
- тоқ ішектің дискинезиясы;
- іш қату;
- тәбетін төмендеуі;
- асқазанның шырышты қабатының атрофиясы;
- жүрек айну, кейде құсу.

Анемиялық синдром:

- нормохромды нормоцитарлық;
- гипохромды темір тапшылығы;
- макроцитарлы B_{12} -тапшылығы.

Эктодермалды бұзылыстар синдромы:

- шаштардың сынғыштығы;
- шаштың, қастың түсуі;
- шаштың баяу өсуі.

Гиперпролактемиялық гипогонадизм синдромы:

- аменорея;
- галакторея;
- аналық бездердің екіншілік поликистозы.

Гипотиреоздың диагностикасы. Тиреоидты гормондардың және тиреотропин деңгейлерінің көрсеткіштері гипотиреоздың себептерін анықтауға мүмкіндік береді (12-кесте).

12-кесте. Гипотиреоздың зертханалық көрсеткіштері


Гипотиреоздың түрі	Қандағы тиреотропин деңгейі	Қандағы бос T_3 деңгейі	Қандағы бос T_4 деңгейі
Субклиникалық гипотиреоз			
Біріншілік	Жоғары	Қалыпты немесе жоғары	Қалыпты немесе төмен
Екіншілік	Төмен	Қалыпты немесе жоғары	Қалыпты немесе төмен
Манифестті гипотиреоз			
Біріншілік	Жоғары	Төмен	Төмен
Екіншілік	Төмен	Төмен	Төмен

Гипотиреоздың ауырлық дәрежесі бойынша жіктеуі:

- латентты (субклиникалық): қалыпты тироксин деңгейінің аясында тиреотропты гормон көрсеткіштерінің жоғары болуы, ауруға тән шағымдар мен объективті белгілер болмаған жағдайда қойылады;
- манифестті: тироксин деңгейінің төмендеуі аясында тиреотропты гормон гиперсекрециясы, аурудың клиникалық көріністері анық. Манифестті гипотиреоз компенсирленген және декомпенсирленген болып бөлінеді;
- аурудың ауыр ағымы (асқынған түрі): кретинизм, жүрек жеткіліксіздігі, серозды қуыстарға сұйықтық жиналуы, гипофиздің екіншілік аденомасы сияқты ауыр асқыныстардың болуы.

Микседема

Микседема — теріде және басқа тіндерде гидрофильдік мукополисахаридтердің жиналуымен жүретін гипотиреоздың ауыр түрі, нәтижесінде бет терісінің қалындауы мен терінің тығыз индурациясы дамиды (42-сурет).



42-сурет. Микседема дамуының клиникалық симптоматикасы

Микседеманың клиникалық көріністері (13-кесте):

- «меніреу», нашар айқындалған бет келбеті;
- ұйысқан, жұқа шаштары;
- периорбитальды ісіну;
- макроглоссия (тілдің патологиялық үлкеюі);
- боз, ұстағанда борпылдақ, суық тері, терінің сырты қалыңдаған;
- үлкейген жүрек (перикард қуысына экссудаттың бөлінуі және дилатация);
- мегаколон (толық тоқ ішектің немесе бір бөлігінің айқын кенеюі) және ащы ішектің обструкциясы;
- мишықтық атаксия, психиатриялық симптомдар: депрессия, психоздар;
- терең сіңірлік рефлексстердің босансу сатысының бәсеңдеуі;
- перифериялық нейропатия.

13-кесте. Гипотиреоздың негізгі көріністері (микседемалар) (Окороков А.Н., 2004)

Зат алмасулық өзгерістер	Нәруыздар синтезі және ыдырауының төмендеуі; тіндерде натрийдің және судың шықпай қалуы, қанда жоғары және төмен тығыздықты липопротеидтер және холестерин құрамының жоғарылауы, көмірсуларға толеранттылықтың жоғарылауы, гипогликемияға бейімдеушіліктің туындауы; зәрмен азот бөлінуінің азаюы, негізгі зат алмасу және тотықтыру үдерістерінің күрт төмендеуі
Функционалдық жүйелер жағынан өзгерістер	Жүрек-тамыр жүйесі: брадикардия, АҚ систолалық төмендеуі, систолалық және қанның минуттық көлемінің төмендеуі, айналымдағы қан көлемінің және қан ағысы жылдамдығының төмендеуі, перикардиалды сұйықтықтың жиналуы. Тыныс алу жүйесінде: гиповентиляция, плевралды қуыста сұйықтықтың жиналуы. Асқазан-ішек жолдарында: жүрек айну, іш қатулар, метеоризм, асқазанның секреторлық және моторлық қызметінің төмендеуі. Жүйке жүйесі: селқостық, апатия, ұйқышылдық, ұмытшақтық, интеллекттің төмендеуі, рефлексдердің нашарлауы және психикасының бұзылысы психоздың дамуына дейін болуы мүмкін. Бұлшық еттік жүйе: физикалық жұмыс қабілетінің төмендеуі, электростимуляция жасағанда қаңқа бұлшық еттің «құрт тәріздес» жиырылулары болады
Басқа симптомдар	Ісінулер, саусақпен басқанда іздер қалмайды; аяқтардың және қолдардың ісінуі, беттің, қабақтың ісінулері, дене температурасының төмендеуі; бет әлпетінің дөрекіленуі, құрғақ, салқын, терісінің сарғыштануы; шаштарының сынғыш болуы және түсуі, тырнақтарының сынғыштығы, гиперкератоз; дене салмағының жоғарылауы; даусының қырылдауы; меноррагия, есту қабілетінің төмендеуі байқалады
Асқынулар	Гипотиреозды (микседематозды) кома, жиі қарт адамдарда пайда болады. Кома салқын тию, инфекциялар, физикалық жарақаттар, хирургиялық операциялар, наркоз салдарларынан дамиды. Кома кезінде дене температурасының күрт (23–24°С дейін) төмендеуі, брадикардиялық күшеюі, АҚ төмендеуі, естен танумен байқалады

Жемсаудың патологиялық анатомиясы

Жемсау — паренхимасының біріншілік гипертрофиясымен және/немесе гиперплазиясымен байланысты қалқанша безінің патологиялық ұлғаюы.

Жемсаудың морфологиялық жіктелуі.

- ❖ Дамыған орнына қарай: бір жақты және қос жақты.
- ❖ Макробейнесі тұрғысынан: түйінді, диффузды, аралас.
- ❖ Микробейнесі тұрғысынан: коллоидты, (макрофолликулды, микрофолликулды, аралас), паренхималық, аралас.
- ❖ Пролиферацияның сипатына қарай (коллоидты жемсауда): интерфолликулдық, экстрафолликулдық, аралас нысандар.
- ❖ Пролиферацияның қарқынына қарай (коллоидты жемсауда): пролиферациясыз, шамалы пролиферациялы, белсенді пролиферациялы, аденомалы (инкапсуляциясыз аденомаға ұқсас ошақтарының қалыптасуы).
- ❖ Қалқанша бездің функциясы тұрғысынан: гипертиреоидты (токсикалы), эутиреоидты, гипотиреоидты.

Диффуздық токсикалық жемсау (Грейвс ауруы, Базедов ауруы; диффузды жемсаулы тиреотоксикоз) — қалқанша бездің диффузды ұлғаюымен және гипертиреозбен сипатталатын аутоиммунды ауру.

Түйінді токсикалық жемсау (бір түйінді токсикалық жемсаулы тиреотоксикоз, көп түйінді токсикалық жемсаулы тиреотоксикоз) — қалқанша безінің бір немесе бірнеше түйін тәрізді өз бетінше қызмет ететін аденомасының салдарынан дамыған гипертиреоз.

Токсикалық емес коллоидты жемсау (токсикалық диффузды жемсау) дамыған орнына қарай (бір жақты және қос жақты), макробейнесі тұрғысынан (түйінді немесе көп түйінді, диффузды, аралас), (микрофолликулды — фолликулдардың гиперплазиясы басым, макрофолликулды — фолликулдардың гипертрофиясы және аралас), тиреоциттердің пролиферацияның қарқынына қарай, қалқанша безінің ұлғаю қарқына қарай, қалқанша бездің қызметі тұрғысынан (эутиреоидты, гипотиреоидты) және этиологиясына қарай (зобогенді заттардың — тиоцианаттардың, тиооксизолидондардың, кальций тұздардың, фтордың, амиодаронның, радиацияның әсерінен) жіктеледі.

Созылмалы тиреоидит (Хашимото тиреоидит, Ридель тиреоидит) — қалқанша безінің антигендерге қатысты иммунды толеранттылығының бұзылуымен сипатталатын созылмалы аурулардың тобы.

Эндемиялық жемсау — ағзада йодтың жетіспеушілігімен байланысты қалқанша безінің ауруы (14-кесте).

14-кесте. Эндемиялық және кездейсоқ жемсаудың көріністері, этиологиясы және патогенезі (Окороков А.Н., 2004)

Этиология және патогенез	Көріністері
Эндемиялық жемсау	
Қоректену ортасында йодтың тапшылығы → ауыз суда және тамақ құрамында. Аурудың дамуына тағаммен бірге өндірістік тиомочевина, тиоурацилдың, шамадан тыс кальций және фтор тұздарын қабылдау. Қанда тиреоидты гормондар концентрациясы және синтезінің төмендеуі кезінде аденогипофизден тиреотропты гормондардың өндірілуі жоғарылайды. Йод тапшылығы кезінде ТТГ морфогенетикалық әсері ғана жұмсалады (жемсау түзілуінде тиреоидты жасушалардың гипертрофиясы және гиперплазиясы болады)	Қалқанша безінің айқын ұлғаюы; ұстама-лы тұншығу, дисфагия, дауысының қарлығы, афония, микседемаға тән симптомдардың пайда болуы. Егер ауру ерте балалық шақта дамыса, бойдың өспей қалуы, дене бітімінің дұрыс дамымауы, ақыл-есінің кем болуы, есту қабілетінің төмендеуі (кретинизм)
Кездейсоқ жемсау	
Ферменттік жүйенің тапшылығы қалқанша безінің қабылдауы және сіңіруінің төмендеуіне алып келеді → тиреоидты гормондар биосинтезінің бұзылысы. Шеткері тіндерде тиреоидты гормондар қолдануының бұзылысы (шеткері ареактивтілік). Патогенезі эндемиялық жемсау кезіндегідей	Аналогиялық эндемиялық жемсаудан айырмашылығы: жемсаудың пайда болуы сирек кездеседі, жиі тас кереңдік синдромы және айқын тиреопривті критинизм және интеллекттің өте төмен болуы кездеседі


Әр түрлі жемсаулар кезіндегі қалқанша безінің морфологиялық өзгерістері 15-кестеде 43–45-суреттерде көрсетілген.

15-кесте. Әр түрлі жемсаулар кезіндегі қалқанша безінің морфологиялық өзгерістері


Жемсаудың түрлері	Макроскопиялық бейнесі	Микроскопиялық бейнесі
Диффузды токсикалық жемсау (Базедов ауруы)	Паренхимасының гипертрофиясы мен гиперплазиясы арқылы көлемінің ұлғаюы	Экстрафолликулалы (фолликул тәрізді, тубулярлы, ацинарлы құрылымдардың түзілуі) және интрафолликулды (емізкешелер, Сандерсон фолликулды «жастықтар») тиреоциттердің пролиферациясы; коллоидтың резорбциясы (вакуолизация); стромасының лимфocитарлы инфильтрациясы, лимфоматоз және склерозы

15-кестенің соңы


Жемсаудың түрлері	Макроскопиялық бейнесі	Микроскопиялық бейнесі
Түйінді токсикалық жемсау	Тығыз, әр түрлі көлемді түйіндер	Ішінде коллоидтың резорбциясымен экстра- және/немесе интрафолликулалы пролиферация байқалатын инкапсулалы түйін (түйіндер)
Токсикалық емес коллоидты жемсау	Тығыз, әр түрлі көлемді түйіндер	Инкапсулалы түйіннің (түйіндердің) ішінде фолликулдардың гипертрофиясы немесе гиперплазиясы, эпителиі жұқаруы, коллоиды қоюланады (эозинофилді, әр жері базофилді жарықшақты, тозаң тәрізді кальцинаттары бар); үдеріс – түйінді, диффузды немесе аралас
Хашимото жемсауы (Хашимото тиреоидіті)	Диффузды ұлғаюы және/немесе тығыз түйіндердің анықталуы	Бездердің тотальды немесе субтотальды диффузды-ошақты лимфоцитарлы инфильтрациясы; резорбциясымен фолликулдардың гипертрофиясы немесе гиперплазиясы; одан кейін – фолликулдардың атрофиясы; А-жасушалардан В-жасушаларға трансформациясы (Асканази–Хюртль жасушалары), стромасының склерозы
Ридель жемсауы (Ридельтиреоидіті)	Диффузды ұлғаюы және/немесе тығыз (тасты) түйіндердің анықталуы, қалқанша бездің тіні төңірегіндегі тіндермен біріккен	Стромасының орташа айқындалған лимфоцитті және плазмоцитті (полиморфты-ядролы лейкоциттермен сирек араласқан) инфильтрациясы айқын склерозы, фолликулалы эпителийдің атрофиясы, стромасының қалқанша безінен тыс шектен тыс өсуі
Эндемиялық жемсау	Диффузды ұлғаюы	Инкапсулалы түйіннің (түйіндердің) ішінде фолликулдардың гипертрофиясы немесе гиперплазиясы, эпителиі жұқаруы, коллоиды қоюланады (эозинофилді, әр жері базофилді жарықшақты, тозаң тәрізді кальцинаттары бар); үдеріс – түйінді, диффузды немесе аралас



43-сурет. Базедов жемсауы. Бүртіктер қалыптасып, фолликулярлы эпителийдің пролиферациясы, шеттік вакуольды резорбциясы. Үлк. $\times 400$, гематоксилин және эозинмен боялған



44-сурет. Хашимото тиреоидиті. Қалқанша безінің стромасының атрофиясы, склерозы, лимфоидты фолликулдар анықталады. Үлк. $\times 400$, гематоксилин және эозинмен боялған



45-сурет. Макрофолликулалы коллоидты жемсау. Тығыз эозинфильді коллоидқа толған жұқарған эпителиймен жабылған ірі фолликулдар. Үлк. $\times 400$, гематоксилин және эозинмен боялған

Гипотиреозды емдеу негіздері

Гипотиреозды емдеу мақсаты — ағзаның қалыпты физиологиялық қажеттілігін қанағаттандыру үшін, тиреоидтық гормондардың деңгейін тұрақты қалыптастыру. Емдеудің негізгі критеріі — гипотиреоздің клиникалық және зертханалық белгілерін жою. Гипотиреоздың барлық түрлерін емдеу — орнын басушы және тұрақты болып табылады.

Гипотиреозды емдеудің негізгі қағидалары

- ✧ Тиреоидті препараттардың орнын басу терапиясы өмір бойы өткізіледі.
- ✧ Тиреоидті препараттардың мөлшерін тағайындау науқастың жасына, қосымша аурулары, гипотиреоздың даму дәрежесі, оны емдеу ұзақтығын есепке ала отырып біртіндеп жүреді.
- ✧ Гипотиреоз ауыр болған сайын және науқастар орын басу терапиясыз ұзақ болса, ағзаның (әсіресе, миокардта) териодты препараттарға сезімталдығы жоғары.
- ✧ Қарт адамдардың қосымша ЖИА-сы бар науқастарды емдеуде тиреоидты препараттардың мөлшерін минималді және оларды жоғарылату баяу ЭКГ-нің бақылаумен болуы тиіс. Препараттардың жоғарғы мөлшері және оны тез көбейтуі ЖИА-ның өршуін және миокардтың ауырсынусыз ишемиясын дамытуы мүмкін.
- ✧ Келесі дозаның тағайындалуы алдыңғы мөлшердің толық әсері білінгеннен кейін жасалады (T_3 толық әсерінің білінуіне 2–2,5 апта, T_4 4–6 апта).

Қалқанша без гормондарының 2 препараты бар: натрий левотироксині (L-тироксин, T_4) және трийодтиронин (T_3).

Гипотиреозды емдеуде L-тироксин таңдалады, себебі, біріншіден L-тироксиннің теріс кардиотропті әсері трийодтирон және құрамында бар препараттарға қарағанда айқын емес, екіншіден L-тироксин трийодтиронинге үнемі конверсиясы қандағы трийодтиронин — биологиялық белсенді гормон деңгейінің минималды ауытқуын камтамасыз етеді.

Туа біткен гипотиреозды емдеу. Туа біткен гипотиреозды емдеуде L-тироксиннің келесі мөлшері ұсынылады:

- 1–6 айлығында — 25–50 мкг/тәулігіне;
- 7–12 айлығында — 50–75 мкг/тәулігіне;
- 2–5 жаста — 75–100 мкг/тәулігіне;
- 6–12 жаста — 100–150 мкг/тәулігіне;
- 12 жастан асқанда — 150 мкг/тәулігіне.

Екінші реттік гипотиреозды емдеу. Емдеуі бірінші реттік емдеу қағидасына ұқсас, бірақ екінші реттік гипотиреозды емдеу кортикотропиннің жеткіліксіз өндірілуінің салдарынан және тиреоидты гормондардың мөлшерлерінің жылдам жоғарылауы жиі гипокортицизммен қосарланып, жедел бүйрек үсті безінің

жеткіліксіздігіне әкелуі мүмкін. Осыған орай, тиреоидті препараттармен орнын басу терапиясы алғашқы 2–4 аптасында преднизолонның аздаған мөлшерін қабылдаумен жүру керек (5–10 мкг/тәул), әсіресе гипотиреоздың ауыр ағымында.

Тиреоидті препараттармен орнын басу терапиясында гипотиреозбен ауыратын науқастар липидті алмасудың бұзылысын реттеу үшін, бас миының қызметтік жағдайын жақсарту үшін поливитаминді кешендерді (пирацетам, ноотропил) қабылдауы қажет.

Гипотиреоздің шеткері түрлерін емдеуде қазіргі таңда қаннан антитиреоидты антиденелерді жою және тиреоидты гормондардың тіндерге сезімталдығын қалпына келтіру үшін плазмаферез және гемосорбцияны қолдану ұсынылады.

Гипотиреоидтық кома — гипотиреоздің дұрыс емделуінің немесе мүлде емделмеу салдарынан пайда болған жедел жағдайы.

Белгілері: гипотермия, енгігу, брадикардия, АҚ төмендеуі, гипогликемия, бет, қол және дененің ісінуі, несептің жедел тоқтауы.


Өзіндік терапиясы:

- гипотиреоидты препараттармен орнын басу терапиясы: L-тироксин таңдау препараты болып табылады (миокардқа теріс әсері төмен), әр 6 сағат сайын енгізіледі;
- сонымен қоса глюкокортикоидтарды бүйрек үсті безінің жеткіліксіздігін алдын алу үшін қолданады.


ҚАЛҚАНША МАҢЫ БЕЗДЕРІ

Қалқанша маңы бездерінің анатомиясы мен топографиясы

Қалқанша маңы бездің екі бөлігін айырады: жоғарғы қалқанша маңы безі және төменгі; олар қалқанша безінің артқы бетінде орналасқан және сары-қоңыр түсті, дөңгелек немесе сопақша пішінде болып келеді; бұл без борпылдақ дәнекер жасушада орналасады, сыртқы және ішкі меншікті және сыртқы шандыр қалқанша безінің қапшығын түзеді (46, 47-сурет).



46-сурет. Қалқанша маңы безі. Артқы беті: 1 – жоғарғы қалқанша маңы безі; 2 – қалқанша безі; 3 – төменгі қалқанша безі; 4 – жұтқыншақ (артқы беті)



47-сурет. Қалқанша маңы безінің гистологиялық құрылысы: 1 – капсула; 2 – паратироциттердің созындылары; 3 – бөлікаралық дәнекер тін; 3.1 – дәнекер тіннің құрамындағы май жасушалары; 4 – тамырлар. Бояуы гематоксилин и еозин

Жоғарғы қалқанша маңы безі артынан қалқанша безінің бөлігімен жанасады, шамамен жүзік тәрізді шеміршек доғасының деңгейінде орналасқан; төменгісі — кеңірдек пен қалқанша без бөлшегінің түбі деңгейінде; төменгі қалқанша маңы безі жоғарыға қарағанда ірілеу болады; бездердің саны әр түрлі: көбінде 4 қалқанша маңы безі болады, 30% жағдайда — төрттен, сирек (1% аз) — 1–3 бездер кездеседі; бездердің атиптік орналасуы да мүмкін (алдыңғы немесе артқы көкірек аралықта, өнештің артында, жанында, жалпы ұйқы артериясының бөлінуі және т.б.); сирек жағдайда қалқанша маңы безі қалқанша без паренхимасында орналасады; қалқанша маңы безі жұқа дәнекер қапшықтан тұрады, ол қапшық әрі бездердің арасына өтеді.

Қалқанша маңы безінің қызметтері:

- паратирин гормоны — тирокальцитониннің антагонисі, қандағы Са деңгейін ↑, ол үшін ол остеокластарды белсендіру

арқылы сүйектің минералдық компонентін күйретеді, сонымен қатар, ішектерде D дәруменінің түзелуін арттыру арқылы Са сіңірілуін жоғарылатады;

- биогенді аминдермен және кальцитонинмен арақатынаста болады.

Құрылысы. Паренхиматозды мүше. Стромасын капсула және безді толық бөліктерге бөлмейтін, жарым-жартылай енген трабекулалар құрайды. Строманың құрамында көптеген қан тамырлары және май жасушаларының жиынтығы орналасады.

Трабекулаларды: басты (базофилді: ашық және күңгірт) және оксифилді паратироциттер түзейді. Күңгірт жасушалар белсенді жұмыс атқарып тұрғандар, оларда көлемдері 400 нм дейін жететін көптеген түйіршіктер болады. Ашық жасушалар — қызметтік тұрғыдан белсенділіктері төмен болатын жасушалар.

Оксифилді жасушалар (APUD-жүйе) кейде мүшенің бүкіл паренхимасына жайыла орналасқан, кейде аздаған көлемде жиынтықтар түзейді. Адамның жасы ұлғайған сайын бұл жасушалардың саны көбейе түседі, ал нәрестелерде мүлдем анықталмайды. Жасушалардың біраз бөлігі кальцитонин өндіреді.

Қалқанша маңы бездерінің патологиясы

16-кестеде қалқанша маңы бездерінің патологиясының этиологиясы, патогенезі және клиникалық көріністері берілген.

16-кесте. Гипо- және гиперпаратиреоздар этиологиясы, патогенезі және олардың клиникалық көріністері (Окороков А.Н., 2004)

Этиология, патогенез	Клиникалық көріністері
Гипопаратиреоз	
Тиреодектомия кезінде қалқанша маңы безін алып тастау, қабыну, генетикалық жеткіліксіздік, бездердің аутоиммунды зақымдануы, токсикалық жемсауды радиоактивті йодпен емдеу – паратгормонның гипопродукциясы	Гипокальциемия, гиперфосфатемия → тетания (симптомды кешен түрінде ұстамалы қалтырау), ағзалар мен жүйелердің вегетативті реттелуінің бұзылысы

16-кестенің соңы

Этиология, патогенез	Клиникалық көріністері
Гиперпаратиреоз (Реклингаузен ауруы немесе жайылмалы фиброзды-кистозды остеодистрофия)	
Қалқанша маңы безінің аденомасы немесе гиперплазиясы кезінде туындайды	Кенеттен, қайталамалы, ұзақ уақыт бойы жазылмайтын сүйектердің сынуы. Остеопороз, аяқтардың деформациясы, шайқалмалы («үйрек тәріздес») жүрістің пайда болуы
Паратгормонның гиперпродукциясы → остеокластардың белсенуі → лимон қышқылының қатты өндірілуінен жергілікті ацидоздың дамуы → сүйектен қанға фосфат және Ca^{2+} өтуінің стимулденуі → сүйектердің кистоздық өзгеруі, сүйек тіндерінің фиброзға алмасуы → сүйек тінінің жұмсаруы	Жалпы әлсіздік
Паратгормонның гиперпродукциясы → бүйрек түтікшелерінде фосфор реабсорбциясының бәсеңдеуі → зәрмен бірге фосфор бөлінуінің күшеюі → гипофосфатемия → компенсаторлық түрде сүйектерден органикалық емес фосфордың қанға өтуі	Полиурия, полидипсия
Гиперкальциемия → жүйкелік бұлшықеттік қозудың төмендеуі	Бүйрек-тас ауруы
Гиперкальциурия → бүйректе су реабсорбциясына АДГ әсерінің төмендеуі	Орталық жүйке жүйесі қызметінің бұзылысы

ҰЙҚЫ БЕЗІ

Ұйқы безінің анатомиясы және топографиясы

Ұйқы безі (*pancreas*) — ас қорыту жолындағы көлемі бойынша екінші без, ол аралас секрециялы без болып табылады.

Голотопия: сол жақ қабырға астында және құрсақ үсті аймағында орналасқан, іш перде артындағы кеңістікте, қақпа венасымен, жалпы өт өзегімен, қолқаның құрсақтық бөлігімен және құйрықты бөлігі сол жақ бүйрекке, бүйрек үсті безіне, көк бауырға жанасып орналасқан. Ұйқы безінің бөліктері: басы, денесі, құйрығы. Ұйқы безінің беттері: артқы беткейі, алдыңғы беткейі, төменгі беткейі. Ұйқы безінің жиектері: жоғарғы, алдыңғы, төменгі. Ұйқы безі іш пердемен тек алдынан ғана жабылған, адвентициямен — қалған беттері жабылған (ретроперитонеальды орналасқан).

Ұйқы безінде экзокриндік және эндокриндік бөліктерді айырады.

- ✦ Ұйқы безінің экзокриндік бөлігі күрделі альвеолярлы-түтік-тік без болып келеді және панкреатикалық сөл бөледі, ол *ductus pancreaticus* арқылы он екі елі ішекке түседі.
- ✦ Ұйқы безінің эндокриндік бөлігі Лангерганс—Соболев аралшықтарына бекіген, олар ұйқы безінің құйрықты аймағында орналасқан: Лангерганс аралшығы — біріккен жасушалық топ, олар ұйқы безінің паренхимасының негізінен ақшыл түс арқылы бөлінеді.

Ол эмбриогенездің 3-аптасында кеуделік ішектің энтодермасынан дамиды. Пайда болған екі томпаймадан бездің денесі, басы және құйрығы түзіледі. Эмбрионалдық дамудың 3-айының аяғында энтодермалдық бастамалар экзо- және эндокриндік бөліктерге бөлінеді. Олардан ацинустар және Лангерганс арал-

шықтары құралады. Бездің сыртын қаптап тұратын капсуласы және бөлікшелердің араларында орналасқан борпылдақ талшықты дәнекер тін мезенхимадан туындайды.


Ұйқы безінің қызметтері. Эндокриндік қызмет бірқатар гормондарды өндірумен іске асырылады. Бұл мүшеде қандағы қанттың мөлшерін төмендететін инсулин, қанттың мөлшерін керісінше жоғарылататын глюкагон, асқазан-ішек жолдарының эпителиінің көбеюі мен бездерінің жұмысын реттейтін вазоинтестиналды полипептид, артериялы қан қысымын төмендететін және ұйқы безінің экзокриндік жұмысын жандандыратын панкреаттық полипептид гормондары бөлінеді.

Құрылымы. Ұйқы безі бөліктерге бөлінген паренхималық мүше. Оның стромасын висцералды шажырқаймен біріге орналасқан дәнекер тіндік капсула және одан бездің ішіне кіре орналасқан трабекулалар құрайды. Борпылдақ талшықты дәнекер тіннің жұқа қабаттарында бездің экзокринді бөлігінің шығару өзектері, қан тамырлары, жүйкелер, интрамуралды түйіндер, Фатер–Пачини денешіктері орналасады.

Паренхима ацинустардан, шығару өзектерінен және Лангерганс аралшықтарынан құралады. Әрбір бөлікшеде экзо- және эндокринді бөліктер анықталады.

Ұйқы безінің эндокринді бөлігінің құрылысы. Ұйқы безінің эндокриндік бөлігінің құрылымдық-қызметтік бірлігі Лангерганс аралшығы (инсула) болып табылады. Ол ацинустардан борпылдақ талшықты дәнекер тінімен бөлектенген, гистологиялық препараттарда ол ашықтау болып келеді. Фенестрленген гемокапиллярлар орналасқан борпылдақ талшықты дәнекер тін қабаттарының арасында анықталатын инсулоциттер аралшықтарды құрайды. Бояуды қабылдауына орай инсулоциттерді А, В, D, D₁ және PP деп жіктейді.

Барлық ациноциттердің 20–25% құрайтын ацидофильді немесе **α -жасушалардың** цитоплазмасында қышқыл бояуларды қабылдайтын өнім түйіршіктері болады. Түйіршіктердің сыртында жінішке ашық жиекше анықталады. Жасушалардың жақсы дамып жетілген нәруыз түзеуші аппараты бар. Олар глюкагон гормонын өндіреді. Бұл гормон инсулинге карама-қарсы әсер көрсетеді. Атап айтсақ, ол бауырдағы гликогеннің ыдырауын белсендіру арқылы қанның құрамындағы глюкозаны көбейтеді (48-сурет).



48-сурет. Ұйқы безі: 1 – панкреаттық аралшықтар; 2 – экзокриндік ацинустар; 3 – қан тамыры. Бояуы гематоксилин және эозин

Бұл әсердің негізінде гликогеннің бауырда көптеп ыдырауы мен глюконеогенез үдерісін ынталандыру жатыр. Глюкагон майлы деполардан майды шығаруға септеседі. Осылайша, глюкагонның әрекеті инсулиннің әсеріне қарама-қарсы. Глюкагоннан басқа, тағы бірнеше гормондар бар, олар өзінің көмірсумен алмасу қызметі бойынша инсулинге антогонист болып табылады: кортикотропин, соматотропин, глюкокортикоидтер, адреналин, тироксин.

β-жасушалар немесе базофильді инсулоциттер негізгі бояуларды қабылдап, көк түске боялады. Олар аралшықтың барлық жасушаларының 75% түзейді. Жасушаларда нәруыз түзеуші органеллалар жақсы дамып жетілген, ал секреторлық түйіршіктерінің сыртында жалпақ ашық жиекше анықталады. β-жасушалар инсулинді өндіреді. Инсулин жасушалардың глюкозаны сіңіруін арттыру арқылы қанның құрамындағы қанттың мөлшерін төмендетеді. Бауырда инсулин глюкозадан гликогеннің түзелуін жоғарылатады. Инсулиннің аз өндірілуі нәтижесінде қант диабеті қалыптасады.

Нәруыз алмасуына әсері бойынша инсулин соматотропиннің синергисті болып табылады. Соматотропиннің ықпалымен физикалық даму мен өсудің адекватты стимуляциясы қанда жеткілікті инсулин шоғырлануы жағдайында ғана өтетіні анықталған.

Нәтижесінде, инсулиннің май алмасуға ықпалы липогенез үдерісінің күшеюімен, майдың майлық деполарда қоймалануымен көрінеді. Инсулиннің әсерімен тіндерді қайтара пайдалану мен глю-

козаны энергетикалық субстрат ретінде пайдалану артатындықтан, майлы қышқылдардың бір бөлігі энергетикалық шығыннан сақталады және соңында липогенез үшін пайдаланылады. Бұдан басқа, майлы қышқылдардың қосымша саны глюкозадан, сондай-ақ олардың бауырдағы синтезін жылдамдату есебінен құралады. Майлы деполарда инсулин липаза белсенділігін тежейді және триглицеридтердің пайда болуын ынталандырады.


Инсулинді өндіру қан плазмасында глюкозаның шоғырлануына байланысты теріс кері байланыстың механизмімен реттеледі. Глюкозаның жоғарылауы инсулинді өндіруді күшейтуге көмектеседі; гипогликемия жағдайында инсулиннің түзілуі, керісінше, тежеледі (49-сурет). Жылжымалы жүйке стимуляциясы кезінде кейбір гастроинтестинальді гормондардың (асқазан ингибирлеуші пептид, холецистокинин, секретин) әсерінен қанда амин қышқылдар көбейгенде, инсулин секрециясы біршама жоғарылайды, D-жасушалар барлық эндокриноциттердің 5% жуығын құрайды. Жасушаның цитоплазмасында орташа тығыздықты түйіршіктер анықталады. Ашық жиекшесі жоқ түйіршіктер соматостатин гормонынан тұрады. Ол α және β жасушалардың және ациноциттердің жұмысын тежейді. Сонымен қатар соматостатин әр түрлі жасушалардың митозын тежей алады.

D₁-жасушалардың секреторлық түйіршіктерінің жіңішке ашық жиекшесі болады. Олар артериялық қан қысымын төмендететін және панкреаттық сөлдің өндірілуін арттыратын вазоинтестинальды полипептидті бөледі.

PP-жасушалар аралшық эндокриноциттерінің жалпы санының 2–5% түзейді. Көбінесе олар Лангерганс аралшығының шетінде орналасады, кейде бездің экзокриндік бөлігінде кездеседі. Жасушаның құрамында пішіні, көлемі, тығыздығы әр түрлі өнім түйіршіктері болады. Жасушалар панкреаттық полипептид өндіреді, ол ұйқы безінің экзокриндік қызметін тежейді (49-сурет).

Жас балалардың ұйқы бездерінің аралшықтарында гастрин өндіретін G-жасушалар анықталады.

Ұйқы безінің бөліктерінде экзокриндік және эндокриндік жасушалардан басқа, аралас инсулоациноздық жасушаларды да ажыратады. Бұл жасушаларда ірі зимогенді және ұсақ эндокринді түйіршіктер бірдей анықталады. Инсулоациноздық жасушалардың үш түрін ажыратады: α , β және δ . Олардың эндокриндік түйіршік-



49-сурет. Кері байланыс механизмі бойынша қандағы гормондар деңгейін реттеу

терінде инсулин, глюкагон және соматостатин болады. Бұл жасушалар бір мезгілде гормонды және ферментті өндіреді. Инсулоациноздық жасушалардың маңызды қызметтерінің біріне өндірілген протеаздардың ықпалының нәтижесінде гормондарды белсендіру (мысалы проинсулинді инсулинге айналдыру) болып табылады. Кейбір ғалымдар инсулоациноздық жасушалардың ациноциттердің инсулоциттерге айналуының бір көрінісі деген пікір айтады.

Гипергликемия синдромы

Гипергликемия синдромы — қалыпты көрсеткіштермен (3,3–5,5 ммоль/л) салыстырғанда қан сарысуында глюкоза деңгейінің жоғарылауымен жүретін синдром.

Гипергликемия синдромының себептері

- ✧ Қант диабетінің 1-ші түрі (β -жасушалардың деструкциясы абсолютті инсулиндік жеткіліксіздікке әкеледі):
 - аутоиммунды;
 - идиопатиялық.
- ✧ Қант диабетінің 2-ші түрі (инсулинге резистенттілік аясында инсулиннің бұрыс секрециясы, қалыпты инсулин концентрациясы кезіндегі инсулин сезімтал тіндердің реакциясының төмендеуі).
- ✧ Диабеттің басқа түрлері:
 - β -жасушалардың генетикалық ақаулары;
 - инсулин әсерлерінің генетикалық ақаулары;
 - ұйқы бездің экзокринді бөлігінің ауруларында (ұйқы бездің жарақаттары, панкреатэктомия, неоплазиялар, кистозды фиброз, гемохроматоз және фиброкалькулезды панкреатопатия);
 - эндокринопатиялар (Иценко–Кушингсиндромы, акромегалия, жайылмалы уытты жемсау, феохромоцитома);
 - дәрілер және химиялық заттар;
 - инфекциялар (қызылша вирустары, цитомегаловирус, паротит вирусы);
 - иммундық себептен дамыған диабеттің басқа түрлері;
 - генетикалық синдромдар.
- ✧ Гестациялық қант диабеті (жүктілердің қант диабеті).

Қант диабеті

Қант диабеті — зат алмасудың барлық түрлерінің, әсіресе көмірсу алмасуының бұзылуына, нәтижесінде тамырлардың, жүйке жүйесінің және басқа да мүшелер мен жүйелердің зақымдалуына әкелетін инсулин әсерінің немесе оның түзілуінің жеткіліксіздігі нәтижесінде дамиды. Созылмалы гипергликемия синдромымен сипатталатын эндокринді-гетерогендік жүйелі ауру.

Қант диабетінің 1-ші түрі — кетоацидоздың дамуымен жүретін вирустық инфекция салдарынан ұйқы безінің β -жасушаларының деструкциясынан дамиды. Көмірсу алмасуының бұзылысы. β -жасушалардың деструкциясы, олардың санының азаюы иммундық немесе аутоиммундық үрдіске байланысты дамиды. Болса, ҚД аутоиммунды деп есептеледі.


Қант диабетінің 2-ші түрі. Бұл диабеттің дамуында тіндердің инсулинге резистенттілігінің төмендеуі жатыр. β -жасушалардың функционалдық қызметінің төмендеуі аясында қалыптасады.

Инсулиндік жетіспеушілік:

- **ұйқы бездік** (абсолютті), Лангерганс аралшықтарындағы β -жасушаларының зақымдалуынан дамиды, негізінде 1-типті диабет жатады;
- **ұйқы безден тыс** (салыстырмалы), бұл кезде инсулин өндіріледі, бірақ әсері болмайды. Негізінде инсулинге тәуелді емес қантты диабетке 2-типті диабет жатады.

ҚД 1-түрінің этиологиясы

Тұқым қуалаушылыққа бейімділік (HLA гендер жүйесіне байланысты), 80% жуық жағдайда мына адамдарда HLA-DR-3, HLA-DR-4 ҚД 1 дамиды (50-сурет).



50-сурет. ҚД 1-түрінің этиологиясы

ҚД 2-түрінің патогенезі

- жасуша беткейлеріндегі инсулиндік рецепторларының азаюы және/немесе зақымдалуы;
- инсулиннің әсер ету пострецепторлық механизмінің бұзылуы;
- қан нәруыздарының инсулинмен тығыз байланысы;

- антиденелермен инсулиннің ыдыратылуы;
- инсулин антагонистерінің жоғары деңгейі (контринсулярлық гормондар, бос май қышқылдары);
- бауыр инсулиназасымен инсулиннің бұзылуы.

ҚД 2-түрі (80–90% жағдайда жиі кездеседі), 40 жастан кейін пайда болады, баяу дамиды, жиі семіздікпен зардап шегетін адамдарда дамиды. Полиурия, полидипсия, әлсіздік дамиды. Инсулин деңгейі жоғары немесе қалыпты болады. Кетоацидоз сирек кездеседі.

Гиперинсулинемия әсерлері

- ✦ Инсулиндік рецепторларының сезімталдығының төмендеуі, пострецепторлық механизмдерінің тежелуіне байланысты олардың бөгелуі және санының азаюы, осылардың нәтижесінде инсулин өз әсерін көрсетеді.
- ✦ Тағаммен артық мөлшерде түскен глюкоза мен майлары май тінде артық мөлшерде жиналады, ол организмнің тіндерінің инсулиндік резистенттілігінің жоғарылауына әкеледі.
- ✦ Майлардың ыдырауының тежелуі, ол өз алдына семіздіктің дамуына ықпал етеді.
- ✦ Без β -жасушаларының функционалдық қабілетіне жағымсыз әсерлер олардың секреторлық қабілетінің төмендеуіне әкеледі (17-кесте).

17-кесте. Екіншілік қант диабетінің ең жиі тараған себептері (Фролова В.А., 2003)

Біріншілік ауру	Патологияның даму механизмі	Гормоналды әсерлер	Қандағы глюкоза деңгейіне әсері
Акромегалия (гигантизм)	Ісік	Өсу гормонының жоғарылауы	Өседі
Феохромоцитома	Бүйрек үсті бездің миы қабатының ісігі	Адреналин өндірудің өсуі	Өседі
Иценко–Кушинг синдромы	Бүйрек үсті бездің қыртысты қабатының гиперфункциясы	Кортизол мөлшерінің өсуі	Өседі
Гемохроматоз	Темірдің жинақталуына байланысты ұйқы бездің зақымдануы	Инсулин өндірілудің төмендеуі	Өседі
Созылмалы панкреатит	Ұйқы бездің қабыну салдарынан зақымдануы	Инсулин өндірілудің төмендеуі	Өседі

Қант диабетінің диагностикасы

ДДСМ сәйкес қантты диабет диагнозы келесі үш шарттың біреуі болған жағдайда қойылады:

- полиурия, полидипсия, үдемелі жүдеу және кез келген уақытта анықталған капиллярлық гликемия $\geq 11,1$ ммоль/л;
- капиллярлық қандағы гликемия аш қарынға $\geq 6,1$ ммоль/л;
- глюкозамен жүктемеден 2 сағаттан кейінгі (200 мл суға 75 г глюкоза) капиллярлық гликемия $\geq 11,1$ ммоль/л.

Диабеттің клиникалық көрінісінде екі топ симптомдарын бөледі: негізгі және қосымша (18-кесте).

18-кесте. Қант диабетінің басты симптомдары (Нұрмұхамбетов А.Н., 2004)

Симптомдар	Патогенезі
Гипергликемия	Абсолютті немесе салыстырмалы инсулин жетіспеушілігі
Глюкозурия	Қандағы глюкоза деңгейі бүйректік табалдырықтан асып кетеді Бүйрек түтікшелеріндегі гексокиназа белсенділігінің төмендеуі Біріншілік зәрден глюкозаның реабсорбциялануы
Полиурия	Глюкоза біріншілік зәрдің осмостық қысымын жоғарылатады, бұл судың реабсорбциялануына кедергі жасайды
Гиперосмолярлық гипогидратация	Полиурия Гипергликемия
Полидипсия (шөлдеу, көп су ішу)	Гиперосмолярлық гипогидратация
Полифагия (шамадан тыс тағам қабылдау)	Инсулин жетіспеушілік салдарынан көректік заттардың сіңірілуінің бұзылысы

Диабеттің негізгі симптомдары 1-ші түріне тән. Олар жедел дамиды. Наукастар аурудың пайда болу уақытын дәл айтып бере алады.

Қосымша белгілер ұзақ уақыт бойы қалыптасады. Бұл симптомдар қант диабетінің 1-ші және 2-ші түрлеріне тән (19-кесте).

Екіншілік (қосымша) симптомдар:

- терінің қышуы (әйелдерде жыныс мүшелерінің аймағында);
- ауыздың құрғауы (сусыздану және сілекей бездерінің қызметінің төмендеуіне байланысты);
- жалпы бұлшықеттік әлсіздік;
- бастың ауруы;
- терінің қабынуы;
- көрудің бұзылуы;
- 1-ші түрінде — зәрде ацетон иісінің шығуы.

19-кесте. Қант диабетінің 1-ші және 2-ші түрлерінің сипаттамасы (Окороков А.Н., 2004)

Белгісі	ҚД-нің 1-ші түрі	ҚД-нің 2-ші түрі
Ауру басталған кездегі науқастың жасы	Жасы 30-ға дейін	40-тан аса
Аурудың басталуы	Бірден	Біртіндеп
Дене салмағы	Төмен	Көбіне семіздік
Жынысы	Ер кісілер жиірек ауырады	Әйелдер жиірек ауырады
Клиникалық симптомдардың айқындылығы	Айқын	Онша айқын емес
Кетоацидоз	Кетоацидоздың дамуына бейімділік	Әдетте дамымайды
Қандағы кетон денелерінің деңгейі	Жиі жоғары	Әдетте қалыпты
Зәр анализі	Глюкоза мен ацетон жиі анықталады	Әдетте глюкоза ғана
Ауру басталуының маусымы	Күзгі-қысқы мезгілде	Мерзімділік байқалмайды
Инсулин және плазмадағы	Инсулинопения және	Қалыпты немесе гиперинсулинемия (инсулинопения сирек, әдетте ұзақ уақыт ауырғанда)
С-пептид	С-пептидтің төмендеуі	
Ұйқы безінің жағдайы	В-жасушалардың азаюы, олардың дегрануляциясы, β-жасушаларда инсулиннің азаюы немесе мүлдем болмауы, аралшық А-, D- және PP-жасушалардан тұрады	Аралшықтардың саны мен В-, А-, D- және PP-жасушалардың мөлшері жас деңгейіне сәйкес қалыпты
Ұйқы безінің аралшықтарына қарсы денелердің анықталуы	Аурудың бастапқы кезінде әдетте анықталады	Әдетте анықталмайды
Генетикалық маркерлер	HLA – DR3, DR4, DQA1, DQB1 қосарлану	HLA жүйесінің гендері сау адамдардан ерекшеленбейді

19-кестенің соңы

Белгісі	ҚД-нің 1-ші түрі	ҚД-нің 2-ші түрі
Монозиготты егіздерде конкорданттылықтың болуы	50%-дан кем	90%-дан астам
1-ші дәрежедегі туыстарда диабет дамуының жиілігі	10%-дан кем	20%-дан астам
Емі	Диета, инсулин	Диета, ауыз арқылы берілетін қант деңгейін төмендететін препараттар (инсулин сирек)
ҚД-нің кеш дамиды асқынулары	Көбіне микроангиопатиялар	Көбіне макроангиопатиялар
Қант диабетінің асқынулары	Ауыр өтеді. 10 жылдан соң. Ересек адамдарда бар (40 жастан соң диабетсіз адамдағылардай)	Жеңіл өтеді. 5 жылдан соң жиі байқалады.
Басқа аутоиммунды аурулармен қосарлануы	Жиі Хасимото тиреоидиты, В12-тапшылық анемия	Тән емес

Глюкозаға толеранттылығының бұзылуы. Глюкозаға толеранттылығының бұзылуы — қант диабетінің клиникалық тобы, бұл кезде клиникалық көріністері болмайды, бірақ глюкозаға толеранттылығының төмендеуі түрінде көмірсу алмасуының бұзылыстары көрінеді.

Глюкозаға толеранттылығының бұзылуын анықтау үшін глюкоза-толеранттық тест өткізеді, бұл жағдайда капиллярлық қанда гликемияның аш қарындағы деңгейін және 2 сағаттан соң 200 мл 75 г глюкозаны қабылдаған соң анықтайды (20-кесте).

20-кесте. Қант диабетінің критерийлері және глюкозаға толеранттылығының бұзылуы

Қант диабетінің топтары	Капиллярлық қанда глюкоза деңгейі (ммоль/л)	
	Аш қарында	Глюкоза қабылдаған соң 2 сағаттан кейін
Глюкозаға толеранттылығының бұзылу түрі	6,7-ден кем	7,8–11,1-ден кем
Қант диабеті	6,7-ден артық	11,1-ден артық

Гликозилирленген гемоглобин (HbA1). Қандағы глюкоза деңгейін ұзақ уақыт бақылайтын зертханалық тест.

Гемоглобиннің глюкозалануы жоғары болған сайын, қандағы глюкоза мөлшері нашар бақыланады.

Нормалар:

- HbA1 = 5,0–9,0% (анықтау әдісіне байланысты); HbA1c = 4,7–6,1%.

Диабеттің жақсы бақылауы кезінде HbA1c <6,5%. 6,5–7,5% мөлшеріндегі көрсеткіштер шекаралық болып саналады. Егер көрсеткіш 7,5% жоғары болса, онда қандағы глюкоза мөлшерін бақылау адекватты емес болып саналады.

ҚД кезіндегі май алмасуының бұзылысы

❖ **Гиперлипидемия.** Қандағы төмен тығыздықты липопротеидтер және өте төмен тығыздықты липопротеидтер деңгейінің жоғарылауы.

❖ **Гиперкетонемия, кетонурия** — кетоз:

- кетонды денелер өндірілуінің артуы ↑ липолиз → қандағы бос май қышқылдары ↑ → бауырға түседі → β-тотығының белсенуі → ацетил — КоА↑ → кетонды денелер синтезінің артуы (ацетоуксусты қышқылдар, β-тотықты май қышқылдары, ацетон);
- Кребс циклында энергия көзі ретінде кетондық денелердің қайта өңделуі.

❖ **Бауырдың майлы инфильтрациясы** (бауырға бос майлы қышқылдар түсуінің жоғарылауы, липопротеидтер синтезінің төмендеуі және олардың қандағы секрециясы).

ҚД кезіндегі нәруыздар алмасуының бұзылысы:

- нәруыз синтезінің төмендеуі (инсулин тапшылығынан амин қышқылдардың трансмембраналық тасымалданудың бұзылысы, полисомдар деградациясы, трансляция үдерісінің бұзылысы) → гипераминацидемия, аминацидудурия;
- нәруыздар катоболизмінің белсенуі → теріс азоттық баланс, гиперазотемия;
- организмнің инфекцияға төзімділігінің және антидене синтезінің төмендеуі.

Қантты диабеттің алғашқы белгілері оған тән симптомдармен емес, олардың асқинуларымен көрінуі мүмкін, оның ішінде:

- терінің қайталанатын инфекциялық аурулары, кандидозды стоматит, яғни ауыздың уылуы сияқты (син.: молочница);


- микотикалық стоматит;
- шеткері артерияның зақымдануы, табанның трофикалық жаралары;
- ИБС және ми қан айналымының бұзылысы;
- шеткері нейропатия, эректильді дисфункция (импотенция).

Жоғарыда көрсетілген аурулардың кез келгенінде, жасырын (симптомсыз) жүріп жатқан диабетті табу үшін қантты міндетті түрде зерттеу керек.

Дұрыс ем болмаған жағдайда балаларда патологиялық симптомокешен дамиды, онда физикалық және жыныстық дамудың тежелуі, гепатомегалия болады (Мориака синдромы).

Қант диабетінің созылмалы асқынулары

Қант диабетінде ағзалардағы барлық тамыр жүйелері зақымдалады. Оны диабеттік ангиопатия деп атайды. Диабеттік ангиопатия екіге бөлінеді: макроангиопатия және микроангиопатия. Сонымен қатар диабеттік нейропатия да дамиды (51-сурет).



51-сурет. ҚД-тегі ЖИА дамуының қауіп факторлары

Диабеттік ангиопатия — қант диабетіндегі тамырлардың генерализацияланған зақымдануы, яғни ұсақ (микроангиопатия), орташа және ірі тамырлардың (макроангиопатия) зақымдануы. Диабеттік макроангиопатия кезінде нысана-мүшелерге жүрек және

аяқтардың тамырлары жатады. Яғни, диабет кезінде жүрек және аяқ қан тамырларындағы атеросклероздық үдерістер тез өршиді.

Қантты диабетпен ауырған науқастардағы ЖИА-ның клиникалық ерекшеліктері

- ◆ Ерлер және әйелдерде ЖИА дамуы жиілігі бірдей.
- ◆ Ауырсынусыз ЖИА жиі кездеседі («мылқау»), бұл түрлерінде кенеттен өлім қауіпі жоғары.
- ◆ Постинфарктты асқинулардың жиі болуы: кардиогенді шок, іркілулік жүрек жеткіліксіздігі, жүрек ырғағының бұзылыстары.
- ◆ Бірінші аптада немесе 1-ші айдағы өлім көрсеткіштері қантсыз диабеттегі ЖИА-нан 2 есе жоғары.

Аяқтардың диабеттік макроангиопатиясының симптомдары:

- аяқтардың тоңазуы, әлсіздігі, әсіресе жүргенде, ұзақ уақыт тұрғанда;
- ауыспалы ақсау синдромы — балтыр бұлшықеттерінің ауырсынуы;
- тізе және балтыр терісінің трофикалық бұзылыстары, табанның мұздауы;
- табан және балтыр терісінің мәрмәрлануы;
- тізе бұлшықеттерінің атрофиясы;
- балтырдағы түктердің түсуі;
- саусақтардың цианозы;
- *a. tibialis posteriori* және *a. dorsalis pedis* үстінде пульсацияның әлсіреуі;
- табандағы қан айналым бұзылысының ақырғы көрінісі — гангренаның, әдетте саусақтардың гангренасының дамуы.

Диабеттік табан синдромы. Қантты диабетпен науқастардың 30–80%-да кездесетін күрделі анатомиялық-функционалдық өзгерістермен білінетін синдром (52-сурет, А, Б).

Диабетпен ауыратын науқастардың аяқтарының ампутациясы диабетсіз науқастармен салыстырғанда 15 есе жиі кездеседі. Диабеттік табан даму негізінде үш фактор жатыр:

- нейропатия;
- аяқтардың артериялары зақымдануы;
- инфекция.

Нейропатиялық өзгерістердің немесе шеткері қан ағыстың бұзылуына байланысты диабеттік табанның негізгі екі түрін бөледі:

- нейропатиялық;
- ишемиялық.



52-сурет. А – Аяқтың екінші бақайының ойық жарасы, ылғалды гангрена дамуына әкеліп соққан жұқпа, бақайдың ампутациясы көрсетілген. Б – жетілген Шарко табаны

Диабеттік микроангиопатия кезінде көздің торлы қабатының тамырлары (диабеттік ангиоретинопатия) және нефрондардың қан тамырлары (диабеттік ангионепропатия) зақымданады. Сонымен, диабеттік микроангиопатияның нысана-мүшелеріне көз және бүйрек жатады.

Диабеттік ретинопатия. Диабеттік ретинопатия ҚД-пен ауыратын науқастарда соқырлықтың дамуының негізгі себебі. Жалпы популяциямен салыстырғанда ҚД кезінде соқырлық 25 есе жиі дамиды (ДДСҰ, 1997). Диабеттік ретинопатияның даму қаупі көмірсу алмасудың декомпенсациясының ұзақтығына және диабеттің түріне байланысты. Аурудың басталуынан 20 жыл өткен соң науқастардың 98%-да ретинопатия қалыптасады.

Диабеттік ретинопатияның жіктелуі (1992, Kohner E. және Porta M.; ДДСҰ):

- пролиферативтік емес (ДР I);
- пролиферация алды сатысындағы ретинопатия (ДР II);
- пролиферативті ретинопатия (ДР III).

Диабеттік нефропатия — ҚД кезінде спецификалық бүйректің зақымдалуы, диффузды гломерулосклероз бен түйіннің пайда болуымен жүреді. Терминалды сатысы созылмалы бүйрек жеткіліксіздігінің дамуына алып келеді. Диабеттік нефропатия ҚД-пен науқастардың 75%-да кездеседі. Науқастарда протеинурияның

пайда болуы диуретиктермен емдеуге резистентті ісіктердің дамуына әкеледі. Ісіктерге артериялық гипертензия қосылады. Артериялық гипертензия емге көнеді.

Диабеттік нефропатияның бастапқы сатыларында субъективті көріністер жоқ. Симптомдар айқын сатыларында ғана білінеді және бастың ауруымен, көрудің төмендеуімен (артериялық гипертензияның бастапқы сатысында), беттің ісінуімен, жалпы әлсіздікпен, тәбеттің төмендеуімен, диспепсиялық бұзылыстармен (созылмалы бүйрек жеткіліксіздігінде (СБЖ) білінеді.

Диабеттік нефропатияның айқын клиникалық сатысының белгілері:

- үдемелі протеинурия;
- артериялық гипертензия;
- нефротикалық синдром (наукастардың 30%-да);
- шумақтық фильтрацияның үдемелі төмендеуі және СБЖ қалыптасуы.

Диабеттік нефропатияның ерте белгісіне микроальбуминурия жатады (қалыптыдан жоғары альбуминнің зәрдегі экскрециясы, бірақ протеинурияға жетпейтін).

Қантты диабетпен ауыратын науқаста тұрақты микроальбуминурияның пайда болуы болашақтағы 5–7 жыл ішінде диабеттік нефропатияның клиникалық айқын сатысы қалыптасатындығын көрсетеді (21-кесте).

21-кесте. Альбуминурияның жіктеуі

Альбуминурияның түрі	Альбуминнің зәр мен экскрециясы		Альбуминдердің концентрациясы
	Зәрді қысқа уақытта жинағанда	Тәуліктік зәрде	
Нормоальбуминурия	20 мкг/мин кем	30 мг кем	20 мг/л кем
Микроальбуминури	20–200 мкг/мин	30–300 мг	20–200 мг/л
Макроальбуминури	200 мкг/мин астам	300 мг астам	200 мг/л астам

Егер бір рет жиналған зәрде 20 мг/л-ден астам микроальбуминурия анықталатын болса, ал тәуліктік зәрдегі альбумин 30 мг-нан асса және 6–12 аптадан соң қайталанса, онда диабеттік нефропатия диагнозын қоюға болады

Диабеттік нефропатияның алғашқы үш сатысы стандартты зерттеуде анықталмайды. Бірақ уақытылы емдеуде кері қайтуы мүмкін. Протеинурияның пайда болуы бүйректің қайтымсыз зақымдануын

көрсетеді. Сондықтан бүйректің диабеттік зақымдануының алдын алу үшін диабеттік нефропатияның ерте сатыларын анықтаған жөн (22-кесте).

22-кесте. Диабеттік нефропатия сатыларының жіктелуі (Mogensen С.Е. бойынша)


Диабеттік нефропатия сатысы	Клиникалық-зертханалық сипаттамасы	Даму уақыты
1. Гиперфункция сатысы	<ul style="list-style-type: none"> • ШФЖ өсуі (> 140 мл/мин); • бүйректің қан ағыстың өсуі; • бүйректердің гипертрофиясы; • нормоальбуминурия (< 30 мг/тәу) 	Қантты диабеттік дебютінде дамиды
2. Бүйрек тінінің бастапқы құрылымдық өзгерістерінің даму сатысы, базальды мембрананың қалыңдауы	<ul style="list-style-type: none"> • Шумақ капиллярларының; • мезангиумның кеңеюі; • ШФЖ үлкен күйде; • нормоальбуминурия 	ҚД-тің 2–5 жыл аралығында қалыптасады
3. Бастапқы нефропатия	<ul style="list-style-type: none"> • Микроальбуминурия (30-дан 300 мг/тәу); • ШФЖ жоғары немесе қалыпты; • АҚ тұрақсыз өсуі 	ҚД-тің 5–15 жыл аралығында қалыптасады
4. Айқын нефропатия	<ul style="list-style-type: none"> • Протеинурия (500 мг/тәу астам); • ЖФШ қалыпты немесе аздап төмен; • артериялық гипертензия 	ҚД-тің 10–25 жыл аралығында қалыптасады
5. Уремия	<ul style="list-style-type: none"> • ШФЖ < 10 мл/мин төмендеуі; • артериялық гипертензия; • интоксикация симптомдары 	ҚД-тің 20 жылынан бастап немесе протеинурия пайда болған соң 5–7 жыл өткеннен кейін
Ескерту: ШФЖ – шумақтық фильтрация жылдамдығы		

Нейропатия аурудың жиі асқынуына жатады. Бұл жағдайда жүйке жүйесінің әр түрлі бөлімдері зақымданады (53-сурет).

Созылмалы сенсорлы-моторлы диабеттік полинейропатияның көріністері:

- ауырсыну (қатты, түнде күшейеді);
- парестезиялар;
- гиперестезиялар;

- сезімталдықтың төмендеуі — вибрациялық, температуралық, ауырсыну, тактильді;
- рефлексстердің төмендеуі немесе жойылуы;
- терінің құрғауы;
- температураның жоғарылауы немесе төмендеуі;
- каллюстын дамуы (қажаяу, мүйізгектелу).



53-сурет. ҚД науқастардағы полинейропатия синдромының көріністері

Жүйке жүйесі зақымдануының басқа себептері (B_{12} тапшылық, гипотиреоз, бүйрек жеткіліксіздігі) шегеріле отырып, клиникалық көріністерге сүйене диабеттік полинейропатия диагнозы қойылады.

Дисталды полинейропатия — шеткері жүйкелердің зақымдануының негізгі түрі. Негізгі белгілері:

- ауырсыну синдромы — аяқтардың симметриялы диффузды, сыздап ауруы;
- парестезиялар (тесу, жыбырлау, жансыздану, тоназу, күю);
- балтыр бұлшықеттерінің тоникалық тартылулары;
- аяқтардың әлсізденуі, бұлшықеттердің ауырсынуы;
- байламдық және периосталды рефлексстердің төмендеуі немесе жойылуы (ахилл және тізелік);
- «шәркей және қолғап» түріндегі гипестезия бұзылыстары.

Қант диабетінің жедел асқынулары

Гипергликемиялық гиперкетонемиялық кома — қант диабетінің ауыр асқынуы, инсулиндік жеткіліксіздікке байланысты кетоацидоз, зат алмасу үдерісі бұзылады, нерв жүйесі мен сана бұзылыстары пайда болады.

Гипергликемиялық гиперосмолярлық кома — инсулин тапшылығына байланысты дамиды, дегидратациямен, гипергликемиямен, гиперосмолярлықпен көрініс береді, жүйелердің қызметі бұзылады, кетоацидоз болмайды. Гиперосмолярлық кома егде жастағыларда жиі дамиды, емделмеген немесе дұрыс емделмеген науқастарда қалыптасады (54-сурет).

Гипергликемиялық (гиперлактацидемиялық) кома — инсулин жеткіліксіздігіне байланысты дамиды қант диабетінің ауыр асқынуы, қанда сүт қышқылы жинақталады. Ауыр ацидоз дамиды және сана жойылады. Сирек кездеседі, өлім қаупі 50-ден 90% дейін.

Гипогликемиялық кома — қандағы глюкоза деңгейінің кенеттен төмендеуінен бас мида энергетикалық тапшылықтың дамуымен жүретін жедел асқыну.

Қант диабетінің патологиялық анатомиясы


Ұйқы безінің қантты диабетінің 1-түрі кезінде без кішірейіп, фиброз дамып, қатаяды, бөлікшелер атрофиялы. Гистологиясы бойынша дегрануляцияланған жасушалары азайған ұсақ Лангерганс аралшықтарының азаюы байқалады (55-сурет).

Ұйқы безінің қант диабетінің 2-түрі кезінде әдетте бөлікшелерде липоматоз дамып, ұйқы безі ұлғаяды. Микроскопиялық зерттеу кезінде жасушалары кішірейіп, саны азаюы мүмкін (көбінесе, ұзақ ағымды аурулар кезінде). Бөлікше аралығына терең еніп, майлы тіннің қабаттары айқындалады. Бірнеше жағдайларда, ошақты амилоид — амилин түрінде түзіледі. Бауыр ұлғаяды, гепатоциттердегі гликоген жойылып, майлы дистрофия дамиды.

Қант диабеті кезінде тамырлардың зақымдалуы **ангиопатиялардың** түрінде дамиды. Диабеттік макроангиопатия көбінесе, жетілген және қарт адамдарда, орташа және ірі саңылаулы артериялардың зақымдалуымен сипатталады. Оның көріністеріне атеросклероз және кей кезде интимасының Менкеберг медиакальцинозы мен диффузды фиброзы жатады.



54-сурет. Диабеттік команың сатылары



55-сурет. 1-ші типті қантты диабеті сол жағында – иммуногистохимиялық зерттеуі, кара түсті – инсулинге қатысты антитенелер, оң жағында – иммунофлюоресценттік зерттеуі – инсулин түзуші жасушаларға қатысты жарқыраған антитенелер

Диабеттік микроангиопатия диффузды сипатты ағымымен байланысты болып, әр түрлі жаста кездеседі. Диабеттік микроангиопатия бүкіл организмді қамтиды. Көздің торлы кабықшасының, бүйректің, қаңқалық бұлшықеттердің, терінің, ас қорыту жүйесіндегі кілегейлі кабықшаның, ми мен шеткері жүйке жүйесінің және басқа да ағзалардың микротамырлары біртекті өзгереді; тамыр қабырғасының плазмалық сіңуі; эндотелиоциттердің, перициттердің және миоциттердің дистрофиясы, пролиферациясы, және атрофиясы; артериолалар мен капиллярлардың тамыр саңылауларының тарылуы, бітелуі және гиалинозы. **Диабеттік ретинопатияларда** (көздің торлы кабықшасының капиллярлары мен венулаларының бітелуі және гиалинозымен қоса) микроаневризмалар дамиды, ал периваскулярлы — көру жүйкесінің сусінділенуі, кан құйылулары, дистрофиялық және атрофиялық өзгерістері.

Бүйректе — Киммельштиль–Уилсон деп аталатын ауыр нефроздық синдромға алып келетін диабеттік интракапиллярлы гломерулосклероз дамиды. Екі жақты бүйректердің бірдей көлемі кішірейгені, беткейі ұсақ түйіршікті, дәнекер тіні көп мөлшерден жайылғаннан тығыздалғаны (бүйректің диабеттік бүрісуі) байқалады. Микроскопиясы бойынша түйінді немесе диффузды гломерулосклероз; шумақтың әкелетін және әкететін артериолаларының гиалинозы (сонымен қоса, ірі тамырлардың гиалинизациясы мен склерозы) байқалады. Қант диабетінің декомпенсациясы кезінде шектен тыс шумақтарының сүзгішінің

өткізгіштігінің артуынан «фибринді телпектер» түрінде дамыған диабеттік гломерулопатиялар экссудатты көріністеріне жатады. Өзекшелердің эпителиінің нәруызы (гидропиялыққа дейін) және майлы (нефроздық синдром бар кезде) дистрофиялары дамиды. Проксималды өзекшелерде — эпителийдің гликогенді инфильтрациясы байқалады.

Диабеттік нейропатия кезінде кіндікті цилиндрлердің сегментарлы демиелинизациясы, сусінділенуі мен дистрофиясы байқалады. Теріде витилиго, ксантоматоз және липоидты некроз жиі, екіншілік иммунодефициттің салдарынан іріңді асқынулар (пиодермиялар, фурункулез, бронхопневмониялар, сепсис) байқалады.

Қант диабетін емдеу негіздері

Қант диабетінің 1-ші және 2-ші түрі кезіндегі терапия толығымен гипергликемия симптомдарын тоқтату және диабеттің асқынуының дамуын алдын алу болып табылады.

Қант диабетін емдеудегі мақсат:

- гликемияны бақылауды оңтайландыру;
- АҚ жоғарылауындағы ем;
- дене салмағын азайту және семіздіктің емі;
- шылым шегуден бас тарту;
- гиперлипидемияның емі;
- антиромбоцитарлы заттарды қолдану.

Науқасты емдеу үшін қолданады:

- тек диета ғана;
- диета + пероралды заттар;
- диета + инсулин;
- кетоацидоз кезінде; тез еритін инсулин қажет.

1-ші түрдегі ҚД науқастардың орнын басушы инсулинотерапияның мақсаты — инсулиннің қалыпты физиологиялық секрециясын дәл қайталау. Дұрысында, адамның генді-инженерлік инсулинін немесе оның аналогын, яғни ұқсас затты қолдану.

Инсулин препараттарының негізгі топтары

- ◇ Өте қысқа әсер ететін препараттар (лизпроинсулин): әсер ету бастамасы 5–10 мин, әсер ету шегі 0,5–2,5 сағ, әсер ету ұзақтығы 3–4 сағ. Бұл инсулинді тікелей тағамның алдында немесе тағам қабылдау уақытында енгізуге болады.

- ❖ Қысқа әсер ететін препараттар: қысқа әсер ететін адам инсулині (еритін инсулин, қарапайым инсулин) — әсер ету бастамасы 30 мин, шегі — 1–4 сағ, ұзақтығы — 5–8 сағ. Қарқынды терапия кезінде тағамға дейін 30 мин бұрын енгізеді. Екі реттік режим кезінде таңертенгілік (2/3 тәуліктік мөлшері) және кешкісін (1/3) енгізеді, комбинациясында жиі ұзақ әсерлі инсулинмен.
- ❖ Орташа ұзақтықтағы әсер ететін препараттар: NPH адам инсулині, адам инсулині — семиленте, адам инсулині — ленте. Бұл препараттардың әсер ету ерекшеліктері болып табылатыны баяулататын әсер ету бастамасы (1–3 сағ), әсер ету шегін кешіктіру (6–12 сағ), әсер ету ұзақтығы 18-ден 24 сағ дейін.
- ❖ Ұзақ әсер ететін препараттар (адам инсулині — ультраленте) — әсер ету бастамасы — 4–8 сағ, әсер ету шегі — 14–20 сағ, әсер ету ұзақтығы — 20–36 сағ.
- ❖ Қиыстырылған препараттар, инсулин қоспасынан тұратын, қысқа әсер ететін және әр түрлі ара қатынаста орташа ұзақтықтағы әсер ететін инсулин. Оларды әсер ету бастамасының тездігімен ажыратады (шамамен 30 мин кейін) және ұзақ әсер ететін инсулиннің мөлшерімен байланысты, әсер ету ұзақтығы әр түрлі.

Инсулиндік терапияның асқынуы: гипогликемия, Сомоджи феномені, аллергиялық реакциялар, постинъекциялы инсулинді липодистрофия, инсулинорезистенттілік, инсулинді ісіну, көрудің нашарлауы.

Қант диабетінің 2-түріндегі науқастардың медикаментозды терапиясы әр түрлі әсер ету препараттарымен ұсынылған.

- ❖ Бигуанидтер [метформин (сиофор, глюкофаж, формин, метфогама)] глюконеогенезді төмендетеді, қаңқа бұлшықетімен глюкозаны басып алуын және тотығуын жоғарылатады, олардың инсулинге рецепторлардың жоғарылаған аффинентігімен себептелген инсулинорезистенттілікті азайтады.
- ❖ Сульфонилмочевиндердің туындылары, ұйқы безінің β -торшаларына тікелей әсер ету есебінен инсулин секрециясын белсендіреді, оған екінші генерациядағы (глибенкламид, глипизид, гликлазид, гликвидон) және үшінші генерациядағы (глимепирид) препараттар жатады. Бұл топ препараттарына әсер ету үшін ұйқы безінің тіндер қызметінің болуы керек.

- ❖ Қысқа әсер ететін препараттар немесе глюкозаны прандиалды реттейтін, амин қышқылдарының туындысы (меглитинидтер) болып табылатын — репаглинид және натеглинид, сульфонилмочевинаның панкреатикалық β -торшаларының арнайы рецепторларымен өзара әрекеттеседі, бірақ рецепторлардың басқа жерінде байланыстырылады. Оларды қабылдау — гипогликемияның даму қаупін азайтумен байланысты және салмақ қосуға аз дәрежеде көмектеседі. Олар салауатты өмір салтын сақтамайтын адамдарға қолайлы (мысалы, кезекшілікпен жұмыс істейтіндерге).
- ❖ Тиазолидиндиондар (глитазондар) — розиглитазон, пиоглитазон, инсулинге тіндердің сезімталдығын жоғарылатады, олар жасуша ядросында рецепторларды белсендіреді, ол инсулинге сезімталдығын реттейтін геннің транскрипциясын күшейтуге әкеледі. Максималды эффект тек 2–3 ай емнен кейін жетілуі мүмкін.
- ❖ α -глюкозидазалардың ингибиторлары (акарбоза (глюкобай)) АІЖ-да глюкозаға дейін өте күрделі қанттарды бөлшектеуді азайтады, бірақ көмірсулардың сіңірілуінің бұзылуы ішекте бактериалды ферментацияға және мөлшерден артық газдардың пайда болуына әкеледі.

Осы жағдайда, пероралды антидиабеттік заттармен көмірсу алмасуының орнын толтыруға жету мүмкін емес кезде (пероралды антидиабеттік заттарға біріншілік және екіншілік резистенттік кезде, ұйқы безінің β -торшасының таусылуы кезінде, қант диабетінің қабынуының үдеуі кезінде), аралас терапия жүргізіледі, инсулин және пероралды антидиабеттік заттармен (мысалы, инсулин + метформин) немесе монотерапия инсулинмен. Орташа дозада әр түрлі класстардың екі препараттарын қолдану тек қана патогенетикалық ақталмаған: мұндай терапия ауыр, бір препараттың жоғары дозасына қарағанда кері әсерлерінің қаупін аз тудырады.

Қант диабетінің 2-ші түрі кезінде препаратты таңдау сапасында семіздік жоқ науқаста — сульфонилмочевина туындыларын қолданады, метформинді (бигуанид) — семіздік бар науқаста.

Қант диабеті кезінде макроваскулярлы ауруды азайту үшін артериалды қысымның немесе липидтік профилінің мөлшеріне қарамастан гипотензивті заттарды (әсіресе АПФ ингибиторларды) немесе липидтердің деңгейін төмендететін препараттарды (әсіресе статиндер) қабылдау ұсынылады.

Диабетті түзетуге әсер ететін факторлар

- ✧ Миокард инфарктісі кезінде, ол наукастың ағзасындағы метаболизмдік үдеріске әсері нәтижесінде, пероралды гипогликемиялық заттарды инсулинге алмастыру ұсынылады.
- ✧ Жұқпалы аурулар инсулинге қажеттілікті 20% жоғарылатады, сауығу кезінде ол кенет төмендеп кетуі мүмкін.
- ✧ Пероралды антидиабеттік заттармен жүкті әйелдерді ұзақ емдеу — нәрестенің өлімімен бітуі жоғарылығымен қоса жүреді, сондықтан оларды инсулинге алмастыру керек.
- ✧ β -адренорецепторлардың блокаторлары гипогликемияны үдетеді.
- ✧ Моноаминоксидазаның ингибиторлары пероралды гипогликемиялық препараттардың және инсулиннің әсерін күшейтеді.
- ✧ Кортикостероидтар, пероралды контрацептивтер, тиазидті диуретиктер, антибиотик стрептозотцин диабетогенді әсер етеді.

Гипогликемия синдромы


Гипогликемиялық синдром қандағы глюкоза деңгейі 2,8 ммоль/л және одан төмен түскенде дамиды. Алайда, симптомдары глюкоза деңгейінің одан жоғары көрсеткіштерінде де байқалуы мүмкін (56-сурет).

Гипогликемия себептері

- ✧ Гиперинсулинизм:
 - эндогенді (инсулинома);
 - экзогенді (қантты түсіргіш препараттардың шектен тыс мөлшерін қолдану).

Гипогликемия ас қабылдамай инсулин салғанда пайда болуы мүмкін.

- ұзақ ашығу;
- мальабсорбция синдромы;
- асқазан-ішек жолдарына оперативті килігулер;
- ауыр мүшелік жеткіліксіздік (жүрек, бүйрек, полиорганды, сепсис).



56-сурет. Гипогликемия симптомдары

Гипогликемияның негізгі түрлері

❖ Постпрандиалды (реактивті, алиментарлы):

- ас қабылдаған соң 1,5–6 сағаттан кейін дамиды.

❖ Аш қарындық гипогликемия (спонтанды):

- глюкозаны бауырдың өндіріуі мен шеткері тіндердегі утилизациясы арасындағы дисбаланс салдарынан дамиды (бұзылған гликогенолиз, бұзылған гликонеогенез, глюкоза жойылуының өсуі);
- глюкозаның шектен тыс жойылуы.

Нейрогликопения мен адреналиннің жоғары секрециясының қосарлануы гипогликемияның негізгі синдромдарын тудырады. Айналымдағы адреналин деңгейінің өсуінен адренергиялық симптомдар пайда болады (СНЖ компенсаторлы белсенуі).

БҮЙРЕК ҮСТІ БЕЗІ


Бүйрек үсті безінің анатомиясы мен топографиясы

Бүйрек үсті безі жұп без, құрсақ қуысындағы бүйректің жоғарғы жиегінде орналасқан. **Голотопия:** бүйрек үсті бездері іш перденің артында, бел аймағында орналасқан. **Скелетотопия:** бүйрек үсті бездері XI және XII кеуде омыртқасының денгейінде орналасқан (оң жақ бүйрек үсті безі сол жаққа қарағанда сәл төменірек). **Синтопия:** бүйрек үсті безі төменгі жағынан бүйректің жоғарғы жиегімен жанасады; бүйрек үсті безінің артқы бетінен көкеттің белдік бөлігімен жанасып орналасқан (57, 58-сурет).

Бүйрек үсті безі сыртынан фиброзды қапшықпен жабылған, ол бүйрек қапшығының көптеген жіпшелерімен байланысады: бүйрек үсті безі сары түсті, оның беттері бұдырлау болады; бездің орташа өлшемдері: ұзындығы — 5 см, ені — 3–4 см, қалыңдығы шамамен 1 см; оң жақ бүйрек үсті безінің пішіні үш бұрышты пирамидамен; сол жақ безді жарты аймен салыстыруға болады.

Бүйрек үсті безі келесі қызметтерді атқарады:

- судын және тұздардың алмасуын реттейтін минералокортикоидтардың синтезі (альдостерон т.с.с.);
- майлар мен нәруыздардан глюкозаны түзу есебінен оның мөлшерін арттыратын, қабыну және иммундық реакцияларды тежейтін (аутоиммунды ауруларды емдеу, аллергиялық реакцияларды тоқтату) глюкокортикоидтарды (гидрокортизон, кортизол т.с.с.) түзу. Стресс → АКТГ → ↑ глюкокортикоидтар;
- жыныс гормондарын, негізінен андрогендерді өндіру;
- милық затында стресс кезінде катехоламиндер — адреналин гормоны және нейромедиатор норадреналин түзіледі.




57-сурет. Бүйректің құрылысы. Фронталді кескіні: 1 – бүйректің қыртысты заты; 2 – бүйректің милық заты; 3 – бүйректік еміздікшелер; 4 – бүйректік бағана; 5 – бүйрек пирамидасының негізі; 6 – торлы ауданы; 7 – кіші бүйректің тостағаншалары; 8 – сәулелік бөлігі; 9 – қайырылған бөлігі; 10 – фиброзды қабығы; 11 – несеп ағар; 12 – үлкен бүйректің тостағаншасы; 13 – бүйректік түбекше; 14 – бүйректік вена; 15 – бүйрек артериясы


Құрылысы. Сыртынан капсуламен (тығыз талшықты дәнекер тін) қапталған, одан мүшенің тереңіне трабекулалар енеді. Екі құрылымдық және қызметтік ерекшеліктері бар заттарға — қабықтық (сыртында) және милық (ішкі) деп бөлінеді.

Қабықтық заттың құрылысы:

- *шумақты аймақ* — қыртыстың 10% құрайды, кіші көлемді кортикоциттерден тұрады, олар шумақтар құрап, минералокортикоидтардың синтезін қамтамасыз етеді (59-сурет);
- *шоғырлы аймақ* (75%) ірі көлемді оксифилді кортикоциттерден құралып, созындылар мен шоғырлар түзеп орналасады, глюкокортикоидтарды (кортизол и кортизон) түзейді;
- *торлы аймақ* (10–15%) тор құрап орналасқан кіші көлемді жасушалардан тұрады, андрогенстероидты гормондарды өндіреді.



58-сурет. Бүйрек үсті безі және оның бүйрекке қатынасы. Алдыңғы беті: 1 – сол жақ бүйрек үсті безі; 2 – бүйрек үсті безінің ортаңғы венасы; 3 – сол жақ бүйрек; 4 – сол жақ бүйректік вена; 5 – қолқа; 6 – төменгі қуысты вена; 7 – оң жақ бүйрек; 8 – оң жақ бүйрек үсті безі; 9 – құрсақтық бағана; 10 – көкет



59-сурет. Бүйрек үсті безі: 1 – шумақты аймақ; 2 – шоғырлы аймақ; 3 – торлы аймақ

Милық затының құрылысы. Қыртысты заттан капсуламен бөлінеді. Хром тұздарымен жақсы боялатын хромаффиноциттердің жиынтығынан құралады. Ірі, ашық түсті А-жасушалар — адреналиннің өндірілуін қамтамасыз етеді (орташа электронды тығыз түйіршіктер). Күнгірт ұсақ НА-жасушалар норадреналиннің бөлінуіне жауапты (ашық жиекшесі бар көптеген түйіршіктері болады).

Гиперкортицизм синдромы

Гиперкортицизм синдромы (Иценко—Кушинг синдромы, кушингоид) бүйрек үсті бездердің қыртысты қабаты гормондарының артық мөлшерінің ағзаға созылмалы түрде ұзақ әсерінен, қандағы гормондар мөлшерінің жоғарылауын туындатқан себепке тәуелсіз дамиды аурулар тобы.

Этиологиясы

- ◇ Гипофиздің адренокортикотропты гормонының көп өндірілуі (Иценко—Кушинг ауруы).
- ◇ Сирек Кушинг синдромы бүйрек үсті бездердің қыртысты қабатының біріншілік зақымдануында пайда болады (бүйрек үсті бездердің қыртысты қабатының қатерсіз немесе қатерлі ісіктері, бүйрек үсті бездердің қыртысты қабатының гиперплазиясы). Бүйрек үсті бездердің қыртысты қабатының гормоналды-белсенді ісігі (кортикостерома) — глюкокортикоидтардың шектен тыс мөлшерін өндіреді. Бұл кезде қанда гипофиздің адренокортикотропты гормонының деңгейі төмендейді және бүйрек үсті бездерінің қалған тіні семіп қалады (атрофияға ұшырайды).
- ◇ Гиперкортицизм синдромы әр түрлі ауруларды гормондармен (глюкокортикоидтармен) емдегенде, дәріні шектен тыс қолданғанда дамуы мүмкін.

Гиперкортицизм синдромындағы негізгі шағымдар:

- сыртқы келбеттің өзгеруі;
- семіру;
- айқын жалпы және бұлшықеттік әлсіздік;
- іштің, кеуденің, жамбастың терісінде қызыл жолақ түрінде жыртылулардың (стриялар) пайда болуы;
- терінің құрғауы;
- бастағы шаштардың түсуі;

- бетте және денеле түктердің шектен тыс өсуі;
- ерлерде белсіздіктің дамуы;
- әйелдерде етеккір циклының бұзылуы;
- омыртқа жотасының ауырсынуы;
- ұйқының бұзылуы, бас ауру;
- шөлдеу (қантты диабет дамығанда);
- ұйқышылдық;
- полифагия (тәбеттің жоғарылауы);
- полидипсия (шөлдеуге байланысты сұйықтықты көп қабылдау);
- терморегуляция бұзылыстары;
- депрессия және агрессия.

Жалпы қарау

- ◇ 90% жағдайда кушингоидты түрдегі семіздік байқалады — майдың іште, кеудеде, бетте жинақталуы. Бет дөңгелек, ай тәрізді, қызыл шырайлы. Майдың әр жерде жинақталуы бұл тіндердің глюкокортикоидтарға сезімталдығының әр түрлі болуына байланысты. Глюкокортикоидтар тәбетті өсіреді, қандағы глюкоза деңгейін өсіреді. Аяқтары арық болады.
- ◇ Аяқ-қолдардың бұлшықеттерінің атрофиясы (бұл гормондардың катаболикалық әсерлеріне байланысты).
- ◇ Терісі мәрмәр тәрізді, жұқарады, құрғайды, өзіндік иісі болады.
- ◇ Теріде қызыл стриялар пайда болады, көбіне іште, жамбаста, сүт бездерінің тұсында. Терінің гиперпигментациясы дамуы мүмкін. Гиперпигментация меланиннің көптеп жинақталуымен түсіндіріледі.
- ◇ Кушинг синдромына тән асқинуға остеопороз жатады, әсіресе кеуде және бел аймағының сүйектері.
- ◇ Әйелдерде гирсутизм дамиды. Гирсутизм — ерлердің жыныстық гормондарының шектен тыс өндірілуімен байланысты. Андрогендердің әсерінен аменорея дамиды. Ерлерде белсіздік пайда болады.

Кортикостериодтардың деңгейі көп болғанда жиі алкалоз, артериялық гипертензия, миокардиодистрофия, аритмия, жүрек жеткіліксіздігі дамиды.

Кардиомиопатияның тегі аралас. Стероидтардың миокардқа катаболитикалық әсерімен, электролиттік бұзылыстармен, артериялық гипертензиямен байланысты. Клиникалық көріністері ырғақ бұзылыстарымен (жүрекшелердің фибрилляциясы, экстрасистолия), жүрек жеткіліксіздігімен көрініс береді.

Жүйке жүйесі. Симптоматикасы меңіреулікпен, депрессиямен немесе эйфориямен, стероидты психоздармен білінеді. Кейде шағымдары ауыр дәрежеге сәйкес келмейді.

Ауру ұзаққа созылғанда стероидты диабет дамиды. Стероидты диабеттің ағымы жеңіл, диетамен компенсациялануы мүмкін (23-кесте).

23-кесте. Бүйрек үсті безінің миы қабатының гиперфункциялық жағдайы (Фролова В.А.)

Патология түрлері	Этиология	Клиникалық көрінісі
Біріншілік альдостеронизм (Конн синдромы)	Гормональды-шумақты аймақта өспенің болуы	Бүйректе калийдің жоғалуы және натрийдің ұсталып қалуы, артериялық гипертензия, жүрек ырғағының бұзылысы, бұлшықеттің әлсіреуі, парестезия, қалтырау (аздап салданулар), аурудың соңғы сатысында ісінулер болмаса да тұрақты полиурия
Екіншілік альдостеронизм	Патологиялық жағдай кезінде аурулардың салдарларынан гиповолемия, бүйрек ишемиясы және бауыр қызметінің бұзылыстары дамиды	Конн синдромы кезіндегідей симптомдар. Бірақ қанда ренин және ангиотензиннің жоғарылауы және ісінулер пайда болады
Иценко–Кушинг синдромы	Гормональды-шумақты аймақтың ісігі	Иценко–Кушинг ауруындағыдай симптомдар
Адреногениталды (кортикогениталды) синдром (КГС) Туа пайда болған түрі КГС	Генетикалық ауруларға тән, жиі отбасылық тасымалдануы тән, бір жұмыртқалы егіздерде сирек кездеседі. Қыртысты қабат гормондары синтезінің бұзылыстары салдарынан андрогендердің артық өндірілуі	Қыз балаларда вирилизация белгілері болып, шамадан тыс түктердің пайда болуы (гирсутизм немесе гипертрихоз); есейген кезде қаңқа бұлшықетінің шамадан тыс дамуы, бетінде түк (мұрт, сақал) өседі, дауысы жуандайды, аменорея, сүт бездерінің және жатырдың атрофиясы байқалады; ұл балаларда ерте екінші жыныстық белгілердің сперматогенездің тежелуінде дамуы; аласа бойлы, аяқтары қысқа және бұлшықеттері жақсы дамыған («бала-геркулес»)

23-кестенің соңы

Патология түрлері	Этиология	Клиникалық көрінісі
Жүре пайда болған түрі КГС	Гормоналды-бүйрек үсті безінің торлы қабат аймағында ісіктің белсенуінен андрогендердің гиперпродукциясы	Туа пайда болған КГС кезіндегідей белгілер

Гиперкортицизм синдромының диагностикасы

- ❖ Біріншілік гиперальдостеронизмге рениннің төмендеуі мен альдостеронның жоғарылауы тән. Кушинг синдромының клиникалық көрінісі мен зәрмен шығарылатын кортизол мөлшерінің ұлғаюы аталған диагнозды нақтылайды.
- ❖ Кіші дексаметазонды сынама. Гиперкортицизмге күдік туғанда, Кушинг синдромының ажыратпалы диагностикасында, эндогенді гиперкортицизммен байланыс болмаған жағдайда (семіздік, пубертатты диспитуитаризм және т.б.) жүргізіледі. Қалыпты жағдайда глюкокортикоидтардың аздаған мөлшерін тағайындаудың өзі АКТГ өндірілуін тежейді де, эндогенді кортизолдың түзілуін шектейді. Егер кортизолдың өндірілуі жеке-дара түрде болатын болса, кортизол мөлшері кемімейді. Жүргізу барысы: 1-ші күні — сағ. 8.00–9.00 — кортизолдың бастапқы деңгейін анықтау үшін қан анализін алу; сағ 24.00 — дексаметазонның 2 мг беріледі (4 таблетка). 2-ші күні — сағ 8.00–9.00 — кортизол деңгейін анықтау үшін қан анализі алынады. Қалыпты жағдайда және эндогенді гиперкортицизм болмаған жағдайда плазмадағы кортизолдың деңгейі 7–23 мкг/дл (200–650 нмоль/л) болады. Дексаметазонды тағайындағаннан кейін кортизол деңгейі 2 есе төмендейді немесе 3 мкг/дл (80 нмоль/л) дейін түседі. Кушинг синдромында кортизолдың өндірілуі дұрыс тежелмейді. Соңғы кезде кіші дексаметазонды сынама сирек қолданылуда. Оның орнына бос кортизолдың зәрмен бөлінуінің тәуліктік ырғағы зерттеледі.
- ❖ Үлкен дексаметазонды сынама. Кушинг синдромының әр түрлерін ажырату үшін жүргізіледі. Қазіргі кезде сынаманың қысқартылған түрі қолданылады. *Жүргізу барысы.* 1-ші күні — сағ 8.00–9.00 — кортизолдың бастапқы деңгейін анықтау үшін қан анализін алу; сағ 24.00 — дексаметазонның 8 мг тағайындалады (16 таблетка). 2-ші күні — сағ 8.00–9.00

кортизол деңгейін анықтау үшін қан анализі алынады. Кушинг синдромының орталық түрінде (Иценко–Кушинг ауруы) дексаметазонды қабылдағаннан кейін 90% жағдайда кортизолдың деңгейі бастапқымен салыстырғанда 50%-ға төмендейді. Гиперкортицизмнің ауыр түрінде кортизолдың өндірілуі тежелмеуі мүмкін, әсіресе макрокортикотропиномада. АКТГ эктопиялық өндірілу синдромында кортизол деңгейінің 50%-ға төмендеуі сирек жағдайда байқалады. Кушинг синдромының бүйрек үстілік түрінде (кортикостерома) кортизолдың өндірілуі басылмайды.

- ✦ Кушинг ауруының топикалық диагностикасы үшін МРТ жасалады (гипофиз аденомасын анықтау үшін). Бүйрек үсті бездердің КТ немесе МРТ жасалады (гиперплазияны анықтау). Сонымен қатар ісікті анықтауда да маңызды. Эктопияланған АКТГ-синдромын шарттайтын ісікті көру қиынға соғады. Бұл ісіктер өкпеде, көкірек аралықта (асқазан-ішек жолдарында сирегірек) орналасады.
- ✦ Кушинг синдромының асқынуларын анықтау үшін омыртқа жотасының рентгенін жасайды, электролиттік бұзылыстарды және стероидты қантты диабетті анықтайды.

Гипокортицизм синдромы

Бүйрек үсті бездерінің қыртысты қабатының біріншілік созылмалы жеткіліксіздігі (Аддисон ауруы) бүйрек үсті бездерінің қыртысты қабаты қызметінің жеткіліксіздігімен немесе толық жойылуымен сипатталатын ауру.

Бүйрек үсті бездері қыртысты қабатының созылмалы жеткіліксіздігіне әкелетін себептер төменде келтірілген.

- ✦ Бүйрек үсті бездерінің қыртысты қабатының біріншілік идиопатиялық атрофиясы. Кездесу жиілігі 50–60%. Бүйрек үсті безінің қыртысына иммуноглобулин М класындағы қарсы дене түзіледі.
- ✦ Аддисон ауруының жиі кездесетін себебі — бүйрек үсті безінің туберкулезі.
- ✦ Гемохроматоз, склеродермия, мерез, бруцеллез ауруларына байланысты бүйрек үсті безінің зақымдалуы (сирек кездеседі).
- ✦ Қатерлі ісіктер кезіндегі метастаздар.

- ❖ Иценко—Кушинг ауруы (адреналэктомия).
- ❖ Цитостатиктердің уытты әсері.
- ❖ Ұзақ уақыт глюкокортикостероидтармен емдеу.
- ❖ Жүре пайда болған иммундық тапшылық синдромы кезіндегі бүйрек үсті безінің некрозы.

Бүйрек үсті бездерінің қыртысты қабатының екіншілік жеткіліксіздігі гипофиздің зақымдалуына байланысты дамиды.

Екіншілік бүйрек үсті жеткіліксіздігінің себептері.

- ❖ Жеке дара АКТГ тапшылығы. Өте сирек кездеседі.
- ❖ Гипоталамус пен гипофиз ісіктері (аденома, герминомалар, краниофарингиомалар).
- ❖ Тамыр аурулары (ұйқы артериясының аневризмасы, гипофизге немесе гипоталамуска қан құйылу).
- ❖ Гипоталамус пен гипофиздің гранулематозды өзгерістері (саркоидоз, мерез, аутоиммунды гипофизит).
- ❖ Операциядан кейінгі немесе жарақаттану әсерінен дамитын деструктивті өзгерістер.
- ❖ Ұзақ уақыт кортикостероидтарды қолдану (24-кесте).

24-кесте. Бүйрек үсті безінің гипофункционалдық жағдайлары (Фролова В.А.)

Патология түрі	Этиология	Клиникалық көріністері
Жедел тотальды жеткіліксіздік	Жарақаттар, қан құйылулар, бүйрек үсті безінің тамырларының тромбозы	Артериялық гипотензия, бұлшықеттік әлсіздік, диспепсиялық құбылыстар, жедел жүрек жеткіліксіздігі, талықсу жағдайлары
Созылмалы жеткіліксіздік (Аддисон ауруы, қола ауруы)	Бүйрек үсті безінің екі жақты туберкулезі, септицемия, токсикалық зақымданулар	Адинамия, артериялық гипотензия, айналымдағы қан көлемінің азаюы, қанның реологиялық қасиеттерінің бұзылыстары, гипогликемия, бүйрек жеткіліксіздігімен қатар жүретін полиурия, диарея
Гипоальдостеронизм	Альдостеронның биосинтезінің генетикалық бұзылуы немесе альдостеронға бүйрек өзекшелерінің эпителиінің сезімталдығының төмендеуі	Тез шаршағыштық, бұлшықеттік әлсіздік, артериялық гипотензия, кезеңдік талықсу жағдайлары, толық атриовентрикулярлық бөгет туындататын брадикардия, Морганьи—Эдемса—Стокс синдромының пайда болуы, гипонатриемия, гипергликемия

Біріншілік гипокортицизмнің клиникалық көріністері

Симптомдардың тетрадасы — ерте көріністері:

- шаршау, кешкі әлсіздік;
- жүдеу;
- тәбеттің төмендеуі, анорексияға дейін;
- эпигастрий аймағының ауырсынуы, іш кату мен іш өтудің алмасуы.

Аурудың декомпенсациясында байқалады:

- құсу, жүрек айну, анорексия;
- АҚ төмендеуі: жатқанда АҚ қысым қалыпты;
- құсу, жүрек айну, диарея дамуы мүмкін.

Кейіннен косылады:

- терінің пигментациясы (кола ауру) — тыртықтардың, қатпарлардың, беттің шырышты кабаттарының, қызыл иектің;
- теріде депигментация ошақтары анықталуы мүмкін, бүйрек үсті бездердің аутоиммунды зақымдануында байқалады;
- бас ауру, гипогликемия, ас қабылдаған соң жағдайы жақсарды;
- депрессия, ашушандық, психоздар дамуы мүмкін, күйзеліс кезінде көңіл-күй күрт төмендейді;
- тұзды тағамдарды жақсы көру, натрийды жоғалтуға байланысты;
- жиі бас айналу және естен тану — ортостаздық коллапс.

Екіншілік гипокортицизмнің клиникалық көріністері

- ◇ Шаршағыштық.
- ◇ Жүдеулік.
- ◇ АҚ төмендеуі (ауыр емес).
- ◇ Тәбеттің төмендеуі.
- ◇ Пигментация болмайды.

Екіншілік гипокортицизмнің біріншілікпен салыстырғанда ағымы жеңіл.

Аддисон ауруы — этиологиясы аутоиммунды немесе туберкулезді біріншілік созылмалы бүйрек үстілік жеткіліксіздік. Бүйрек үсті бездердің 95% зақымданғанда дамиды. Бұл кезде глюкокортикоидтар мен альдостерон өндірілмейді. Көбіне 30–40 жастағы ер кісілер ауырады.

Торн бойынша Аддисон ауруындағы шағымдар (1942):

- әлсіздік, шаршау — 100%;
- дене салмағының төмендеуі — 100%;
- пигментация — 94%;
- анорексия — 90%;
- жүрек айну — 84%;
- құсу — 81%;
- іштің ауруы — 32%;
- іш қату — 28%;
- іш өту — 21%;
- тұзды көп қабылдау — 19%;
- бұлшықеттердің ауруы — 16%.

Аддисон ауруының негізгі клиникалық көріністері. Ауру біртіндеп басталады. Негізгі шағымдары — үдемелі жалпы және бұлшықеттік әлсіздік, әлсіздік кешке қарай үдейді. Аурудың сөйлеуі баяулайды, дауысы өте ақырын шығады. Бұлшықеттік әлсіздіктің негізгі себебі — көмірсу және электролит алмасуларының бұзылыстары. Тәбеттің төмендеуі, жүректің айнуы, құсу, дегидратация пайда болады. Науқас арықтайды. Науқастардың барлығында гиперпигментация анықталады. Меланин ең алдымен терінің үйкеліске ұшыраған және күнге тиетін жерлерінде, шырышты қабықтарда (ерінде, сүт безінің емізікшесінде) жинақталады. Кейіннен гиперпигментация бүкіл денеге жайылады. Оның негізгі себебі — АКТГ және меланоцит жандандырушы гормонның көп түзілуі.

Ятрогенді бүйрек үстілік жеткіліксіздіктегі шағымдар:

- әлсіздік;
- шаршау;
- депрессия;
- артериялық гипотония;
- глюкокортикоидтар тағайындауды қажет еткен негізгі аурудың өршуі.

Ятрогенді бүйрек үстілік жеткіліксіздікке күдік тууы керек:

- 3–4 апта бойы преднизолонның 15–30 мг/тәул мөлшерін қабылдаған науқастарда. Бұл жағдайда гипоталамустық-гипофизарлы-бүйрек үстілік жүйенің тежелуі глюкокортикоидтарды қабылдауды тоқтатқан соң 8–12 ай сақталуы мүмкін.
- 4 апта 12,5 мг/тәул преднизолонды қабылдаған науқаста. Бұл жағдайда гипоталамустық-гипофизарлы-бүйрек үстілік жүйенің тежелуі глюкокортикоидтарды қабылдауды тоқтатқан соң 1–4 ай сақталуы мүмкін.

- Кушинг синдромымен науқастағы аденоманы немесе қатерлі ісікті алып тастаған соң.
- АКТГ енгізуге жауап ретінде кортизол секрециясы төмен науқастарда, егер науқас глюкокортикоидтарды қабылдаған болса (глюкокортикоидты емінің мөлшері мен ұзақтығына қарамастан).

Гипокортицизм синдромының диагностикасы:

- біріншілік гипокортицизм:
 - аутоиммунды текті біріншілік гипокортицизмның көрсеткіші — P450c21 антиденелері;
 - бас миының, жұлынның МРТ;
 - тегі туберкулез болатын біріншілік гипокортицизмде өкпенің рентгендік өзгерістері;
 - жүре пайда болған иммунитет тапшылықты жағдай, мерезді шегеру үшін арнайы сынамалар;
- екіншілік гипокортицизм:
 - ауруды зертханалық делелдеу: инсулинді гипогликемиямен сынама, калыпты жағдайда гипофизбен АКТГ өндіруін арттырады және кортизол өндірілуін өсіреді. Алайда сынаманы жүрек-тамыр аурулары бар қарт науқастарда жүргізуге болмайды;
 - анамнез деректері (гипофизға операция жасау, гипофиз аденомасы ж.б.);
 - гипофиздың МРТ.


Бүйрек үсті безін зерттеудің негізгі әдістері:

- ◇ Ультрадыбыстық зерттеу.
- ◇ КТ.
- ◇ МРТ.


Ультрадыбыстық зерттеу. Ультрадыбыстық зерттеу кезінде бүйрек үсті безінің үшбұрышты және сопақша пішінді түрлерін анықтаймыз. Оң жақ бүйрек үсті безі бүйректің жоғарғы полюсі мен бауыр және көкеттің шеті аралығында орналасқан, сол жағы бүйректің жоғарғы полюсі, көкбауыр мен көкет аралығында орналасқан (60, 61-сурет).

Ультрадыбысты зерттеу әрқашан БҮБ көруге және кіші көлемді патологиялық үдерістерді анықтауға мүмкіндік бере бермейді. Бұл БҮБ-нің УДЗ-мен зерттеуге қиын аймақта орналасуымен түсіндіріледі (62-сурет).

60-сурет. а – сол бүйректің агенезиясы. Бүйрек үсті безі сақталған (белгіленген), б, в – оң бүйректің агенезиясы. Бүйрек үсті безі сақталған (белгіленген)



61-сурет. Жаңа туған баланың өзгерген бүйрек үсті бездері: а – баланың «шоқталған» бүйрек үсті безі; б, в – адреногенитальді синдроммен нәрестенің сол және оң бүйрек үсті безі




62-сурет. Нәрестенің бүйрек үсті безі ісіктерінің нұсқалары (белгіленген) (а–е)


КТ. КТ-да БҮБ үшбұрыш немесе сопақша пішінді бүйректің жоғарғы полюсінде орналасқан, контурлары тегіс немесе кішкене дөңгелектенген, оң жақ БҮБ сол жағына қарағанда жіңішке және ұзынырақ. Денситометрия кезінде БҮБ-нің тығыздығы қалыпты жағдайда +20–30 НУ құрайды, БҮБ көрінуі контрастылауды жоғарылатқанда жақсарады.

БҮБ алғашқы зерттеу кезінде КТ таңдалады. Зерттеу жіңішке кесінділермен тамыршілік контрастылау арқылы жақсы жүргізіледі (63-сурет).

БҮБ-нің аденомасының өлшемі үлкен көлемді емес (2 см дейін), құрылымы гомогенді анық тегіс контурлы және төмен тығыздықты (гиподенсті) (64-сурет).



63-сурет. Қалыпты бүйрек үсті безінің МРТ: а – оң бүйрек үсті безі; б – бүйрек үсті безі (нұсқағыш)




64-сурет. Оң бүйрек үсті безінің аденомасы (нұсқағыш). Аденома құрылымы біртекті кішкене гиподенсивті түзіліске ие

Феохромоцитома дөңгеленген немесе сопақша пішінді, 2 см жоғары капсулаға ие, жақсы васкуляризацияланған, құрылымының біртекті болмауы қан кетулер мен некрозға байланысты, 10% БҮБ-нен тыс локализацияланған, екі жақты және қатерлі болады (65-сурет).



МРТ. МР-томография БҮБ-нің қалыпты жағдайдағы милық және ақ затын дифференциялауға мүмкіндік береді, жоғары тіндік контрастылық, сәулелік күштің болмауы БҮБ зерттеуде МРТ-ға таңдауға мүмкіндік береді.

МРТ зерттеу кезінде дыбыстың майларда шағылысуына байланысты аденома төмен интенсивтілікте болады, бұл ісік құрылымында көп мөлшерде май тіндерінің бар екендігін айқындай түседі.

Гиперваскуляризацияның болуымен байланысты КТ және МРТ қорытынды көрсеткіштері бойынша феохромоцитома диагнозы қойылады, аденомадан айырмашылығы — ісік белсенді контрастталады, аденома әлсіз контрастталады (66-сурет).




65-сурет. КТ. Сол жақ бүйрек үсті безінің гиперплазиясы (нұсқағыш). Бүйрек үсті безінің аяқтары біркелкі емес, қалыңдаған, оны оң жағымен салыстырып қарағанда жақсы көрінеді. Екі бүйрек үсті безінде У-тәрізді пішінде



66-сурет. МРТ. Феохромоцитома (нұсқағышпен көрсетілген) (а, б)

Бүйрек үстілік криз (аддисондық криз)

Бүйрек үсті бездерінің қыртысты бөлімінің созылмалы жеткіліксіздігінің ауыр және қауіпті асқынуларына бүйрек үстілік криз жатады. Криз кезінде кортикостероидтардың едәуір төмендеуіне байланысты ағзада қатты дамыған гипокортицизм белгілері пайда болады (67-сурет).



67-сурет. Бүйрек үстілік криздің клиникалық симптомдары

Бүйрек үстілік кризге әкелетін себептер:

- қатты дамыған жедел инфекциялық қабыну ошақтары;
- дайындықсыз жүргізілген хирургиялық әрекеттер;
- қатты психоэмоционалдық күйзеліс;
- шектен тыс физикалық күштену;
- жүктілік;
- глюкокортикоидтардың мөлшерін негізсіз шектеу;
- алкогольдық интоксикация;


- инсулинмен, морфинмен, несеп айдайтын және ұйықтатын препараттармен емдеу.

Бүйрек үсті бездерінің ауруларының патологиялық анатомиясы


Бүйрек үсті безінің әр түрлі аурулар кезіндегі морфологиялық өзгерістері 25-ші кестеде және 68–70-суреттерде көрсетілген.

25-кесте. Бүйрек үсті безінің әр түрлі аурулар кезіндегі морфологиялық өзгерістері


Ауру	Макроскопиялық бейнесі	Микроскопиялық бейнесі
Иценко–Кушинг синдромы	Бірен-саран және/немесе көп мөлшерлі әр түрлі көлемді түйіндер, кесіндісінде сарғылт түсті	Қабығының будалы аймақтың гиперплазиясы, аденомасы немесе обыры
Гиперальдостеронизм (Альдостерома)	Бірен-саран және/немесе көп мөлшерлі әр түрлі көлемді түйіндер, кесіндісінде сарғылт түсті	Қабығының шумақты аймақтың жасушаларының аденомасы (біріншілік альдостеронизм) немесе гиперплазиясы (екіншілік гиперальдостеронизм)
Аддисон ауруы	Бүйрек үсті безінің көлемінің кішіреюі және қабығының шумақты, будалы аймақтардың екі жақтық атрофиясы (қабығының қалыңдығы 0,1 см дейін); қабығының түсі ақшыл-сары немесе ақшыл-сұр; бүйрек үсті безінің қапшығының склерозы	Көбінесе қабығында, сирек милық қабатында ошақты лимфоидты инфильтраттар; ірі гиперхромды ядролы алып жасушалы және ұсақ түйіршікті эозинофильді цитоплазмалы қабығының ошақты склерозы
Феохромоцитома	Ми қыртысының түйінді немесе диффузды ұлғаюы	Бүйрек үсті безінің қабығында милық заттың жасушаларына ұқсас жасушалардан ісікті тін құралған. Құрылымына қарай – трабекулалы, альвеолалы, солидты болуы мүмкін



68-сурет. Феохромоцитома. Гиперхромды ядролы ірі полигональды жасушалар синусоидты тәрізді қан тамырлармен шектелген трабекулалар құрайды. Үлк. $\times 400$, гематоксилин және эозинмен боялған



69-сурет. Адrenокортикальды аденоманың аралас түрі, гиперхромды ядролы ашық және қара түсті жасушалардың кезектесуі. Үлк. $\times 400$, гематоксилин және эозинмен боялған



70-сурет. Альдостерома. Сары түсті дөңгелек тәрізді пішінді тығыз түйін

ЕМІ

Гиперкортицизм терапиясы

Емдеу мақсаты — гиперкортицизмнің клиникалық симптомдарының кері дамуын қамтамасыз ету, кортизол мен АКТГ деңгейін қалпына келтіру, олардың тәуліктік ырғағынын қалпына келуі, тәуліктік несепте бос кортизолдың экскрециясын қалпына келтіру және дексаметазонмен кіші сынамасын өткізу кезінде кортизолдың реакциясынын қайта қалпына келтіруі.

Гиперкортицизмнің барлық түрлерінің дәрілік терапиясы бүйрек үсті безінің стероидтары биосинтезінің тежелуімен іске асады.

- ✧ Аминоглютетимид туындылары (мамомит — 0,25 г, ориметен — 0,25 г, олардың орташа тәуліктік мөлшері — 0,75 г, ең жоғары тәуліктік мөлшері — 2,0 г).
- ✧ Кетоконазол туындылары (низорал 0,2 г, орташа тәуліктік мөлшері — 0,4 г, ең жоғары тәуліктік мөлшері — 2,0 г).
- ✧ Парахлорфенил туындылары — ор DDD (хлодитан, лизодрен, орташа тәуліктік мөлшері — 0,5 г, ең жоғары тәуліктік мөлшері — 3,0–5,0 г).

Препараттың таңдалуы гиперкортицизмнің дәрежесінің айқындылығына, клиникалық көріністің ауырлығына және олардың төзімділігіне байланысты. Емдеуді орташа мөлшерден бастап, кейін оны кортизолдың несеппен тәуліктік шығуына байланысты реттейді.

Кетоконазолмен аминоглютетимидтің біріктірілген терапиясы гиперкортицизммен ауыратын науқастарда бүйрек үсті безінің қызметі жылдам және айқын төмендеуіне әкеледі.

Гиперкортицизмді емдеу кезінде дәрілік терапияны жеке және өзара тәсіл ретінде қолдануға болмайды. Гиперкортицизмнің негізгі емдеу тәсіліне (нейрохирургиялық ота, сәуле терапиясы, адrenaлэктомия, біріктірілген терапия) дайындау барысында дәрілік терапиясы ұсынылады.

Симптоматикалық емделуге гипотензивті, зәр айдағыш, қант төмендететін препараттары, жүрек гликозидтері, биостимуляторлар және иммуномодуляторлар, антидепрессанттар немесе седативті заттар, дәрумен терапиясы, остеопороздың дәрілік терапиясы қолданылады. Міндетті түрде нәруызды, минералды, көмірсулы алмасулардың орнын толтырылуы қажет.

Гипокортицизм терапиясы

Емдеу тәсілін таңдауы, алдымен аурудың шығу себебіне байланысты және екі мақсаты бар:

- бүйрек үсті безі жетіспеушілігінің себептерін жою (туберкулезді, санырауқұлақ ауруларын, мерезді дәрілік емдеу; гипоталамус пен гипофиз аймағындағы қатерлі ісікке қарсы сәуле терапиясы; қатерлі ісікті отамен алып тастау, аневризма);

- гормональді тапшылықтың орнын басу (бүйрек үсті безінің қайтымсыз үдерісі болғанда, гипокортицизмде бүйрек үсті безінің қыртысты бөлімінің гормондарымен орын басу терапиясы тұрақты және өмір бойы өткізіледі).

Бүйрек үсті безінің жедел жетіспеушілігін емдеу

- ◇ Глюкокортикоидты қатардағы препараттар. Гидрокортизонды жоғары бағалаған дұрыс. Ол к/т ағымды, тамшылатып, б/е енгізіледі. Әдетте енгізудің барлық үш тәсілі қолданылады. Гидрокортизон сукцинатынан бастайды, 100–150 мг к/т ағымды. Препараттың осындай мөлшерін 500 мл натрий хлоридтің изотоникалық ерітіндісінде және 5% глюкоза ерітіндісінде бірдей мөлшерде, 3–4 сағат бойы 40–100 там./мин жылдамдығымен тамшылатып енгізіледі. Бір мезетте б/е препараттың суспензиясын 50–75 мг әр 4–6 сағат сайын енгізеді. Доза жағдайдың ауырлығына, қан қысымының көтерілу динамикасына және электролитті бұзылыстың қалпына келтіруіне байланысты. Гидрокортизонның жалпы мөлшері алғашқы тәулігінде 400–600 мг-нан 800–1000 мг-ға дейін құрайды, кейде одан да көп. Гидрокортизонды науқасты коллапстан шығуына дейін және АҚ 100 мм сын.бағ. жоғарылағанға дейін к/т енгізеді, сосын оны б/е тәулігіне 4–6 рет 50–75 мг мөлшерден біртіндеп 25–50 мг-ға дейін төмендетеді және енгізу арақашықтығын 5–7 күн бойы тәулігіне 2–4 рет ұзартады. Осыдан кейін науқасқа преднизолонды (10–20 мг/тәулігіне) кортизонмен (25–50 мг/тәулігіне) біріктіріп, пероралды емдеуге көшіріледі.
- ◇ Минералокортикоидтар — флудрокортизон.
- ◇ Инфузионды терапия жалпы қабылданған тәсілдер бойынша ОВҚ-мен сағаттық диурездің бақылауы жүзеге асырылады (алғашқы күндері инфузияның ең төменгі көлемі 2,5–3,5 л ге дейін), қажетті кезде — полиглюкин 400 мл мөлшерде, плазма.
- ◇ Симптоматикалық терапия.

Бүйрек үсті безінің созылмалы жетіспеушілігін емдеу. Синтетикалық гормондармен орнын басу терапиясы БҮБСЖ ауыратын науқастарда өмірге қажетті және ешқандай жағдайларда токтатуға мүмкін емес (26-кесте).

Клиникалық тәжірибеде гидрокортизон (кортизол), кортизон ацетаты мен олардың жартылай синтетикалық туындылары

қолданылады. Соңғылары өз кезегінде фторланбаған (преднизон, преднизолон, метилпреднизолон) және фторланған (триамцинолон, дексаметазон және бетаметазон) болып бөлінеді.

26-кесте. Бүйрек үсті безінің созылмалы жетіспеушілігінің терапиясы

Этиотропты	Патогенетикалық	Симптоматикалық
Медикаментозды (туберкулез, сепсис, саңырауқұлақты аурулардың және т.б. терапиясы)	Глюкокортикоидтар (гидрокортизон, кортизон ацетаты, преднизолон)	Диетотерапия
Сәулелі (гипофиздің, гипоталамустың ісіктері)	Минералокортикоидтар (флудрокортизон)	Дәрумен терапиясы
Хирургиялық (ісіктерді аневризмаларды және т.б. алып тастау)	Анаболикалық стероидтар (ретаболил, феноболил, силаболил)	

Бірінші реттік бүйрек үсті безінің жетіспеушілігін емдеу глюкокортикоидты және минералокортикоидты препараттарымен жүргізіледі.

Екінші реттік бүйрек үсті безінің жетіспеушілігінің гормоналды емдеуі тек қана глюкокортикоидтармен жүргізіледі, себебі альдостеронның секрециясы сақталған.

Әр түрлі стресті факторларда (жарақат, ота, инфекция және т.б.) кортикостероидтардың мөлшері 3–5 есе жоғарылайды, жүктілік кезде гормондардың аздап жоғарылауы тек қана жүктіліктің екінші триместрінде мүмкін.

Анаболикалық стероидтарды (нераболил, ретаболил) бүйрек үсті безінің созылмалы жетіспеушілігі кезінде ер адамдарда, әйелдерде де жылына 3 рет курсымен тағайындалады.

Гипокортицизммен ауыратын науқастарға нәруыздармен, көмірсулармен, майлармен, натрий тұздарымен, В және С дәруменімен байытылған, бірақ калий тұздары шектелген диеталарды сақтау ұсынылады.


ЖЫНЫС БЕЗДЕРІ

Атабезі

Аталық без (*testis*, грекше — *orchis*) — ұмада орналасқан жұп мүше; оның ішінде сперматозоидтар мен ерлердің жыныс гормондары өндіріледі (андрогендер). Аталық бездің беттері: медиалді беті — тығыздалған; латералді беті — шығыңқы болып келеді. Аталық бездің қабырғалары: алдыңғы қабырғасы — бос; артқы қабырғасы жұмыртқа қосалқыларымен бітiскен. Аталық бездің аяқтамасы: жоғарғы аяқтамасы қосалқы басымен бітiскен; төменгі аяқтамасы. Аталық без қақпасы — аталық бездің артқы қабырғасының бөлігі, ол жерге қан тамырлар, жүйкелер және аталық безден шығатын түтікшелер орналасады. Аталық без ақ қабықшамен жабылған, ол аталық без қабықшасының висцералді жапырақшасымен біріккен (71-сурет).

→

71-сурет. Ерлердің жыныстық мүшелері (аталық без, ұрық шығарғыш өзек, қуық асты безі, ұрық көпіршіктері, бульбоуретралдық бездер, ерлер мүшесі). Кесте: 1 – қуық; 2 – ұрық көпіршіктері (оң жақ); 3 – ұрық шығарғыш өзек; 4 – несеп шығарғыш өзектің жарғақты бөлігі; 5 – ерлер мүшесінің аяқшасы; 6 – ерлер мүшесінің пиязшығы; 7 – ұрық шығарғыш өзек; 8 – ерлер мүшесінің торлы денесі; 9 – ерлер мүшесінің кеуекті денесі; 10 – аталық бездің қосымшалары; 11 – аталық бездің шығарғыш түтікшелері; 12 – аталық без торлары; 13 – тік ұрық шығарғыш түтікшелер; 14 – ирек ұрық түтікшелері; 15 – аталық бездің нәруыздық қабықшасы; 16 – төменгі бұратын көздер; 17 – ерлер мүшесінің басы; 18 – бульбоуретралды бездер; 19 – қуық асты безі; 20 – ұрық шығарғыш өзектің ампуласы; 21 – несеп ағар



Анабезі

Аналық без (*ovarium*, грекше — *oophoron*) — әйелдің жұп жыныс мүшесі, ол әйелдің жыныс жасушаларының пісіп-жетілуі мен дамуына, сондай-ақ әйелдің жыныс гормондарын өндіруге қатысады.

Голотопия: кіші жамбас қуысындағы аналық без шұңқыры аймағында орналасқан.

Синтопия: медиалді жағында жатыр орналасқан; латералді жағында — жатыр түтікшесінің ампуласы; жоғарғы жағынан — жатыр түтігі; алдынан — жатырдың жалпақ байламы. Аналық бездің беттері: медиалді беті жатырға қараған; латералді беті кіші жамбасқа жанасып орналасқан. Аналық бездің жиектері: бос жиегі (артқы) артқа бағытталған; шажырқайлы жиегі (алдыңғы) алға қарай бағытталған және жатырдың артқы жалпақ байламының жапырақшасымен біріккен; жатыр қақпасы — аналық бездің шажырқай аймағына кіретін тамыр мен жүйкелер (72-сурет).


Аналық без соңдары: түтіктік (жоғарғы) жатыр түтігіне жанасқан; жатырлық (төменгі) жатырмен жұмыртқаның меншікті байламы арқылы қосылған.

Жыныс бездерінің физиологиясы

Аталық жыныс бездері

Аталық жыныс бездерінде сперматогенез процестері сперматогендік эпителиалды жасушалар қызметтері арқылы атқарылады және аталық жыныс гормондары (андрогендер) ұрық жолының интерстициалды ерекше тіндері — гландулоциттерде (Лейдиг жасушалары) жасалады. Аталық жыныс гормондарының аз мөлшері бүйрек үсті бездерінің қыртыс затының торша аймағында жасалынады. Андрогендерге бірнеше стероидты гормондар жатады, олардың арасындағы ең маңыздысы — тестостерон. Бұл гормонның түзілуі ерлердің бірінші және екінші белгілерінің адекватты дамуын қамтамасыз етеді (маскулиниздеуші нәтиже), нәруыздардың синтезін күшейтеді (анаболикалық нәтиже), бұл кезде өсу үдерісі, физикалық дамуы жылдамдайды, бұлшықет массасы ұлғаяды.

Тестостерон қаңқаның қалыптасу үдерісіне әсер етеді — сүйектің нәруызды матрикасының пайда болуын жылдамдатады,



72-сурет. Аналық без, жатыр, жатырдың түтігі және қынаптың жоғарғы бөлігі (кесіндісі). Артқы беті: 1 – жатыр түбі; 2 – жатыр денесі; 3 – түтіктің жатырлық тесігі; 4 – жатыр түтігінің мойыншығы; 5 – аналық бездің қосымшалары; 6 – жатыр түтігінің ампуласы; 7 – жатыр түтігінің қақпасы; 8 – жатыр түтігінің шашақтары; 9 – аналық бездің ұстап тұратын байлам; 10 – аналық без; 11 – аналық бездің жұмыр байламы; 12 – жатырлық артерия; 13 – қынап; 14 – жатырдың тесігі; 15 – жатыр мойнының қынаптық бөлігі; 16 – жатыр мойнының қынап үстілік бөлігі; 17 – жатырдың жалпақ байламы; 18 – аналық бездің меншікті байламы; 19 – аналық бездің шажырқайы; 20 – жатыр түтігінің шажырқайы; 21 – жатыр қуысы


онда кальций тұздарының жинақталуын күшейтеді. Нәтижесінде сүйектің өсуі, жуандығы және нақтылығы өседі. Тестостеронның көп мөлшерде түзілуі зат алмасуды арттырады, қандағы эритроциттер санын жоғарылатады.

Балаларда 10–11 жасына дейін жұмыртқаларында белсенді гландулоциттер (Лейдиг жасушалары) болмайды. Бірақ бұл жасушалар тестостеронның секрециясы құрсақтық даму кезінде атқарылады және нәрестелерде туғаннан кейін бір апта ішінде сақталады. Бұл жағдай хориондық гонадотропиннің белсендіруші әсерімен байланысты, оны плацента түзеді.

Аналық жыныс бездері

Аналық жыныс бездерінде (жұмыртқаларда) эстрогендер (эстрон, эстродиол, эстриол) және прогестерон түзіледі. Бұл гормондардың секрециясы белгілі циклдығымен сипатталады, етеккір циклі кезінде гипофизарлы гонадотропиндердің түзілуінің өзгерістеріне байланысты (73-сурет). Эстрогендер жұмыртқалардан басқа аз мөлшерде бүйрек үсті бездерінің қыртыс затының торша аймағында түзіледі. Бұл гормон топтарының ең белсенді түрі — β -эстродиол. Эстрогендердің әсерінен бірінші және екінші ретті әйелдердің жыныстық белгілерінің дамуы артады. Жыныстық даму кезінде жұмыртқалардың, жатырдың, қынаптың мөлшері үлкейеді, осыған қоса сыртқы жыныс мүшелердің, эндометрийдің пролиферация үдерістері және бездердің өсуі артады, сүт бездерінің дамуы белсендіріледі, нәтижесінде олардың өлшемі жоғарылайды, олардың сүт ағымдарының қалыптасуы жылдамдайды. Эстрогендер қаңқаның дамуына остеобластардың белсенділігін арттыру арқылы, бірақ та эпифизарлы шеміршекке әсер ету арқылы канка сүйектерінің ұзындыққа өсуі тежеледі. Бұл гормондар әсері нәруыздардың биосинтезін арттырады, майлардың түзілуі артады, олардың артық мөлшері тері астында жинақталады, нәтижесінде әйелдер дене пішіні ерекшеліктерін қамтамасыз етеді. Эстрогендердің әсерінен әйелдер типі бойынша шаштың өсуі көрінеді: тері жұқа және тегіс болады, сонымен қатар терінің васкуляризациясы жақсарайды.

Прогестерон сары дененің гормоны болып табылады, оның түзілуі етеккір циклының аяғында артады. Прогестеронның негізгі маңызы — ол эндометрийді ұрықтандырылған жұмыртқа



73-сурет. Етеккір циклының және жүктіліктің нейрогуморальді реттелуі

жасушасының имплантациясына дайындау. Бұл гормон әсерінен эндометрийі жасушаларының пролиферациясы және секреторлық белсенділігі жоғарылайды, цитоплазмаларында липидтер және гликоген жинақталады, васкуляризация жоғарылайды. Сүт бездерінде пролиферациясы және секреторлық белсенділігінің арту нәтижесінде олардың өлшемдері өседі.

Релаксиндер — инсулиндер топтарының пептидті гормондары, оларды сары дене мен цитотрофобластар жасушалар түзеді, жүктілік кезінде миометрияның бірыңғай салалы еттеріне босатушы әсер етеді, сонымен қатар босанар алдында құрсақтық қасаға симфизі мен жатыр мойынының жұмсаруына әкеледі.

Босану кезінде эстрогендердің түзілуі біраз жоғарылайды, ол плацентаның гормоналды белсенділігіне байланысты.

Жыныс бездері және олардың патологиясы

27-кесте. Жыныс бездері патологиясының негізгі түрлерінің себептері мен көріністері (Тель Л.З., Серебровская И.А., 1995)

Түрлері	Көріністері	Себептері	
		Эндогендік	Экзогендік
Гипергонадизм	Уақытынан ерте жыныстық жетілу (жас балаларда)	1. Эпифиздің зақымдалуы. 2. Жыныс бездерінің өспелері. 3. Гипоталамо-гипофизарлық жүйенің бұзылыстары. 4. Бүйрек үсті безінің қыртысты қабатының өспелері	Акушерлік және гинекологиялық патология (әйелдерде)
Гипогонадизм	1. Ерте дамыған гипосекреция. 2. Евнухоидизм. 3. Инфантилизм. 4. Ересектердегі гипосекрециясы	Туа біткен (жатыр ішілік дамиды). 1. Гендік мутациялар. 2. ХО ХХУ ХХХ. 3. Гермафродитизм	1. Нәруыздық ашығу. 2. Гиповитаминоз. 3. Жұқпалар. 4. Алкоголизм. 5. Гипоталамо-гипофизарлық жүйенің бұзылыстары. 6. Гипотиреоз. 7. Крипторхизм

Жыныс бездерінің патологиясын емдеу қағидалары

Гипогонадизм терапиясының қағидалары

Әрбір жағдайда терапия клиникалық көріністерді және қан сарысуындағы тестостерон деңгейін толық қалпына келтіруі тиіс. Біріншілік гипогонадизмде терапияның тек бір түрі мүмкін — экзогенді андрогенді препараттармен (орын басу) терапиясы. Біріншілік гипогонадизмде бедеуліктің медикаментозды терапиясы мүмкін емес (28-кесте).

28-кесте. Қолданылу тәсілдері бойынша андрогенді препараттардың жіктелуі

Препараттар тобы	Химиялық атауы	Дозасы
Инъекциялы түрлері	Әсері қысқа: • тестостерон пропионаты. Әсері орташа: • тестостерон энантаты; • тестостерон ципионаты; • тестостерон эфирлерінің қосындысы. Әсері ұзақ: • тестостерон ундеканоаты; • тестостерон буциклаты	2–3 тәул., 1 рет б/е әр 2–4 аптада 200–400 мг әр 3–4 аптада 200–400 мг әр 2–3 аптада 250 мг 3 айда 1 рет 1000 мг әр 12–16 аптада, 1000 мг б/е
Пероралді түрлері	Флуоксиместерон метилтестостерон тестостерон ундеканоаты буккалді таблеткалар	5–20 мг күнделікті 10–30 мг күнделікті 120–200 мг күнделікті 30 мг күніне 3 рет
Тері астына арналған түрлері	Тестостеронның импланттары	Әр 6 айда 1200 мг
Трансдермальді түрлері	Тестостерон гелі тестостероны бар пластырь тестостерон кремі дигидротестостерон гелі	Күнделікті 25–75–100 мг күнделікті 2,5–7,5 мг күнделікті жеке 10–15 мг

Екіншілік гипогонадизмде екі тәсілі болуы мүмкін — эндогенді тестостеронның секрециясын қарқындалтуға бағытталған, экзогенді препараттармен және хорионды гонадотропинмен белсендіру терапиясы (29, 30-кестелер).

Егер сперматогенезді қалпына келтіру қажет болса, гонадотропиндермен терапиясының артықшылығы кейбір жағдайларда

сперматогенезді жақсарту немесе қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Гипогонадизмнің барлық туа біткен түрлерінде терапия өмір бойы жүргізіледі.

29-кесте. Екіншілік гипогонадизмді емдеуде қолданылатын хориондық гонадотропиннің препараттары

Препараттың атауы	Дозасы
Хориондық гонадотропин	500, 1000, 5000 ӨБ 1 флаконда
Бигонадил	200, 500 ӨБ 1 флаконда
Хорагон	1500, 5000 ӨБ 1 флаконда
Гонадотрофен	50, 200, 10 000 ӨБ 1 флаконда
Прегнил	100, 500, 1500, 3000 ӨБ 1 флаконда
Профази	500, 1000, 2000, 5000 ӨБ 1 флаконда

30-кесте. Хориондық гонадотропин және андрогенмен орын басу (АОТ) терапиясында тестостерон препараттарымен салыстырмалы сипаттамасы

Көрсеткіштері	Хориондық гонадотропин	Тестостерон препараттары
Көрсеткіштері	Тек екіншілік гипогонадизм	Біріншілік және екіншілік гипогонадизм
Тестостерон синтезіне ықпалы	Резервті қызметінің сақталуында эндогенді тестостеронның өндірілуінің белсенуі	Эндогенді тестостеронның жеткіліксіздігін экзогенді орын басу
Спермагенезге ықпалы	тежемейді	АОТ өткізу барысында қайтымды тежеу
Тестикулаларға ықпалы	Ұрық бездің көлемінің төмендеуіне әкелмейді	Инъекциялы түрлерді қолдануда ұрық бездің көлемі төмендейді

Тестостерон препараттарымен орын басу терапиясының қарсы көрсеткіштері

- ◇ Абсолютті қарсы көрсеткіштер.
 - Аталық без ісігі.
 - Сүт безінің ісігі.
 - PSA деңгейінің белгісіз этиологиясының жоғарылауы.
 - Төменгі несеп шығару жолдарының обструкцияның айқын симптомдары, аталық бездің қатерсіз гиперплазиясына байланысты, IPSS шкаласы бойынша 19 баллдан көп.
 - Жүрек жетіспеушілігінің ауыр ағымы (III және IV функционалдық класы).

- ❖ Салыстырмалы қарсы көрсеткіштер.
 - Түнгі апноэ синдромы.
 - Полицитемия (эритроцитоз гематокриттен 50% көп).
 - Гинекомастия.
 - Сұйықтықтың шықпауы және ісінулер.
 - Сперматогенездің бұзылысы.

Тестостерон препараттарымен орын басу терапиясының жанама әсерлері

Мөлшері дұрыс таңдалғанда, тестостерон деңгейі қалыпты физиологиялық шегінде болғанда, өткізілген терапиядан жағымсыз әсерлер пайда болмайды. Көптеген жағдайда жағымсыз әсерлердің дамуы андрогенді препараттарды мөлшерден тыс қолданумен байланысты.

Осындай жағымсыз әсерлерге жатады:

- полицитемия;
- жыныстық құштарлықтың кенет күшеюі;
- приапизм;
- сұйықтықтың шықпауы және ісінулер;
- акне;
- себорея;
- андрогенді аллопеция.

Гипергонадизм терапиясының қағидалары

Гипергонадизмді емдеу осы патологияны қамтамасыз ететін себептерге байланысты:

- хирургиялық;
- қабынуға қарсы;
- сорылу және дегидратациялық терапия;
- психотерапия.

Жынысты өзгерту қажеттілігі жиі пайда болуы жасөспірім және жастық шақ кезінде психогенді депрессияларға әкелуі мүмкін, сондықтан психофармакологиялық және психотерапевттік кірісулерді үйлестіру қажет.

МОДУЛЬ «ЭНДОКРИННАЯ СИСТЕМА»

КЛАССИФИКАЦИЯ ЭНДОКРИННЫХ ЖЕЛЕЗ

Эндокринная система — это совокупность желез внутренней секреции, вырабатывающих гормоны (от греч. *hormao* — побуждаю, возбуждаю) и биологически активные вещества. Эндокринные железы (*glandulae endokrinae*) не имеют выводных протоков — они выделяют секретируемые продукты во внутренние среды организма (кровь, лимфу, тканевую жидкость) (рис. 1).

Классификация эндокринных желез.

❖ По иерархическому принципу:

- центральные (гипоталамус, эпифиз и гипофиз) — контроль за деятельностью других желез;
- периферические — контроль за функциями организма. Они делятся на 2 группы:
 - аденогипофиз-независимые — кальцитониноциты щитовидной железы, паращитовидная железа, мозговое вещество надпочечников, островки поджелудочной железы, тимус, клетки диффузной эндокринной системы;
 - аденогипофиз-зависимые — щитовидная железа, кора надпочечников, гонады.

❖ По источнику развития:

- из энтодермы:
 - бранхиогенная группа — из эпителия глоточных карманов — щитовидная, паращитовидная железы, тимус;
 - островки Лангерганса;
 - клетки диффузной эндокринной системы желудочно-кишечного тракта (ЖКТ) и воздухоносных путей;
- из нейро- и эктодермы:
 - мозговые придатки — гипоталамус, гипофиз, эпифиз;
 - мозговое вещество надпочечников, параганглии;




Рис. 1. Расположение эндокринных желез в теле человека. Схема: 1 – гипофиз и эпифиз; 2 – паращитовидные железы; 3 – щитовидная железа; 4 – надпочечники; 5 – панкреатические островки; 6 – яичник; 7 – яичко

- кальцитониноциты щитовидной железы;
- клетки Меркеля эпидермиса и эпителия волосяных фолликулов;
- из мезодермы и мезенхимы:
 - корковое вещество надпочечников;
 - половые железы;
 - секреторные кардиомиоциты;
 - юкстагломерулярный аппарат ЮГА.
- ❖ По уровню структурной организации:
 - эндокринные органы (щитовидная и паращитовидная железы, надпочечники, гипофиз, эпифиз);
 - эндокринные отделы в органах (гипоталамус, островки Лангерганса, ретикулоэпителий и тельца Гассала тимуса, клетки Сертоли и фолликулярный эпителий яичника);
 - клетки диффузной эндокринной системы.

Гипоталамо-гипофизарная система

Гипоталамо-гипофизарная система — морфофункциональное объединение структур гипоталамуса и гипофиза, принимающих участие в регуляции основных вегетативных функций организма. Различные рилизинг-гормоны, вырабатываемые гипоталамусом, оказывают прямое стимулирующее или тормозящее действие на секрецию гипофизарных гормонов.

Гипоталамус — высший центр эндокринной системы. Он контролирует и объединяет эндокринные механизмы регуляции с нервными, являясь также мозговым центром вегетативной нервной системы. В гипоталамусе находятся нейроны, способные вырабатывать особые вещества — нейрогормоны, регулирующие выделение гормонов другими эндокринными железами.

Взаимосвязь эндокринной и нервной систем. Интеграция нервной и эндокринной систем осуществляется на уровне гипоталамуса. В ядрах переднего и среднего гипоталамуса содержатся секреторные нейроны, совмещающие функции нервной и эндокринной клетки.

Гипоталамус: передний, средний и задний отделы

Передний — супраоптические (пептидхолинергические нейроны — антидиуретический гормон АДГ или вазопрессин) и паравентрикулярные ядра (окситоцин). Аксоны супраоптических ней-

роцитов через гипофизарную ножку идут в нейрогипофиз и образуют аксовазальные синапсы (накопительные тельца Геринга).

Средний гипоталамус ≈ 30 ядер (аденогипофизотропные рилизинг-гормоны): либерины — повышают секрецию гормонов аденогипофизом и статины, тормозящие ее. Гормоны попадают в сосуды первичной капиллярной сети медиальной эминенции, а затем в аденогипофиз (рис. 2).

Гипофиз

Гипофиз, или нижний придаток мозга, относится к центральному звену эндокринной системы и связан с гипоталамусом.

Гипофиз расположен в одноименной ямке турецкого седла клиновидной кости; сверху от остальных отделов головного мозга он отделен диафрагмой седла, пластинкой твердой мозговой оболочки, натянутой между передними наклоненными отростками, и задними наклоненными отростками клиновидной кости; в центре диафрагмы седла имеется отверстие, через которое проходит воронка, соединяющая гипофиз с серым бугром. Гипофиз — непарное образование округлой или овоидной формы, серовато-красного цвета; средние размеры гипофиза: поперечный — 12–15 мм, переднезадний — около 10 мм; масса железы составляет 0,5–0,6 г; гипофиз вместе с гипоталамусом составляет гипоталамо-гипофизарную нейросекреторную систему; гипофиз состоит из двух разных по происхождению и строению органов, находящихся в тесном соприкосновении: аденогипофиза и нейрогипофиза; у детей они отделены друг от друга различимой щелью, а у взрослых — слоем фолликулов; аденогипофиз представляет собой более крупную переднюю долю, слабо развитую среднюю долю и нейрогипофиз, так как в ней нет секреторных клеток (рис. 3).

Части аденогипофиза:

- дистальная часть, представлена основной массой передней доли (70–80% всей массы железы);
- бугорная часть, составляющая верхний участок передней доли, распространяющийся на переднюю и боковые поверхности воронки, которая связана с серым бугром гипоталамической области;




Рис. 2. Регуляторные взаимодействия между гипоталамусом, аденогипофизом и периферическими железами внутренней секреции: стимулирующие влияния; ингибирующие влияния; влияния эффекторных гормонов на клетки-мишени




Рис. 3. Схема взаимоотношений гипофиза с гипоталамусом. Стрелками показаны направления действия гормонов гипофиза на другие железы внутренней секреции и некоторые органы: 1 – передняя доля гипофиза; 2 – портальная (воротная) вена гипофиза; 3 – ядра гипоталамуса; 4 – серый бугор (капиллярная сеть); 5 – воронка гипоталамуса; 6 – воронка задней доли гипофиза; 7 – задняя доля гипофиза

- промежуточная часть (промежуточная доля), расположена на границе с задней долей, составляя 2% от общего объема гипофиза.

Нейрогипофиз (задняя доля гипофиза) связана с воронкой и серым бугром собственно гипоталамической области (гипоталамус): задняя доля гипофиза является необычным компонентом эндокринной системы, так как в ней нет клеток (рис. 4).

Функции гипофиза:

- регуляция аденогипофиз-зависимых эндокринных желез;
- накопление вазопрессина и окситоцина;
- регуляция пигментного и жирового обмена;
- синтез гормона, регулирующего рост организма.

Передняя доля из эпителиальных тяжей — трабекул, между ними — фенестрированные капилляры. Хромофобные (главные) аденоциты преобладают. Хромофильные аденоциты по периферии трабекул делятся на оксифильные и базофильные (рис. 5).

Оксифильные аденоциты:

- соматотропоциты — усиливают деление клеток и их рост;
- лактотропоциты — увеличивают рост молочной железы при беременности и секрецию молока после родов, способствуют образованию желтого тела.

Базофильные аденоциты (ШИК+):

- *тиротропоциты* (тиреотропный гормон ТТГ) — треугольной формы с мелкими гранулами — ↑ выработку гормонов щитовидной железой;




Рис. 4. Общее строение гипофиза: 1 — передняя доля; 2 — промежуточная доля; 3 — задняя доля. Окраска гематоксилин-эозином



Рис. 5. Клетки аденогипофиза: 1 – хромофобные аденоциты; 2 – ацидофильные клетки; 3 – базофильные клетки; 4 – гемокапилляр

- *гонадо트로поциты* — круглой формы, с лежащим эксцентрично ядром. Базофильных гранул нет в области макулы у ядра:
 - *фоллитропоциты* (фоллитропин — ФСГ) — стимулируют овогенез и синтез эстрогенов, активируют сперматогенез;
 - *лютеотропоциты* (лютропин — ЛГ) — стимулируют развитие желтого тела и выработку гормонов клетками Лейдига.

Адренокортикотропоциты (АКТГ) лежат по центру аденогипофиза, занимают промежуточное положение между базофилами и оксифилами — стимулируют секрецию пучковой и сетчатой зоной коры надпочечников (участие в адаптации к голоданию, травмам, стрессам).

Хромофобные аденоциты по центру трабекул:

- незрелые, малодифференцированные клетки, камбии для аденоцитов;
- выделившие секрет и потому не окрашивающиеся;
- промежуточная (средняя) доля гипофиза у человека развита слабо;
- меланоцитостимулирующий гормон — адаптирует сетчатку к видению в темноте, активирует кору надпочечников;

- липотропин — стимулирует жировой обмен (гипофизарное ожирение);
- нейрогипофиз.

Гормоны вазопрессин и окситоцин не вырабатываются, а накапливаются — по аксонам поступают и депонируются в тельцах Геринга. Состоит из эпендимных клеток — *питуицитов* и аксонов нейронов паравентрикулярных и супраоптических ядер.

Эпифиз

Паренхиматозный орган, капсула из рыхлой волокнистой неоформленная соединительной ткани (РВНСТ), с септами, делящими эпифиз на доли. Анастомозирующие клеточные тяжи, островки и фолликулы из *пинеалоцитов* (90%, светлые и темные) и *глиоцитов*. Светлые (главные пинеалоциты) — крупнее, преобладают (рис. 6).

Функции эпифиза

- ✧ Регуляция суточных ритмов физиологической активности, связанных с освещенностью (серотонин и мелатонин). Свет снижает функцию эпифиза, а темнота — повышает (сетчатка глаза → ретиногипоталамический тракт → спинной мозг → симпатические ганглии → эпифиз).
- ✧ Подавляет развитие злокачественных опухолей.
- ✧ ≈40 гормонов пептидной природы:
 - гормон, регулирующий обмен Са;
 - аргинин-вазотоцин, регулирующий тонус артерий и ↓ секрецию ФСГ и ЛГ;
 - антигонадотропин (у детей);
 - либерины и статины.

Нарушения функций эндокринных желез


Патогенетические пути:

- нарушение центральных механизмов регуляции функции железы (см. рис. 6);
- наличие патологических процессов в самой железе (табл. 1);

Нарушение центральных механизмов регуляции



Нарушения регуляции



Центральная нервная система



Трансгипофизарный путь

Парагипофизарный путь

Нервные импульсы




Рис. 6. Механизмы нарушений регуляции

Таблица 1. Патологические процессы в самой железе. Нарушение синтеза гормонов (Нурмухамбетов А.Н., 2004)

Деструктивные Изменения железы: опухоли; воспаление инфекционной и неинфекционной природы; нарушения кровообращения; некроз; атрофия (аутоиммунные повреждения)	Врожденные Наследственный дефект синтеза Врожденные аномалии развития железы	Приобретенные Токсические; лекарственные (метирапон → гипокортицизм; мерказолил → гипотиреоз); алиментарные (чрезмерно избыточное потребление пищевых продуктов: репы, редьки, кабачков и т.д. угнетает синтез тиреоидных гормонов); дефицит субстратов, необходимых для синтеза гормонов (йода, цинка)	Блокада в периферических железах рецепторов тропных гормонов гипофиза аутоантителами
---	---	---	--

- нарушение внежелезистых и периферических механизмов действия гормонов (рис. 7).

Регулирующим параметром, как правило, является концентрация гормонов в крови. Иногда регулирующим параметром служит не концентрация гормона, а содержание регулируемого вещества (глюкоза, кальций, натрий, калий и т.д.).

Нарушения функции эндокринных желез называют **эндокринопатиями**.

- ✧ **Моноглангулярные** (поражение одной железы).
- ✧ **Плюриглангулярные** (дисфункция многих желез):
 - гипоталамо-гипофизарные плюриглангулярные эндокринопатии развиваются вторично как следствие тотальной недостаточности гипофиза и проявляются в виде гипотиреоза, гипокортицизма, гипогонадизма (табл. 2, 3);
 - при аутоиммунном плюриглангулярном синдроме аутоантитела поражают несколько желез внутренней секреции, имеющих общие или сходные антигены (сахарный диабет 2-го типа, аутоиммунный тиреодит, гипопаратиреоз и гонадно-надпочечниковая недостаточность — аутоиммунный синдром Шмидта);




Рис. 7. Нарушение внежелезистых и периферических механизмов действия гормонов

Таблица 2. Этиология и проявления основных форм нарушений функций аденогипофиза (Фролова В.А., 2003)

Форм патологии	Этиология	Клинические проявления
Тотальный гипопитуитаризм		
Гипофизарная кахексия, болезнь Симмондса	Гормонально неактивные аденомы аденогипофиза, послеродовые некрозы, тромбоз сосудов аденогипофиза, кровоизлияния, инфекции, интоксикации, длительное голодание, поражение гипоталамуса	Резкое истощение, преждевременное старение, тяжелые обменно-трофические расстройства, нарушения функции периферических гипофиз-зависимых эндокринных желез, диспепсические расстройства, артериальная гипотензия
Болезнь (синдром) Шихена	Выраженная кровопотеря во время родов, сопровождающаяся спазмом сосудов аденогипофиза и его некрозом	Те же, что и при болезни Симмондса, но менее выраженные

Продолжение табл. 2

Форм патологии	Этиология	Клинические проявления
Парциальный гипопитуитаризм		
Гипофизарная карликовость (гипофизарный нанизм)	Патологические процессы у матери во время беременности, сопровождающиеся недостаточным образованием соматотропина и гонадотропинов на стадии внутриутробного развития, часто в сочетании с гипотиреозом	Задержка роста, раннее прекращение физического развития, морщинистое лицо, внешность «старообразного юнца», недоразвитие половой системы (половых желез, вторичных половых признаков, возможно, бесплодие)
